



# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Бірінді, қазақ, бірін дос,  
Көрмесен, істің бәрі бос!»

12+



№40 (3986), 10 қазан, 2025 жыл


1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz



## КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ҚАЙРАТҚЕРІ ЖҰМАБАЙ ШАШТАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ

### САН ҚЫРЛЫ, ТАҒДЫРЛЫ ТҰЛҒА



Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, композитор Иса Байзақовтың туғанына 125 жыл толуына арналған конференция өтті.

Аталған жиынға Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Отарбаев Мәлік Нұржанұлы, Ертіс ауданының әкімі Нығман Мүтәләпұлы және зерттеуші-ғалымдар, университет профессорлары қатысты.

Мәлік Нұржанұлы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып, Иса Байзақовтың немересі Құралай Байзақоваға табыстады. Нығман Мүтәләпұлы елдің ыстық ықыласын білдіріп, ақын немерелеріне құрмет көрсетті. Кеш модераторы Бауыржан Жакып қаламгер жайында тың деректер келтіріп, баяндама жасап, Жазушылар одағы атынан сый-сыяпатын ұсынды.

Конференция ұлт руханиятына өлшеусіз еңбек сіңірген ақын мұрасын дәріптеуге бағытталды. Оған Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Б.Қанапиянов, профессор Ж.Дәдебаев, академик М.Әбусейітова, жазушы А.Жаксыбаевтың жары Қ.Әубәкірова, профессор Р.Құсайынова қатысты. Кеш барысында Иса Байзақовтың «Поэмы» (орыс тілінде), М.Байзақованың «Порыв вдохновенный», «Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген «Иса Байзақов» кітаптары таныстырылды. Ол тек ақын ғана емес, қазақтың ән-күй өнерін зерттеп, қазақ театрының қалыптасуына үлес қосқан, ұлттық құндылықтарды насихаттаған ерекше тұлға.

Кездесу барысында ақынның әдебиеттегі өзіндік орны, қаламгерлік қыр-сыры жайында зерттеуші-ғалымдар, әдебиетшілер, автордың немерелері әдемі әңгіме өрбітті.

### «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН!

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз - 2026

«Қазпошта» АҚ бойынша

Жеке жазылушыларға:  
Қалаларда:  
1 айға – 925,82 т.  
3 айға – 2 777,46 т.  
6 айға – 5 554,92 т.  
12 айға – 11 109,84 т.

Аудандар мен ауылдарда:  
1 айға – 925,82 т.  
3 айға – 2 777,46 т.  
6 айға – 5 554,92 т.  
12 айға – 11 109,84 т.

Кәсіпорындар мен ұйымдарға:  
Қалаларда:  
1 айға – 1918,53 т.  
3 айға – 5 755,59 т.  
6 айға – 11 511,18 т.  
12 айға – 23 022,36 т.

Аудандар мен ауылдарда:  
1 айға – 1720,82 т.  
3 айға – 5 162,46 т.  
6 айға – 10 324,92 т.  
12 айға – 20 649,84 т.

Егер «Қазпошта» бөлімшелеріне барып жазылуға уақытыңыз болмай жатса, газетімізге «Kaspi Gold» арқылы (8 775 262 39 98 Молдир Р.) жазыла аласыз. «Kaspi Gold» арқылы ақша аударар кезде, «Сообщение получателю» деген жолаққа кімге екенін (толық аты-жөніңізді), қайда екенін (облыс, аудан/қала, ауыл, көше, үй нөмірі, индекс және ЖСН (ИИН) нөмірін) нақтылап көрсетуді ұмытпаңыз немесе осы нөмірге қоңырау шалып, ескерте салыңыз.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,  
Қазақстан Жазушылар  
одағы Басқармасының  
төрағасы

Түркі  
әлемінің  
рухани  
тұтастығына  
тың серпін



Әзербайжан Республикасының Габа-  
ла қаласында өткен Түркі мемлекеттері  
ұйымының XII саммитінде Мемлекет  
басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев  
бүкіл түркі жұртына ортақ тағдыр мен тари-  
хи сабақтастықтың маңызын тағы бір мәрте  
атап өтті.

Президентіміздің «Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді»  
деген сөз бар. Шын мәнінде, өнер, білім, ғылым  
құндылықтары өркениетіміздің өрісін кеңейтуге ықпал  
етеді. Қазақстанда елдеріміздің зиялы қауым өкілдерінің  
басын қосып, арнайы іс-шара өткізген орынды болар  
еді» деген бастамасы — бауырлас ұлттарды жақындас-  
тыратын үлкен мәдени кадам, рухани дипломатияның  
көрінісі.

Қазақстан Жазушылар одағы бұл ұсынысты толық  
қолдай отырып, түркі мемлекеттерінің жазушылары,  
ғалымдары, өнер және мәдениет қайраткерлері бас  
қосатын ауқымды басқосудың өткізілуін аса өзекті әрі  
дер кезінде көтерілген бастама деп санайды.

Мұндай жиындар ортақ әдебиетімізді, мәдени  
мұрамызды, тарихи үндестігімізді терең танып-білуге  
жол ашады. Сондай-ақ рухани дипломатия арқылы  
халықтар арасындағы сенімді, өзара түсіністікті, мәдени  
байланысты бекемдей түседі.

Қазақстан Жазушылар одағы «Түркі әлемінің әде-  
биеті» атты тарихи-мәдени, рухани байланыстарды  
нығайту жобасын жүзеге асыруды бастап-ақ кеткен.  
Жобаның басты мақсаты — түркі елдері әдебиетінің  
ең үздік шығармаларын қазақ тіліне аударып, шығару.  
Бұл кешенді жобаның алғышарттары да жасалып  
қойған. Мәселен, республикалық «Таң-Шолпан» әдеби  
журналында жыл бойы бір түркі елінің (қырғыз әдебиеті  
— 2022 жыл, өзбек әдебиеті — 2023 жыл және әзербайжан  
әдебиеті — 2024 жыл, татар әдебиеті — 2025 жыл) көрнекті  
қаламгерлерінің шығармалары қазақ тіліне аударылып,  
оқырман ілтипатына ие болды.

Қазіргі күнде үш мемлекет — Әзербайжан, Қырғыз-  
стан, Өзбекстандағы Жазушылар одақтарымен тиісті  
меморандумдарға қол қойылып, алдын ала дайындық  
жұмыстары атқарылды. Әр елден 52 автор, барлығы  
156 қаламгер қамтылып отыр. Басқа да түркі елдерінің  
шығармашылық одақтарымен келіссөздер жүргізілуде.

2025 жылы осы жоба аясында қырғыз әдебиетінен  
Сұлтан Раевтың «Топан» романы, Арслан Қойшиевтің  
«Түқұмқұрт» романы, әзербайжан әдебиетінен Анар  
Рзаевтің «Қонақүй бөлмесі» повесі, өзбек әдебиетінен  
Хайридин Сұлтаннның «Бақыт жағалауы» кітаптары  
жарық көрмек. Ал 2026 жылы жоба аясында Ашым  
Жақыпбектің «Тинири Манасы», Мелис Абакировтың  
«Барымтасы», Самсақ Станалиевтің «Чағылгандын көз  
жашы (Найзағайдың көз жасы)» кітабы, Бекен Назар-  
алиевтің «Баткен тұтқыны», Бейшебай Усубалеевтің  
«Повесть, әңгімелері», Топчугүл Шайдуллаева мен  
Абдиламит Матисаковтың «Әңгімелер жинағы»  
басылуға дайындалып жатыр.

Бауырлас түркі елдерінің зиялы қауымын бір  
шаңырақтың астына жинайтын игі бастама түбі бір,  
туысқан халықтардың рухани ынтымақтастығының  
жаңа, жарқын кезеңіне жол ашады деген үміттеміз.  
Осыған орай, бұл игі бастаманы қолдай отырып,  
Қазақстан Жазушылар одағы жыл сайын бауырлас  
түркі елдерінің астаналарында кезекпен «Бауырлас түркі  
елдерінің әдеби форумын» өткізіп тұруды ұсынады. Біздің  
бұл ұсынысымызды барлық түркі елдерінің басшылары  
қолдайтынына сенеміз.

Біз, Қазақстан Жазушылар одағы, Мемлекет  
басшысының осы бастамасын жүзеге асыруға өз тара-  
пымыздан үлес қосуға дайынбыз.

Бауырлас елдердің рухани бірлігі бекем болсын!

# СӨЗ ӨНЕРІ:

3 қазанда Қазақстан Жазушылар одағының  
ұйымдастыруымен, Алматы қаласы  
әкімдігінің қолдауымен «Сөз өнері: Ұлттық  
әдебиеттің даму болашағы» атты халықаралық  
әдеби форум өтті. Айтулы жиынға  
Қырғызстан Республикасынан, Өзбекстан  
Республикасынан ақын-жазушылар мен  
әдебиеттанушылар, отандық қаламгерлер,  
сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдар  
қатысты. Форум жұмысын кіріспе сөз сөйлеп  
ашқан Қазақстан Жазушылар одағының  
Басқарма төрағасы Мереке Құлкенов жүргізіп  
отырды.

Мереке Әбдешұлы өз сөзінде халықаралық форум — ба-  
уырлас халықтардың рухани туыстығының, әдеби бірлігінің  
айшықты көрінісі екенін атап өтіп, Қазақстан Жазушылар  
одағының түркітілдес елдердің әдеби байланысын нығай-  
туда атқарып жатқан жұмыстарына тоқталды.

— Қазақстан Жазушылар одағы — ел руханиятының  
тірегі, ұлттық әдебиеттің дамуына, қаламгерлер буынының  
сабақтастығына үлес қосып келе жатқан шығармашылық  
ұйым. Бүгінде Қазақстан Жазушылар одағы жас таланттар-  
ды қолдау мен әдеби үдерісті

жаңа бағытта дамытуға  
баса назар аударып отыр.  
Атап айтқанда, «Қазақ-  
стан Жазушылар одағы му-  
шелігіне үміткер» жобасын  
жалғастырып, 20 жасқа  
дейінгі жастарды ынта-  
ландыру мақсатында түрлі  
шығармашылық байқау-  
ларды, шеберлік дәрістерін,  
әдеби кештерді тұрақты  
түрде ұйымдастырып кел-  
еміз. Одақ жанынан  
құрылған жанрлық кеңес-  
тер оқырмандарға арналған  
мазмұнды шығармаларды  
насихаттау, авторларды  
қолдау бағытында жүйелі  
жұмыстар жүргізіп отыр. Былтыр біз Мәдениет және  
ақпарат министрлігімен стратегиялық әріптестік негізінде  
әдебиетті дамытуға бағытталған бірқатар маңызды бір-  
лескен жобаларды қолға алған едік. Атап айтқанда, «Жаңа  
Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы», «Жазушылар-  
дың әдеби шеберлік мектебі», сондай-ақ «ТМД елдерінің  
архивтеріндегі қазақстандық жазушыларға қатысты зер-  
ттеу жұмыстарын жүргізу» сынды үш ірі жобаны жүзеге  
асыра бастадық. Бұл жобалар биыл да жалғасын табуда.  
Қазіргі таңда «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық  
панорамасының» іріктеуінен өткен 20 жас қаламгер Қа-  
зақстанның әр өңірінің әдеби келбетін қалыптастыруда.  
Ал «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» курсына биыл  
шетелдік және отандық қаламгерлермен қатар, алғаш рет  
5 бірдей ғылыми-зерттеу институтының өкілдері дәріс  
оқыды, — деді Басқарма төрағасы.

Форумның ашылуында Мәдениет және ақпарат мини-  
стрі Аида Балаеваның қатысушыларға табыс тілеген арнайы  
құттықтауы оқылды.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ  
МИНИСТРЛІГІ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«МИНИСТЕРСТВО  
КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

01.10.2025 № 01-01/659

Құрметті форум қонақтары!  
Ардақты қаламгерлер мен руханият жаныштары!

Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Жазушылар одақтарының  
қатысуымен өтіп жатқан «Сөз өнері: Ұлттық әдебиеттің даму  
болашағы» атты халықаралық форум — ортақ мұраттарымызды  
тоғыстыратын, рухани кеңістігімізді байытатын тағлымды шара. Осы игі  
басқосумен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Әдебиет — халықтың жаны, рухани тұтастығының айнасы. Біз ұлттық  
әдебиетті дамыта отырып, ұлт рухын асқақтатамыз. Әдебиет жоғалса,  
болмысымыз кемесіледі. Ұлы Абай «Әлді деуге бола ма ойлаңдаршы,  
өлмейтұғын артына сөз қалдырған деп сөз өнерінің мәңгілік өңендіні  
айшықтаса, Шыңғыс Айтматов шығармалары бүкіл өлемге түркі дүниесінің  
жанын танытты. Ал өзбек халқының кеменгері Өлішер Науаи сөздің киесін  
билке көтеріп, тұтас өркениеттің рухани шамшырағына айналды.  
Осындай ұлы тұлғалардың өнегесі бізге ұлттық әдебиеттің адамзатқа  
ортақ қазына бола алатынын анық көрсетеді.

Форумды бауырлас елдердің бірлесіп өткізуі — түркі халықтарының  
ынтымағын нығайтып, ортақ тарихтан бастау алған терең  
тамырластықтың тағы бір дәлелі. Расында да, діні бір, ділі бір, тілі жақын  
халықтардың бірлігі болашаққа деген сенімді, рухани кемелдікті  
күшейтеді. Бізді біріктіретін тек шекара емес, бізді біріктіретін ортақ сөздің  
киесі, ортақ рухтың күші.

Ұлттық әдебиеттің өркендеуі — мемлекет пен қоғамның рухани  
қуатын күшейтеді. Бұл — біздің болашақ ұрпаққа қалдыратын ең қымбат  
мұрамыз, мәңгілік аманатымыз. Сондықтан бүгінгі форумда айтылар  
тұщымды ойлар қазақ, өзбек, қырғызға және күллі түркі әдебиетінің ортақ  
келешегіне жол сілтейді! деп сенемін.

Форум жұмысына сәттілік тілеймін!

Құрметпен,  
Министр

А. Балаева

011508



редакторы Нұрлыбек Саматұлы, Алматы қаласы орталық-  
тандырылған кітапхана жүйесі директорының кеңесшісі  
Бақытжамал Оспанова сөз сөйлеп, әдебиеттің мұраты мен  
мақсаты, қазіргі ұлттық әдебиеттің даму болашағы туралы  
өзекті ойларын ортаға салды.



Әдеби форумның екінші бөлігінде еліміздің бірқа-  
тар өңірінен келген кітапханашылар бас қосты. Кездесу  
барысында шетелде тәжірибеден өткен жас мамандар  
жұмыстың жаңа кәсіби тәсілдері туралы айтып, әріптес-  
терімен ой-пікір бөлісті. Сонымен қатар облыстық кітап-  
хана директорлары өз тәжірибелерін ортаға салды. Форум  
аясында Алматы кітапханалары автономды аппараттары  
көрсетілді.

Форумға қатысушылар мен қонақтар Alatau creative hab  
орталығында жасақталған кітап көрмелеріндегі шығарма-  
лармен танысып, кітапхана қызметкерлері сирек кездесетін  
кітаптарға шолу жасады.

# ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ



## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕМІ ҰТАР ИГІ БАСТАМА

Кәдірбек СЕГІЗБАЙҰЛЫ, жазушы, ҚР мемлекеттік сыйлығының иегері

«Бармасаң, келмесең жат боласың» дейтін қазақтың макалы бар. Тұран жұрты, яғни Орталық Азиядағы ағайындар ғана емес, басқа да алыс-жақын елдер және Ресейдің біраз жұртымен кенестер кезінде жиі араласып, барып-келіп тұрар едік. Қазақ, өзбек, қырғыз сияқты ағайындас халықтардың тарихында бұл кезеңге дейін де бір-біріне көрсеткен достық қарым-қатынастары ұшан-теңіз. Ол туралы айтылып та, жазылып та жүр.

Жуырда ғана Бішкек қаласында қазақ-қырғыз зиялыларының ІХ форумы өтті. Көптен көріспеген ағайындар келелі мәселелерін қозғап, бір жырғап қалысты. Міне, бүгін Алматыда өзбек-қырғыз зиялыларының форумы өтіп жатыр. Бұл, әрине, ұмытыла бастаған қарым-қатынасты қалпына келтірудегі игілікті шара. Бүгінгі осынау шараны ұйымдастыруға мұрындық болған Қазақстан Жазушылар одағына, оны жан-жақты қолдағаны үшін Алматы қаласының әкімдігіне алғысымыз шексіз. Мұны үзіле жаздаған қарым-қатынасты қалпына келтірудегі үлкен бастама деп білеміз.

Өзбек, қырғыз жазушыларының таңдаулы шығармалары қазақ тіліне, керісінше қазақ ақын-жазушыларының таңдаулы шығармалары осы ағайындардың тілдеріне аударылып тұрса, бұдан тек әдебиет әлемі ұтар еді. Сондықтан ақын-жазушыларды ғана емес, әдебиетті бір-біріне жақындастыра түсетін ең үлкен дәнекер — аударма жұмысы және осындай әртүрлі форматтағы кездесулер, жиындар деп ойлаймын. Бұл шараларды жүзеге асыру үшін, ең алдымен, үкіметтің қамқорлығы, рухани және материалдық демеушілігі керек. Бұл — аксиома.



## РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН КҮРЕС ЖҮРІП ЖАТЫР

Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,  
жазушы, сыншы

— Көптен бері ойланып жүрген бір сұрағым бар. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романын не үшін жазды? Жазу үшін жиырма жылдай уақытын арнаған, қазақ әдебиетіндегі ең зенгір координат — «Абай жолы» данышпан хәкім үшін ғана жазылды ма? Әуезов ақын алдында, оның бар саналы ғұмырына азық болған Абай шығармашылығының алдында өзін қарыздар сезінгендіктен осы қадамға барды ма? Менің ойымша, ең алдымен, қазақ әдебиетіне роман керек болғандықтан жазушы осы тақырыпқа бел байлаған. Ол бір жалған патриоттықтан емес. «Мен жазбасам, кім жазады?» деген ішкі менмендіктен де емес.

Жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ зиялыларының бәрі роман туралы сөз айтқан. Әлихан да «Роман туралы» деген сөзінде әлемдік романистерді айта келіп, қазақ әдебиетіндегі романдар деп осы жанрдағы алғашқы қолтаңбаларды мысал етіп келтіреді. Кәсіби жазушы ретінде Әуезовті осы мәселе толғандырмалы деп айта алмас едік. Өзі ойлаған осы жанрды дүниеге әкелу үшін, Әбішше айтқанда: «...тек өз ұлтының ғана емес, өз тұсындағы бүкіл адамзаттың озық ойы мен озық эстетикасының шырқау биігіне бір-ақ самғап көтеріле алған білім, сұрапыл талантқа ие Абайдай алапат тұлға керек еді». Роман жазуға түрткі болған «жалғыз ықпал көзі сол еді деу де ақиқатқа сәкеспейтін» де шығар. Бір үлкен себебі осы деп ойлаймын.

Әр халықтың негізгі ерекшелігі, өмір сүру салты, мінезі, тіршілік болмысы негізінен роман жанры арқылы жазылды. Бүгін осы кәсіби жазушылық жоғалып бара жатқандай. «Ұзақ романдар оқылмайды» деп жал-құйрығын күзегенімізбен, бір дәуірдің суретін жасап, үлкен кейіпкер сомдау үшін роман міндетті түрде қажет. Жақсы шығармалар оқылудан қалмақ емес. Оған дәлел, бүгінге дейін жазылған классикалық романдардың әлі күнге дейін оқылып келе жатқаны.

Осы күні қазақ әдебиеті романнан кенде емес. Кейінгі шығып жатқан кітаптардың да қарқыны қатты. Бірақ олардың бағасын, көркемдік жетістігін, толайым табысын айтып, талдап, тарқатып жатқанымыз жок.

Көңіл бөлді деген сол — соңғы уақытта мемлекеттің де, жеке кәсіпкерлер арқылы Жазушылар одағы тарапынан ұйымдастырылатын бәйгелер мен жобалар жетерлік. Солардың ішінде роман жанрында көптеген кітап шықты. Мен өзім оқыған бір кітапты ерекше айтқымы келеді. Ол Мақсат Мәліктің «Абыл мен Кабыл» романы. Жақсы мен жаман дейтін ықылым заманның тақырыбын уақыттарды қатар жарыстырып, замандарды қатар салыстырып, қанша дамып, қанша дәуір өтсе де сол жақсы, жаман болмысынан арыла алмай-ақ қойған адам ханының бітіспес сұрағын жақсы берген. Әдеттегі сюжеттен, әдеттегі формадан өзгешелеу берген осы жазушы өзінің жақсы мүмкіндігін барынша пайдаланса, бүгінгі заманның ең бір жақсы романын берер еді деп ойлаймын.

Кейінгі кездері қазақ әдебиетінің енді бүршік жарып келе жатқан жазушыларының қалам тартысы, ой қуаты, ізденіс өрісі оқырман қауымды елең еткізедей. Жалғыз Шамұратованың, алдымен тәп-тәуір өлең жазып, кейін

бір жола прозаға бет қойған Есбол Нұрахметтің, алғашқы әңгімелері икы-жиқы басталып, кейінгі кезде ізденісімен де, ойымен де әңгімелерінің бағасын өсірген Досхан Жылқыбайдың, әр әңгімесімен орныққан көзқарасын, қаламгер ретінде алаңын байқата алған Әлішер Рахат пен Думан Терлікбаевтың аяқ алыстары алдындағы ағаларынан да, өз тұрғыластарынан да өзгеше деп айтар едім. Әбішше айтқанда, әйтеуір, біртүрлі өзгешелік бар. Сол өзгешеліктері одан ары бедерлене түсіп, тереңдей беріп, әдебиет көшіне сән бере түссе дейсін.

Латын Америкасының әйгілі жазушылары мен ақындары тәуелсіздік үшін күрескенде «әдебиет — қару» деп шыққан және тәуелсіздіктеріне қол жеткізген. Біздің де әдебиетте, жалпы қоғамда осы тәуелсіздік үшін күрес жүріп жатыр. Ол күрес — рухани тәуелсіздік үшін, ой азаттығы үшін күрес.

## ӘДЕБИЕТТАНУ МЕН ӘДЕБИ СЫННЫҢ АРАЖІГІ АЖЫРАТЫЛУЫ КЕРЕК

Сувонкул МИЛИЕВ,  
Өзбекстанның еңбек  
сіңірген мәдениет қызметкері,  
әдебиеттанушы-ғалым



— Көркем әдебиет пен сөз өнері пайда болған күннен бастап-ақ оған баға беріп, пікір айту да қатар өмір сүріп келеді. Бірі мұны поэтика десе, енді бірі сын дейді. Ал хазірет Науаи бабамыз «Мәжолис ун-нафоис» еңбегінде оны «нәзік мәжілістер» деп атаған. Расында да, сөз өнері мен поэзия туралы пікір айту — нәзік сезімдерді жырлаудың бір түрі.

Бұрын «Сын және әдебиеттану» деп аталған кеңес кейін «Әдеби сын» болып өзгерді. Сырттай қарағанда, мұнда тұрған айырмашылық жоқ сияқты. Егер мәнине үнілсек, әдеби сын — бір бөлек сала, ал әдебиеттану — мүлде басқа бір сала екені анық. Дегенмен екеуінің арасында табиғи байланыс бар, екеуі де әдебиет пен оның жемісі — көркем шығарма жөнінде ой толғайды.

Тәуелсіздік жылдарында әдеби сынға арналған кітаптар мен оқулықтарда, меніңше, осы екі сала — әдеби сын мен әдебиеттану ажыратылған жоқ. Оларды айырып қарау — әдеби сынның болашақтағы дамуы үшін өте маңызды. Мұны неге айтып отырмын? Себебі соңғы уақытта әдеби сынның әлсіреп, қарқынды дамып жатқан әдеби үдеріске лайықты баға бере алмай жатқаны жөнінде жиі айтылып жүр. Тіпті әсіресе сыншылар «әдеби сын өлді» дегенге дейін барады. Шын мәнінде, сын өлген жоқ. Бірақ ақсап тұрғаны — ашы шындық.

Әдебиет пен оның ажырамас бөлігі болып табылатын әдеби сын иман мен сенімнің қорғанында нық тұруы тиіс. Олай болмаған жағдайда, өз міндетін атқара алмайды, беделі мен қадір-қасиетін жоғалтады. Бұл әдеби сын мен әдебиеттануға шығарманың алға тартқан идеясына, яғни көркемдік концепциясына тереңірек назар аудару қажеттігін тудырады. Адамзаттық ұлы идеялар жоғары көркем деңгейде, өміршен бейнелер арқылы суреттелгенде ғана әдебиет жауһарлары дүниеге келген. Зұлым идея ешқашан көркем шығармаға арқау бола алмайды.



## ҰЛТТЫҚ ОЯНУҒА ҮНДЕЙДІ

Айнұр АХМЕТОВА,  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институтының жетекші  
ғылыми қызметкері, PhD



— Орталық Азия аймағының заманауи әдебиетіндегі тарихи нарративтердің бір бөлігі VI–VIII ғасырлардағы Көк түркілер қағанатына және Түркістан концепциясына қатысты жазылып келе жатқаны белгілі. Жазушылар әдеби өнімдерінде түркізмдерді қолдану арқылы қоғам санасын отарсыздандыруды көздейді және бұл әдеби үрдіс қазіргі посткөпенестік кезеңде әдебиеттің қалай дамып жатқанының бір қырын көрсетеді. Осы жағынан алғанда өзбек, қазақ және қырғыздар — Орталық Азия аймағындағы постотарлық түркітілдес халықтар саналатындықтан, қазіргі тәуелсіздік кезеңіндегі бұл үш елдің заманауи әдебиетіндегі ежелгі Көк түркілерге қатысты тарихи нарративтер мен интерпретациялардың ұсынылуын зерттеу өзекті саналатыны анық.

Көк түркілер ұғымының реинтерпретациясының тарихи оқиғалар мен деректерден ерекшелігін көрсету үшін жазушы Тұрсынхан Зәкенұлының «Мәңгітас» романы мен өзбек жазушысы Исажон Султонның «Білге қаған» романының кейбір тұстарын салыстыра қарастырғанда, көлемінде айтарлықтай айырмашылықтар болғанымен, тарихи кезеңдер мен оқиғалардың көп өзгеріске ұшырамағанын айтуға болады. Екі романда да тарихи нарративтер өзгеріске ұшырамай реинтерпретацияланған, екі жазушы да түркілердің бүгінгі ұрпағын өздерінің ата-бабасы өмір сүрген дәуірмен рухани және тарихи тұрғыда байланыстырады.

Қырғыз жазушысы, драматург Сұлтан Раев «Барс Бек» драмасында VI–VIII ғасырлардағы тарихи оқиғалар арқылы қырғыз халқының өз отанын, жерін қорғауда өр рухты қаһарман халық болғанын көрсетеді.

Қазақ авторларының Түркістан ұғымына қатысты көзқарастары XX ғасырда Түркістан жағрафиясының тұтастығы мен түркі халықтарының бостандығы үшін кеңес өкіметіне қарсы күрескен тарихи тұлғаларға арналған шығармаларда көрініс тапты.

Посткөпенестік кезеңтегі қазақ, өзбек және қырғыз қаламгерлері Одақ кезінде бұрмаланған тарих пен отарланған сана-сезімді қайта қалпына келтіруде түркізмдер мен Түркістан концепциясын интерпретациялау арқылы көркем әдебиетті отарсыздандыру құралына айналдырғаны анық. Әдеби өнім авторлары қазіргі түркі халықтарының Көк түркілер қағанатын құрған ата-бабаларының ерлігі мен мемлекет құру туралы өсиеттеріне және тарихи жеңіліс трагедияларына қатысты нарративтерді қайта ұсыну арқылы ұлттық сана-сезімге немесе ұлттық оянуға үндейді. «Білге қаған», «Мәңгітас» романдарын талдау нәтижесі әдеби формалардағы қоғамды ояту мотиві бүгінде де жалғасып жатқанын, «шындықтың көзіне тура қарағанда» және біліммен қаруланғанда ғана халықтың мәдени жады отарлық қорқыныштан арылуы мүмкін болмағанын айқындады.

# СӨЗ ӨНЕРІ: ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

(Басы 2-3 беттерде)

## ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ЖАҢА КӨРКЕМДІК САПАҒА КӨТЕРІЛДІ



**Гаухар БАЛТАБАЕВА,**  
адебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор

— Кейінгі отыз жыл ішінде жазылған прозалық туындылардағы көркемдік үлгі-өнегелер өте күрделі. Ол қаламгерлердің ұлттық ақымдағы шеберлік нақыштарымен ғана

шектелмей, әлем әдебиетіндегі көркемдік үрдістерді қазақ топырағында жаңғырта, түлете білгендігімен көңіл аудартады.

Қазақ прозасындағы антропологияның сипатын, орнаментальді, виртуальды, мистикалық прозаның, фольклорлық ой-сананың жаңаша формасын қабылдау кез келген оқырманға оңай болмасы анық. Ал әрбір жаңа образ бен көркемдік әдістің, көркем шығарма мәтіндегі және одан тыс тұрған құпияларына бойлап, сараптау — ең өзекті мәселе. Сонымен бірге қазіргі прозалық туындылардағы аллегориялық, гротескілік тәсілдерді қазақ прозасындағы тың түрендер деуге болады.

Алайда осы тұста әңгімелер мен повестерді арнайы зерттеу нысаны ете отырып, әлемдік әдебиет тәжірибесінен туындаған жаңа шығармашылық ізденістер

диссертациялық деңгейде зерттелген жоқ. Әсіресе антропологиялық (көркем және фантастикалық), орнаментальді прозаның қазақ прозасына ықпалы мен виртуальдық және мистикалық сарындардың элементтері қазақ қаламгерінің тарапынан қалай көрініс тапты дейтін мәселе жайлы ғылыми тұжырымдарға арналған еңбек жоқтың қасы.

Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасының әңгіме, повесть жанры жаңа көркемдік сапаға көтерілді. Атап айтқанда, алғашқы жылдарда бөсендік танытқан қазақ прозасы бүгінде жаңаша ізденіс, толысу, түлеу үстінде екенін көрсетіп отыр. Жаңарған проза табиғаты қазақ оқырманына тосын құбылыстарды (антропологиялық, мистикалық, виртуальдық) ұлт ұғымына сәйкес

бейнелеу тұрғысынан ерекшеленіп отыр. Ежелден ел жадына енген мұсылмандық қағида, әлеуметтік жағдай (ауыл, қала өмірі, ұлт тағдыры, т.б.), экологиялық апат тақырыптарын жаңаша берудің көркемдік амал-тәсілдері жанарған, жаңғырған сипатта екені дәлелденді.

Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеніп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Сонымен қатар ашық, айқын айтылмай келген 1986 жылғы Желтоқсан, Семей полигоны, Ауған тақырыптарында біраз сүбелі еңбектер дүниеге келді. «Дін — апын» деген атеистік идеологияның кесірінен мүлде тыйым салынған дін мәселесінде исламдық сарынмен жазылған алғашқы прозалық шығармалар легі келді.

**Абдиләмит ЖУМАШЕВ,**  
«Жетіген» журналының Бас редакторы



## КЕЙІПКЕРДІҢ ЖАН ДҮНИЕСІН БЕЙНЕЛЕУДЕ ІЗДЕНІСТЕР БАР

«Назар салған адам қазіргі өзбек әдебиетінің бейнелеу мен өрнек жүйесінде айтарлықтай араласушылық, синкретизм, стильдік шектелмеушілік бар екенін байқайды. Дәстүрлі үлгіде жазылған көркем шығармалардың күтпеген жерлерінде модернистік эпизодтар кездеседі, ал модерн философиясы мен көзқарасына негізделген жазбаларда да кейде дәстүрлі бейнелеу тәсілдері пайдаланылады. Жазбалардың жанрын анықтауда да ежелден бар талаптар әрдайым сақталмайды. Осылайша стильдік-өрнектік бағыттар арасында бұрынғыдай әдеби қарама-қайшылықтың орнына эстетикалық консолидация пайда бола бастады. Көзқарас плюрализмі баяу бейнелеу плюрализміне айналып келеді. Қазір әдеби бағыттардағы ерекшеліктен гөрі, әр жазушыдағы даралық маңызды болуда» деп жазыпты Қозокбой Йулдошев. Әдеби шығармаларды түріне қарай үшке бөліп қарастыруға болады:

Элитарлық әдебиет — нәзік талғамды оқырманға арналған;

Көпшілікке арналған әдебиет — ересек

аудиторияға бағытталған;

Эксперименттік әдебиет — сөз өнерін әр қырынан жанартуға ұмтылған туындылар.

Сонымен қатар, сандық технологиялар негізінде жасалған жасанды интеллект әдебиеті де болашақта қатарда тұруы мүмкін.

Расымен де, қазіргі таңда әңгіме жанрында да, жалпы проза жанрында да, дәстүрлі «түйін» мен «шешім» компоненттерінен бос шығармашылық бағыттар, эксперименттер пайда болуда. Олар Мухиддин Рахим айтқандай, көпшілікке арналмаған шығармалар. Қазіргі уақытта осы бағыт пен стильдерге беріле еңбек етіп жүрген өзбек жазушылары — Баходир Қобұл, Шухрат Матқарим секілді қаламгерлердің кейбір шығармаларында бұл ерекшеліктер айқын көрінеді. Мұндай туындыларда көбіне қазіргі кезде ұмытыла бастаған, жастар тіліне сирек енген халық мақалдары, даналық сөздер, тіркестер, кейде диалектілік сөздер ерекше мәнге ие. Мұнда авторлар кейіпкер бейнесін ашуда күрделі композициялық сюжеттерден қашады, дәстүрлі бастау мен аяқтау өлшемдеріне, көркемдік элементтерге байланысты болмайды. Көбінесе баяндаушы тілі мен кейіпкер сөзі араласа береді.

Өмір тек бақыттан тұрмайтыны сияқты, ол тек трагедиядан да тұрмайды. Әркім де тұтас бақыттың иесі бола алмайтыны секілді, бақытсыздық та абсолют емес. Әр адамның өмірі тек тәртіпсіздіктен тұрмайтыны сияқты, абсолюттік тәртіпке де көнбейді. Сол көзқарас түрлі эксперимент жасайтын жазушылардың шығармашылық басты идеясын құрайды.

## РУХАНИ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛДЫ

**Бақытжамал ОСПАНОВА,**  
Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының кеңесшісі



— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда: «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Кітапхана — мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды», — деген болатын.

Бүгінде бірқатар кітапханалар заман талабына сай жаңғыртылған. Алматы қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрамында қала халқына қызмет көрсететін 28 кітапхана бар, оның 9-ы балалар, біреуі жасөспірімдер, қалғаны көпшілікке арналған. Осы кітапханалардың үшеуі оқырманға 7/24 уақыт қызмет көрсетеді. Алдағы уақытта тағы 5 жаңа кітапхана ашылады. Солардың ішіндегі маңызды жоба — зағиптар мен нашар көретін азаматтарға арналған кітапхана. Бұл әр азаматты кітаппен қамтамасыз етудегі маңызды қадам болмақ. Қалада кітап оқуды насихаттау мақсатында оқырман өзіне-өзі қызмет көрсететін 25 автономды кітапхана бар. Олар мектептерде, коворкинг орталықтары, метро бекеттері мен сауда үйлерінде орналасқан. Айта кетерлігі, олардағы әдебиеттің 60 пайызы қазақ тілінде. Жалпы, бүгінде кітапханалар жастардың шығармашылықпен айналысып, білімін ұштауына толық мүмкіндік беретін рухани орталыққа айналды.

Алматыда 2014 жылдан бастап, қала күніне орай KitapFest мәдени-көпшілік шарасы өткізіліп келеді. Жыл сайын өткізілетін бұл фестиваль алаңы жазушылар, баспагерлер, оқырмандар бас қосып, ой-пікір бөлісетін, жаңа туындылардың тұсауын кесіп, кітап алмасатын республикалық зияткерлік платформаға айналды. Бұл алаңда кітап дүкендері, баспалар және интернет-дүкендер кітапсүйер қауымға өз өнімдерін ұсынады.

## ЕСЕНҒАЛИ РАУШАНОВТЫ ЕСКЕ АЛУ КЕШІ ӨТТІ

Астанада К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық университетінде көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Есенғали Раушановты еске алу кеші өтті.

Есенғали Раушанов — әдебиет әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар, ұлт бірлігін асқақтатқан рухты жырларымен танымал қаламгер. «Ұшты менің құстарым бұлттан әрі...» атты поэтикалық кешке ақынның үзеңгілес достары, жұбайы, шәкірттері және жыр сүйер қауым қатысты. Кеш тізгінін ұстаған ақын, Жазушылар одағы Астана

филиалының жетекшісі Бауыржан Бабажанұлы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулетке сөз кезегін беріп, ары қарай Қалқаман Сарин, Ерлан Жүніс, Бейбіт Сарыбай, Бауыржан Қарағызұлы, Ерғали Бақаш сынды өзге де ақын ізбасарлары Есенғали Раушанов жайлы толғаныстарын бөлісіп, жырларын оқыды. Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі басқармасының басшысы, жазушы Алмаз Мырзахмет ақын кітаптары алты мың тиражбен барлық кітапханаға жететінін айтты. Сондай-ақ кеш барысында ақын сөзіне жазылған әндер шырқалып, естеліктер тиегі ағытылды.

## «БАРМАҚТАЙ БАҚ»

Алматыдағы Республикалық зағип және нашар көретін көретін азаматтарға арналған кітапханада «Платиналы Тарлан» тәуелсіз сыйлығының, Парасат орденінің иегері, ақын-сазгер Исраил Сапарбайдың «Бармақтай бақ» нүктелі-бедерлі қарипте шығарылған кітабының тұсаукесері болды.

Рәсімге Қазақстан Жазушылар одағы Поэзия кеңесінің төрағасы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Әділғазы Қайырбеков, Нұрлан Исрайылұлы, Жанар Исрайылқызы, кітапхана директоры Асхат Байұзақов қатысып, кітап тұсауын кесті, ой-пікірлерімен бөлісті. Кітапхана қызметкерлері Исрайыл ақынның өлеңдерін жатқа оқып, елге танымал әндерін орындады. Абыз ақынның рухына тағзым жасалды.

## КҮЙШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Қазақстан Жазушылар одағының аппарат қызметкерлері, «Қазақ әдебиеті», «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» басылымдарының ұжымы Жазушылар үйі ғимаратында дәулескер күйші, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Шәміл Әбілтаймен және оның шәкірті Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның оқытушысы, күйші Нұрлан Түменбаевпен әсерлі кездесу өткізді.



Алдымен, Шәміл аға Абылдың «Абыл» күйін орындап жұртшылықты тәнті етті. Сосын Шәмілдің төл шәкірті оның Бетховеннің «Лунная сонатасының» әсерінен туған «Айжарық», Түркі дүниесінің бірлігін музыка тілінде сөйлеткен «Тұран», жары композитор Өрікүлге арнаған «Өрікүл» күйін бар нақышына келтіріп, шебер орындап берді. Кеш соңында Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы Мереке Құлкенов күйші Нұрлан Түменбаевқа сый-сияпат табыстады.



**Өмір КӘРІПҰЛЫ,**

жазушы

# Қазақ әдебиетінің бір қайнары

«Қазақта уызына жарыған» деген сөз бар. Бұл тіркестің мағынасы әрқалай түсіндіріледі. Негізі, қой түлігіне байланысты орныққан сөз болса керек. Уызға жарымай жетілген төл бойына ет алмайтын қара қатпа келеді. Уызға жарыған қозы құйрықты боп жетіледі. Жұмабай Шаштайұлын алғаш көргенде басым келген ой осы еді.

Сексенінші жылдардың бас кезі болатын. «Социалистік Қазақстан» газетіне жіберген әңгімемді індетте келген мен, бір бөлмеде отырған әдебиет пен өнер бөлімінің екі жігітіне кез болғанымды әлі күнге ұмыта алмаймын. Алдымнан сабақ алған Балтабай Әбдіғазиевпен шұрқырай қауышып, демігімді басқан соң, екінші жігітке ыңғай бердім. Ісек қойдың асығындай шымыр келген қабағы ашық азамат жұмсақ жымып:

— Ағасы, шәкіртіңізді қатты сағынған екенсіз! — деп жеңіл текіді. — Мен де сіздің бөтеніңіз емеспін, ауыл баласымын. — Ә-ә, онда өзіміздің жігіт екенсің ғой, — деп, қуақы жымыспен бетіне күлімсірей қарадым. — Сен дәу де болсаң, уызға жарыған қойшының баласы боларсың? Көктемгі қою сүтке кенеліп, балқұйрықты көмейлете асағанның арқасы болар, бай баласындай балғын екенсің.

Жүмекемен алғашқы таныстығым осылай басталған еді. Қаламынан сөз маржаны төгілген қазақ әдебиетінің белгілі тұлғасы Жұмабай Шаштайұлының негізгі қыры — ұлтжандылығы. «Қызыл қардан» басталған әр шығармасының астары қалың келеді. Соған қоса сөз саптауы, сөйлем өруі қапысыз. Қазақтың бай тілін төгілдірген роман, повестерін оқырман таласа-тармаса оқиды. Мен Жүмекеңнің басты-басты шығармаларын оқыдым. Ол кісіні өзіме ұстаз санайтын едім. «Шал мен жылқы», «Құралайдың салқыны», «Біздің заманның Аяз бии» атты еңбектері оқулық сияқты мейлінше тағылымды. Бұл кісінің кейіпкерлері өзі сияқты жұмсақ мінезді боп келеді. Ал енді журналистылығына келсек, сөз ұзайды. Газеттегі қызметі өзінің азаматтық келбетіне сай болды. Баспасөзде басшылықта болу — екінші біріне бұйыра бермейтін аса жауапты жұмыс. Жүмекең мәмілегер редактор болды. «Қазақ әдебиеті» газетін басқарғанда, солақай сынға жол бермей, қоржынның екі басын тең ұстады.

Мен ғұмыр бойы ауылдан ұзамаған қазақпын. Қара табан боп өскен қойшының баласымын. Еңбекке ерте араластым. Тоғыз жасымнан қозы бағып, қой қырып, ки ойып, қара жұмыспен айналыстым. Көпен салып, шөп айырладым. Ауылда бала оқытқан жылдарда қой қыркымына қатысатын едім. Үздік қырықтышы атанып, талай-талай топ жардым. Жүмекең қойшының баласы болғанымен, мен бастан өткерген жұмыстан қалыс болған сияқты.

Менің ұғымымда — қойшылық ата

кәсіп. Кеңестік кезеңде қойшыларды аға шопан, бас шопан деп ерекшеледі. Оларды әсірелеп, «дала академиктері» дейтін еді. «Сіз екеуіміз академиктің баласымыз», — деп әзілдейтін едім. «Иә, біз мықтының баласымыз», — деп, жып-жылы сөзімен демейтін. Заманның жігі ашылған алас-қапаста, «балапан басына, тұрымтай тұсына» дегендей, бей-берекет кезеңде, ол кісімен қатынасымды үзіп алған едім. Астана Ақмолаға ауысып, бас қала жүдеңсіп тұрған күндердің бірінде Алматыға жолым түсті. Аңқылдап барғанымды қайтейін, кешегі кезеңнің ардабозы ақын-жазушыларда жылы

қабақ қалмаған екен. Менің де көңілім қолқ етіп, орта түсіп сала берген. Сондай көңіл күймен жүргенімде, Жазушылар одағында Жүмекеңді кезіктірдім. Баяғы жадыраңқы, ақжарқын қалпымен жағдайымды сұрап жатыр. Сөз арасында: «Аға, сіз жаман жазбайсыз. «Жұлдыз» журналына шыққан әңгімелеріңіз тәп-тәуір», — деп, қолтығына алды.

Көп кешікпей ол кісі «Қазақ әдебиеті» газетіне ауысты. Алматыға барған сайын редакцияға соқпай кетпеймін. Ауылдың дәмін ансайды ғой деп, қалта ұстай барамын.

— Қойшылар нешік? — дейді мені сөзге тартып.

— Қой бар, бағатын қойшы жоқ.

— Ауылды ұстап тұрған солар еді ғой, — деп қабағын шытынады. — Ендігі жағдай қиын болар.

— Ауыл босып кетті ғой, Жүмеке!

— Біздің жақта да сол кәп, — деп, жүзіне мұң үйірді. — Қайран ауыл саудагерлерге таланды боп қалған жоқ па?

— Бәрінен де бұрын ұрының басынғаны қиын боп тұр, — дедім бас редакторға шағынып. — Жылқыны үйірімен айдап кетеді.

— Өз өрісіңіз тыншу ма? — деді маған барлай қарап. — Біртүрлі сынық көріндіңіз көзіме.

— Осы күні кімде көңіл бар дейсіз, Жүмеке! — деп назарымды төмендеттім. — Шығындалып қалдық. Екі-үш үйдің ортасындағы жиырма шақты жылқы қолды боп кетті.

— Не дейсіз!? — деді орнынан ұшып тұрып. — Сізде ұрының не жұмысы бар?

— Жұмысы болғанда қандай! — дедім балаша мұнайып. — «Тастаған шоқпар сорлыға тиердің» керімен, долыққа күйіп кетті.

— Кешіктірмей жазыңыз, — деді абыр-жыңқы көңілмен. — Біз басамыз!

Газеттің үш бетін толтырған мақала ел ішіне қозғалыс тудырған еді, бірақ қайтарымы болмады. Заң адамдарымен ымыраласқан барымташылар құтылып кетті.

Жүмекеңнің маған жасаған бір жақсылығы — жазған-сызғанымды газетте іркіліссіз шығартып тұрды. Еңбек демалысына шыққан соң да фейсбук арқылы хабарласып тұрды.

Мен жазушылар қауымымен бір кісідей араласқан әдебиеттің өгейі емес, өз өкілімін. Жасым сексен бесті қусырды. Әзірше қаламым қолымда, бірақ көңіл олқы. Көз көрген қаламдастардың қатары азайып барады, соған жұқарасың. Кейінгі жас буын ақын-жазушыларға тілектеспін. Алайда солардың дені батысшыл боп барады. Әлем әдебиетіне еліктегенін жоққа шығара алмаймыз. Сөйте тұрғанмен қазақ әдебиетінің өз бастауын ұмытпағанымыз жөн. Сол бастаудың бір қайнары — Жұмабай Шаштайұлы шығармашылығы. Ол кісінің шығармалары туған елінің рухани мұрасына айналып, есімі халқымен бірге жасай бермек.

Жұмабай алғаш көргеннен-ақ кіммен болсын тонның ішкі бауындай араласып кете бермеуші еді, әрине, туған-туыстай болып кеткен ақын-жазушыларының немесе ілгеріден білетіндерінің орны бөлек. Жәкең дос-жарандарын негізінен адамгершілігіне, шығармашылық әлеуетіне көз жеткізіп таңдайтындай. Ұл болсын, қыз болсын, жақсы адамдарды көбіне өз ортасынан, басқа ортадан да іздеуден жалықпайтыны жүрек қалауы. Сондай-ақ көңілі жақын жандардың қаламгер болуы шарт емес, қадірлісі мектептегі ұстазы немесе өмір бойы есіктен кіруге именіп тұратын таныс-білісі немесе бақытын қарапайым еңбектен тапқан адам болуы мүмкін. Жұмаштың әдебиетті, өнерді ұнататын жастарға ықыласы шексіз. Қолынан келгенінше көмектескісі келетіні іш тартып сөйлеген сөзінен, елгезек, ілтипатты қимыл-қозғалысынан көрініп тұратын.



**Азат ӘКІМ,**

жазушы

# Біз әлі кездесеміз...

Бірде онаша отырғанда:

— Өмірді азды-көпті білемін, — деп кесіп сөйлегені бар. Тағы бірде:

— Өмірде білмейтінім көп екен. Өмірге кеше келген адам сияқтымын, — деді өзіне-өзі ренжіп.

Жұмаш бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында бойындағы кемшілігін жасырмайтыны жан тазалығынан, ізгілікті мұрат тұтқандығынан шығар.

Жәкеммен әуелгі кездесуіміз Жазушылар одағының ғимаратында өтті. Оған дейін бір-бірімізді сырттай білетіндіктен, ара-тұра қоңырау шалып әңгімелесетінбіз. Бірінші қабаттағы кабинеттердің бірінен шықса керек, сыртқы есіктен кіргенімде Жәкең баспалдақпен жоғары көтеріліп бара жатыр екен. Мені көріп күтіп тұр. Жанына келгесін құшақтасып амандастық. Сөзі майда.

— Астана аман-есен бе? Қашан келдің? Иә, қандай шаруа?

— Аманшылық. Астанадан кеше келгенмін. Шаруа қара шаңыраққа, өзіңе сәлем беру, — деп жатырмын.

— Сәлемші болсаң, төрге шық, — деді Жәкем қолтықтап жатып.

Сағат онның кезі болса керек. Түскі үзіліс болғанынша жұмыс бөлмесінде тапқыластан отырдық. Ара-тұра Жәркен Бөдешұлы сынды ұлт ақыны, Жазушылар одағының хатшысы Жанарбек Әшімжан, сондай-ақ редакция қызметкерлері кіріп-шығуда. Мен бір шетте ескі газет тігіндісін қарап отырсам да бәрімен қол ұсынып, амандасып қаламын.

Әлден уақытта қара бұлттай түнеріп, бір мұртты кіріп келгені. Сәлем-сауқат жоқ, айқайына басты. Өткен апта болса керек, «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жарияланымда әлгі адам қызмет істейтін мекеме басшысының аты-жөні қате жазылыпты. Мақала авторы редакцияның тілші қызы болып шықты. Сол қызды таптырып алып Жұмабай біраз кейіген болды. Сөзінің соңында басылымның бас редакторы ретінде айыбын мойындайтынын айтуда. Ұпайы түгел мұртты өзіне-өзі риза секілді, бәрімізбен қоштасқаны шығар, оң қолын жоғары көтерген соң сыртқа шығып кетті.

Гле-шала тілші қызды қайта шақыртқан Жәкең кешірім сұрағандай айналып-толғану үстінде.

— Көңіліңе алмашы, қарағым. Жас кезімізде өзіміз де тілші ретінде қателіктер жібердік. Сені түсінемін, айналайын! Айтып жатқаным — дұшпан көзі сөздер ғой. Бақытты бол, әкем! — деп маңдайынан сүйіп, есіктің аузына дейін қошеметпен шығарып салды.

Сол күні кешкісін Жазушылар одағында Жәкеммен қайта қауыштық.

Жұмыс аяқталған уақыт. Екеуіміз такси жалдап Медеуге көтеріліп, мейрамханалардың бірінде отырмыз, онаша бөлме. Даяшыдан басқа кіріп-шығып жатқан ешкім жоқ. Жұмашпен жасымыз қатар. Жас ұлғайғасын құрдаспен сыр шертісудің жөн-жосығы бір бөлек. Оған Медеудің көркем табиғаты мен күндізгіден бетер сүттей жарығы да себепші шығар.

Кейбіреуіне жолымыз түсті, жер бетінде ғажайып, ажар-көркімен көз тартатын әйгілі демалыс орындары баршылық. Медеудің олардан несі кем? Жаратылысы озық болмаса.

\*\*\*

Елімізді, жұртымызды кемсітіп, кісіміз сөйлейтін болған-толғанның алдында Жұмабай Шаштайұлы іркіліп қалмайтын, ішіндегісін қатты-қатты айтып тастайтын. Кейде көзі тірісінде сыйласып өткен ел ағаларын кезінде өзі ойлаған деңгейде құрметтей алмағанына қынжылатыны бар. Бір күні Сыртқы істер министрлігіндегі жас, көрнекті дипломаттар туралы сұрағына орай, Қайрат Әбдірахманов пен Қайрат Сарыбайды тілге тиек еттім. Екеуі де ол кезде вице-министр болатын. Жұмабайдың көздегені дипломаттар туралы жалқы емес, бір шоғыр материалдар жазу еді. Амал не, ол ойын жүзеге асыра алмай кетті.

Жыл сайын Алматы қаласына бір рет, кейде екі рет жол түседі. Бірде онсыз да екі күн кешігіп келгесін қонақүйге емес, бірден «Алматы» шипажайына ат басын тіредім. Жатын бөлмеге жайғасқасын ағайын-туыс, басқа да жақын адамдарың бар, тұс-тұсына хабарласып жатырмын. Ойым — амандық білу.

Жұмашқа қоңырау шалғанымда өзі туып-өскен Жамбыл ауданы «Қазақ әдебиеті» басылымының мерейтойына байланысты қонаққа шақырып жатқанын айтып, ертең ертерек Жазушылар одағына келуімді міндеттеді.

Ертеңіне таңертең Жазушылар одағының алдында «Қазақ әдебиеті» редакциясының ұжымымен қатар одақта қызмет істейтін біраз адам бас қосыпты. Білетіндермен жай-жапсар сұрастық.

Кез келген ортаның ажар-көркіндей қыз-келіншектер көп, арасында Қарагөз Смеділ секілді қаламы жүйрік қыздарымыз көзге түсті. Көпшілігі жас ұрпақ, Алмас Нүсіп пен Бағашар Тұрсынбайұлы амандасты. Осы талантты жастарды жанына жақын тұтатын болса керек, Жәкең үшін осы екеуі бір төбе, басқалары бір төбе сияқты.

Сатирик-жазушы Еркін Жаппасұлы ол кезде редактордың орынбасары қызметін атқарады, Ереккенді баяғыдан білемін. Қауқылдасып, онаша шыққасын өтіп те кеткен екеуімізге ортақ күндерді еске түсірдік. Әңгіме-дүкен жуық арада бітетін емес.

Кейбір жігіттер жеке көліктерімен жүр. Біздің мінгеніміз — жүрісі жайлы заманауи автобус. Жамбыл ауданының жұртшылығы құрмет көрсетіп, күтіп алды. Тәлім-тәрбиесі шығар, аудан әкімі Махаббат (тегі есімде қалмапты) көптің біріндей ұстайды өзін, көп сөйлемейді. Ізетті, қарапайым адам. Иә, көргенді әкім аз сөйлеп, көп тындар. Жұмабай бір орайы келгенде:

(Жалғасы 6-бетте)

(Басы 5-бетте)

— Әкім осы кісі, — деп таныстырып жатты. Бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы. Қаламдас әріптестердің тойын ұйымдастырғаны өз алдына, ажарлы-базарлы тойдың басынан аяғына дейін басы-қасында жүрген Махаббат ініміздің ғұмырлы болғанын, өмірден бақ-берекет тапқанын ішімізден тіледік.

Тойымыз Жамбыл ауданының Құрметті азаматы ретінде Жұмабай бауырымызды «Қазақ әдебиеті» басылымының мерейжасымен құттықтап, басына бөрік, иығына шапан жабудан басталды. Жұмабайдың жеке шақыруымен келген қаламгерлерге де құрмет көрсетілуде. Олар — Серік Асылбекұлы, Бекболат Әдетов, Көпен Әмірбек, Несіпбек Дәутайұлы, Самат Ибраим, Жұмабек Кенжалин, Бекен Ыбырайым. Бәрі де — ел жақсылары.

Тау етегінде, тамылжыған табиғат аясында киіз үйлер тігіп тастапты. Дастарқаны берекелі. Әлсін-әлі ортада өнер көрсететін әнші, күйші, биші қыз-жігіттер жанып тұр. Иә, Жамбыл ел-жұртының көңілі дарқан, қонақжай салты мінсіз.

Жаны нәзік Жұмабаймен онаша бір



сөйлескенімде ризашылығын білдіріп жатты.

«Қазақ әдебиетінің» шашбауын көтеріп жатқан ағайынға рақмет! Осындай көл-көсір жақсылықтан ара-тұра көңілім босап кететіндей көрінеді. Сыр білдірмей жүрмін», — деді.

Жұмабай керемет редактор болатын. Ықыласы түссе, күрделі дүниені де жайнатып жіберуші еді. Сонымен бірге кейде Жұмаштың бойында әулие-әмбиеге тән мүмкіндік бұғып жатқандай көрінетіні бар.

Қай жылы екеуміз екінді кезінде Бішкек қаласына сапарға шықтық. Жұмабай «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы, осы басылым тасқа басылатын күн болғасын Қордайға жеткенше қалта телефонына тыным болған жоқ. Қазақ-қырғыз шекарасында күтіп тұрған туған інім Арманды көп болды көрмегелі, сағынышымыз бір құшақ. Мейрамханадағы кешкі астан соң «Дискавери» қонақүйінде Жәкең екеуміз екі нөмірге жайғастық.

Бірден шаңырағына түспегенімізге інім өкпелі сияқты.

— Уайымдама, ертең барамыз, — деп бетінен сүйіп жатырмын.

Ертеңіне ұлы сәскеде Қазақстан Республикасының Қырғызстандағы елшілігіне кіріп шықтық. Елші Айымдос Бозжігітпен көптен бері араласамын, құшақ жайып қарсы алды. Басқа да

таныс-біліс жігіттер жүр. Айымдос Ерсайынұлы — әдебиет пен өнерді қадір тұтатын азамат. Жұмабай екеуі бір-біріне ынта-ықылас танытып, асықпай әңгімелесті. Ара-тұра елшінің хатшы қызы рұқсат сұрап ыстық шай, кофесін, тәтті-дәмдісін әкеліп жүр.

Ақырында, елші жүргізушісімен бірге жеңіл көлігін босатты. Бір туған Қырғызстан, қайда барсақ та өз еліңде, өз жерінде жүргендейсің. Марқұм Шыңғыс Айтматов ағамыздың басына, «Ата Бейітке» зиярат етіп шықтық. Шықанның күдіретті рухы ма? Оқылған Құран аяты жан дүниемізді қатты толқытты.

Қырғыз Алатауының табиғи қорығын туристер соқпағымен жаяу жүріп қызықтау бір ғанибет. Қайтарда тоғанында балық өсіретін дәмханаға аялдадық. Дайын қармақты салған бойында бір-екі қадақ тау балығы (форель) бірінен соң бірі түсіп жатқаны. Өрімдей жас қыз аулаған балықтарымызды қызартып, қытырлатып қуырып әкелді бетіне көк жуа төсеп. Жасы қатар қызы бар Жәкең болашағына ақ жол тілеп, батасын берді.

Түстен кейін інім Арманның бау-бақшасымен ерекшеленетін жеке, еңселі қонысжайында қонақта бол-

дық. Келініміз — қырғыз қызы. Інімнің тұңғышы Әйгерім таяуда тұрмысқа шыққан, бір қой шалып, құда мен құдағиды да шақырыпты, сүйкімді адамдар. Жәкең Алматыда да, Манас елінде де ішімдікті кері ысырып жүрді. Мен де Жұмабай достың ыңғайына жығыламын.


Сол күні кешкісін кенже ініммен қырғыз-қазақ шекарасында қош айттысып, әрі қарай Алматыға қайттық. Күнделікті жұмыс — көпшілігімізді езіп жіберетіні өз алдына, апталарды, айларды, жылдарды із-түзсіз жұтуда. Соған қарамастан, байырғыдан бергі қызметестер мен ағайын-туыс ортасындағы қысқа демалыстың өзінде адам көңіл сергектігін қайта табатындай. Жәкең екеуміздің Қордайдан өтіп бара жатқандағы бастапқы сұхбатымыз осы төңіректе болды.

Жолда мәңгілік тақырыпты да азды-көпті қауладық.

Сені асықтырмаймын. Өзім де асығып отырғаным жоқ. Жылдар өтер, тіпті тұтас бір дәурен өтер. Ақиретте де кездесуге жазсын, — деп жатырмын сөздің ретіне қарай.

— О дүние ғажайыбы рас болса, бәрі мүмкін, — деді Жәкең салмақты, сабырлы калпында.

Бақиға аяқ астынан аттанып кеткен Жұмабай туралы осы естелік тақырыбын таңдауыма сол бір тілдесу себепші болғандай. «Ел-жұрт аман ба? Қашан келдің, әке?» — деп қарсы алатын адамды үлкен-кіші екі дүниеде де іздейтін сияқты.



**Қанат ТІЛЕУХАН,**

жазушы

**«Жақсы ма, әке» деп сәлемімізді жылы алушы еді Жұмағаң. «Әке» деген сөз тек Жұмағаңа ғана біртүрлі жарасатын. «Әке» деп марқұм әкем де қайырылатын. Содан ба екен, осы сөз құлаққа жағымды, сондай ыстық.**

Ең алғаш Жұмабай Шаштайұлын 2005 жылдың қыркүйек айының соңында көрдім. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітіргеніммен магистратураға түсе алмай, бос сенделіп жүрген кез. Айналышып КазМУ-градтан ұзап кете алмайсың. Төрт жыл тұрған 17-жатақханаға бара берем. Өзімнен кейінгі балаларға қызығамын. Оқитын жерлері, тұратын орындары бар. Әдеттегідей, студенттер қалашығын бір аралап шығып, аялдамада тұрғам. Менен екі курс жоғары оқыған Мақсат деген жігіт сау етіп келе қалғаны.

— Сен биыл университетті бітірген едің ғой. Бұнда не істеп жүрсің? — деді келген бойда сұрақтың астына алып. Біздің кезде тұтастай факультетті уысында ұстаған Макс қой. Алғашында сасып қалдым. Аман-саулығымыз болғанымен қатты араластығымыз жоқ.

— Магистратураға түсе алмадым. Жұмыс та таппадым, — дедім имене тіл қатып. Жатақханада соқтыға кететін мінезі болушы еді. Кетуге асықтым. Мақсаттың жібергісі жоқ.

— Әй, сенің осы әдебиетке құштарлығың бар ғой. Жазатының да бар. Біздің филфакқа математикадан қашып түсетіндер көп. Әскери кафедраны оқып, көбі әскери салаға кетеді. Ал сен әдебиетшісің, — деп қалды. Сөзі жағып барады. — Мен Қазақ радиосында жұмыс істеймін. Сен де радиода істеуің керек. Менімен жүр. Бас редакторға өзім алып барамын, — деп, сол мезетте аялдамаға кеп тоқтаған нөмірі 32-автобуска сүйрей жөнелді.

Сонымен, Қазақ радиосының кеңсесіне бір-ақ бардық. Үшінші қабат. Редактордың қабылдауында шашын түйіп алған қара қыз отыр екен. Мақсат: «Жұмабай аға өзінде ме?» — деді де, хатшы қыздың жауабын күтпестен мені ішке алып кірді. Жасы елулерден асқан, орта бойлы, шашының бір жері ғана ағарған редактор газет оқып отыр екен. Бізге көзілдірігін төмен түсіріп, жақтырмағандай қарады. Кірген бойда Мақсат мені мақтай жөнелді. Қысқасы, оқымаған кітабым жоқ. ҚазМУ-дың ең ізденімпаз, ең дарынды түлегімін. «Жұмабай аға, осы жігітті жұмысқа алуыңыз керек. Еш өкінбейсіз», — деп сөзін аяқтады Мақсат. Редакторда үн жоқ. Менің мазам кете бастады. Көзіне қарай алмаймын. Қолындағы газетіне көзім түсті. Мәскеуден шығатын — «Литературная газета».

— Жұмабай аға, бұл жігіт талантты. Менен кейін оқыған. Айтысқан. Студенттер айтысында жеңген, — деді арадағы тыныштықты бұзып. Бұл жерде Жұмағанның аузынан жиі шығатын сөзді қолдануым керек боп тұр. Ағам менсінбей.

— Осы адамдар неге айтыса береді? Айтыса бергенде сонда не болды? Айтшы, ал! — деді бір иығын қикан еткізіп.

Аузыма құм құйылды да қалды. Не айтарымды білмеймін. Алматыға келгелі айтыстан қалып көргенім жоқ. Оразалы Досбосыновтың айтыста айтқандарын жатқа соғамын. Мен үшін айтыстан асқан ұлы өнер жоқ. Бәрі де солай есептейді деп ойлаймын. Ойлап қана қоймаймын. Ол ойыма сенімдімін. Мына кісі неге айтысты жеккөреді? «Айтыса бергенде сонда не болады?» дейді. Не деп жауап берерімді де білмеймін. Маймай шаштарымды қайта-қайта қайырған болып, не айтарымды білмей бір орнымда қаттым да қалдым.

— Сен бара бер, — деді сосын Мақсатқа. Маған отыр дегендей, орындықты нұсқады. Қабағы қатулы. Ашушаң сияқты көрінді. Сәлден соң барып: «Кімді оқып жүрсің?», — деді жүзін жылытып.

— Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Балалық шақтың әндері» деген повесін, — дедім дауысымды әрең шығарып.

— Тағы кімдерді оқыдың? — деді бастырмалай сұрақ қойып. Содан кейін, әйтеуір, тілге келдім. Оралхан Бөкей, Дулат Исабеков, Тынымбай Нұрмағанбетов жайлы әңгімені жібердім. Не айтып, не қойғанымды білмеймін. Токтамай сөйлей бердім, сөйлей бердім. Ол кісінің жүзі жылы бастады. Мен одан сайын көсіле түстім, шешіле түстім. Қанша сөйлегенім есімде жоқ. Әйтеуір тоқтадым. Кеудесін тіктеп, маған тесіле қарап тұрды да:

— Сен неге Әуезовті айтпайсың? — деді. Тағы да тіл байланды да қалды. Бұдан ары қинағысы келмеді ме: — Жарайды, сен былай істе. Осы өзің айтқан үш жазушы туралы жазып келші. Екі күн уақыт беремін. Сосын, арғы жағын көреміз, — деді.

— Жақсы, — деп орнымнан тұрып кетіп бара жатыр ем, есікке таяп қалғанда тоқтатып алды.

— Сен енді мені былай Оралхан Бөкей, Дулат Исабеков, Тынымбай Нұрмағанбетовті менсінбейді деп ойлап қалма. Әуезов бәрібір мықты ғой, — деді. «Мықты, мықты» деп қостағандай басымды изеп-изеп, тысқа қарай асыға шығып кеттім.

Үш ай сынақ мерзімінен өтіп, ақыры радиоға жұмысқа тұрдым. Айлығым — қырық мың теңге. Мәзбін. Алғашқы айлығыма Алматының жылы қысына лайықталған ұзыннан қара сызығы бар, көк, ақ, қара түстес алабажак жемпір сатып алғаным. Өзім-өз болып сатып алған киімім. Редакцияға ерте келіп, компьютердің алдында отырмын. Бір кезде Жұмағаң келді.

— Ассалаумағалейкум! — деп орнымнан тұрып амандастым. Басқалар да амандасып жатыр. Жұмағаң маған бұрылды:

— Сен неге менімен салқын амандасып тұрсың?

— Салқын амандасқаным жоқ, — деппін сасқалақтап.

— Ой, ехрин, сен, че то менсінбей тұрсың ғой. Вообщее адамдар өзгеріп кетеді екен ғой, ә! — деп, өзгелерге бір қарады да өз кабинетіне кетіп қалды.

Өзгеріп кеткен дөнемем жоқ. Әлде өзгеріп кеттім бе? Бұл кісінің сөзін түсіне алатын емеспін. Менсінбейтіндей не істедім? Салқын амандасқаным жоқ қой. Бірінші болып орнымнан атып тұрып амандастым. Мазасызданып кеттім. Осындай күйде отырғанда көрші бөлімнің жетекшісі, ақын Алмат Исәділ келе қалды. Елгезек мінезді Әлекең кіре сала: «Қақабай, қалайсың-ей?» — деп сөйлей жөнелді. Бір мезетте менің үсті-басымды мұқият бір шолып шықты да, көзілдірігін бір көтеріп, ышқырын қозғап-қозғап жіберіп: «Немене үстіңе полотенца киіп алғансың ба? — демесі бар ма. Бәрі күліп жіберді. Әлекең тағы тесіле қарады да: — Рас, ей, ванный орамал сияқты екен үстіңдегі», — деді де шығып кетті. Бір кабинетте отыратын қыз-жігіттер қыран-топан күлкіге қарық болды. Редакторым: «Неге менсінбейсің?»

— деп тиісіп кетті. Әлекен: «Үстіңе орамал киіп алғаның не?» — деп удай тілімен бір шаншып өтті. Әйтеуір, осылай жұмыс күні басталды. Абыр-сабырмен түс те болды. Улап-шулап түскі асымызды ішіп келдік. Сөйтіп отырғанда Жұмаған звондады. «Әке, сен маған келіп кетші», — деді қысқа қайырып. «Әке» деген сөзі жағып кетті. «Е-е-е, бәсе, ол кісіні менсінбейтіндей түк те жасағаным жоқ еді. Көңіл күйі болмаған шығар» деп лезде редактор отырған үшінші қабатқа көтерілдім. Мені күтіп отыр екен.

келе жатып: «Кім біледі, менікі қате шығар. Мен — кішкентай адаммын», — деп қойып қаламын.

Бір күні басыма мынандай ой келді, осы кісі екі тал шылым алып кел дегенге екі тал алып келгенім жарамас, бір пәшкісін бір-ақ апарып берейін дедім. «Ей, ехрин, — деді бір қорап темекіні көргенде. — Мынауың не, сволыш? Мен саған екі тал дедім ғой», — дейді ашуланып. «Енді сіз...» — деп барып бастап сөзімнің артын жұтып қойдым. Сондағы айтпағым — «Енді сіз қалағаныңызша

өз репертуарында» дегендей, қасымда отырған Бағашар Тұрсынбайұлын түртіп қалдым. Ол да еріксіз күліп жіберді. Жұмағанды жете танымайтындар үшін ол кісінің сөзі біртүрлі естілуі мүмкін. Тіпті күлкілі де көрінер. Орыстар бұндай мінезді «самобичевание» дейді.

Иә, ол кісі өзін аямайтын. Өзін үнемі бәріне жазықты сезінеді. Өзін соншалықты аяусыз сынаған бұндай адамды көрмеппін. Көрмейтін де шығармын. «Қорқақпын», — дейтін. Меніңше, ол кісінің қорқақтығы тура мағынасында болмаса керек. Жасаған іс-әрекеттерім дұрыс болмай қалды ма деген күмәннен туды ма екен? Жазғандарым өзіммен бірге өліп қалмаса екен деп қорықты ма екен? Желтоқсан оқиғасы кезінде жастармен бірге алаңға шыққан жазушының «қорқақпын» деген сөзіне қалай илануға болады?! Айтпақшы, Жұмаған сол жалмауыз желтоқсан айындағы қырғынға қатысқанын бірде-бір рет айтқан емес. Ақын Мейірхан Ақдәулеттің бір мақаласынан оқып таңғалғанмын. Айтқысы келмеген дүниені тықақтап, өзінен сұрағым келмеді. Ағамыз алаңға шығуын ерлік, я болмаса мақтанатындай дүние деп ойламаса керек.

Мақтан демекші, Жұмағанның мақтанатын да кездері болатын. Ең қатты жақсы көрген інісі, абайтанушы, сыншы Тұрсынжан Шапай арқылы мақтанады. Бірде Алматыдағы мейрамханалардың бірінде шай ішіп отырғанбыз.

— Әке, сен қазір кімдерді оқып жүрсін? — деді.

— Несіпбек Дәутаев пен Рахымжан Отарбаевты оқып жүрмін. Қазіргі прозаның мықтылары солар, — дедім әдейі сөз шығарғым кеп.

— Да, — деп, сәл үнсіз тұрып қалды да: — Бірақ оларды Тұрсынжан оқыған жоқ қой, — деді өзіне тән жымыысын жасырмай. Мен «Аяз би» романымды Тұрсынжанға бергенде ол әуелде оқымай қойды ғой. Сөйлесіп қалғанда айтып қала ма деп күтетінмін. Ол айтпайды. Енді мен қашанғы күтіп жүремін. Ұмытып кеттім. Жоқ, ұмытқаным жоқ. Күтпейтін болдым, — деп сөзін сабақтады. Алдындағы шайын бір ұрттап, әңгімесін қайта жалғайды: — Бір күні кешке қарай звондап қалды. Сағаттап сөйлесетініміз бар. Ұзақ әңгімелестік. Бір кезде: «Жұмаға, сіздің кітабыңызды оқып шықтым. Не жаздым деп ойлайсыз?» — деп сұрақ қойды. Бұндай сұраққа қалай жауап бересін. Түк те айта алмай қалдым. Бір кезде әкетті. Айтып жатыр, айтып жатыр. Мына жаман басыммен «Аяз биді» шынымен мен жаздым ба деп ойлап қоямын. Сұмдық талдады ғой. Соны жазып алу керек еді», — деп, әңгімесін өкінішпен аяқтады. Сосын жалма-жан: — Ей, сен сволыш, біліп жүр, Тұрсынжаннан жылы пікір есту, ол — үлкен баға, — деді. Сосын «Оның мені сынағаны да бар. «Жер өлшеуші» деген әңгімем шыққан. Соны оқыпты. Маған қоңырау шалып, кемшін тұстарын айтқанда қатты ұялдым ғой. Сосын қайта жазып шықтым, — деп әңгімесін тамамдады.

Жұмағанның жеке кітапханасын көрсек, ол кісі өз кітапханасын ұнатпайтын. Білмеймін, әйтеуір, ыңғайсызданып тұрады. «Мына кітаптарымды Тұрсынжан көрсе, ұят қой, — дейтін қиналып. — Мен қойшы болғам. Оным аздай, университетті сырттай оқығам. Ал Тұрсынжанның талғамы бөлек қой», — дейтін.

Ағамыз зейнетке шыққанда туған ауылына көшті. Ақ сарайдай үлкен үй салды. «Алматыда армансыз тұрдым. Енді ел ішінде болайын деп шештім. Ұстазым Рымғали Нұрғалиев: «Әдебиеттен суу керек» дейтін. Маған да сөйту керек. «Қазақ әдебиеті» газетін ұзақ басқардым. Ендігі кезек жастардікі», — деп, Жазушылар одағынан бір күнде шықты да кетті. «Қызметінен өз еркімен кеткен бірінші шапырашты», — деп күлді

кейбіреулер. Несі бар? Шындығы бар сөз. Креслоға жабысу, атакқа, дүниебайлыққа қызығу — Жұмағана жат. Жастарға жақын болды. Жастар да Жұмағанның маңайынан шықпайтын.

Қолымыз қалт еткенде барып тұрамыз. Апамыздың етін жейміз, шайын ішеміз. Жұмаған өскен жерін көрсетеді. «Анау Майтөбе», — дейді. Әкесі Шаштай ақсақалды еске алады. Сосын: «Қазір бұрынғы ауыл жоқ екен. Сөйлесетін адам жоқ. Күнде той. Қазір қазақ тіптен тойшыл боп кетті. Анау қатынның адамгершілігіне тойып біттім. Тойдан қалмайтын болды қой. Сендер Тұрсынжанмен сөйлесіп жүрсіндер ме? Араласындар. Көп тындандар. Ол өтірік айтпайды», — дейді інісін сағына тіл қатып.

Бір күні Тұрсағана Алмас, Бағашар — үшеуіміз қолқа салдық: «Тұрсаға, ағаның сізді сағынып жүр. Барып қайтайық та», — деп. Тұрсаған бірден келісті. «Сюрприз» болсын, менің баратынымды тек айтпаңдар», — деді. Біз құп дедік.

Сонымен, демалыс күндердің бірінде жолға шықтық. Музей Жамбыл ауылы соншалықты алыс емес. Жұмағана тосын сый болатын болды деп мәзбіз. Біз жеткенше Жұмаған бірнеше рет қоңырау шалды.

— Келе жатырмыз, — дейміз.

— Сволыштар, болындар енді, — дейді. Ақыры Музей Жамбыл ауылына да жеттік. Ағамыз бізді тағатсыздана күткен екен, көшеге шығып алыпты. Автокөліктен шығып құшақтасып, амандасып жатырмыз. Ең соңынан автомашинаның артқы салонынан:

— Ассалаумағалейкүм, Жұмаға! — деп Тұрсынжан аға шықты.

— Уағалайкүмассалам, — деп інісінің сәлемін алды. Сәлден соң ұйқысынан жаңа ояңғандай: — Тұрсынжан әке, сен келіпсің ғой, — деп қайта бас салып құшақтап жатыр. Жұмаған балаша қуанып, шалқып кетті. Аңқылдақ ағаның шаттанғанына қарап, біз мәзбіз.

— Тұрсынжан, мына сволыштар сен келетінін неге маған айтпаған? Ехрин, бұлар да маған бәле болды, — дейді.

— Жұмаға, балалардың кәнісі жоқ. Мен айтпа дегем. Сюрприз болсын, — дедім дейді Тұрсаған да бір емес, екі амандасқан ағасының қылығына күліп. Үйге кіре сала Жұмаған:

— Қатын, Тұрсынжан келді. Тұрсынжан, — деді қуанышын жасыра алмай. Апамыз да Тұрсағанды құшақ жая қарсы алды. Сол күн ерекше өтті. Түннің бір уағына дейін отырдық. Жұмаған мен Тұрсаған сөйлеуші, біз тыңдаушысы.

Қазір арамызда Жұмаған жоқ. «Жұмаған жоқ» деген неткен зілбатпан ауыр сөз еді. «Жамбыл атамыздай жүз жасайсыз», — деуші едік. Құдай оған жеткізбеді. Өлшеулі өмірі үзілді. Көзден жас төгіледі, жүректен де сорғалайды. Жылайсын, жоқтайсын, сағынасын. Қолдан басқа не келеді?

Бірге өткізген сәттерді, айтқан ақылын, мінез-құлқын, сөздерін еске аласың. Лексикондағы «сволышы» — айналайын дегені. «Кішкентай адаммын», «неге менсінбейсін», «адамдар өзгеріп кетеді», «адамгершілігіне рақмет», «жаман басыммен» деген сияқты сөздері бізге сіңіп кетті. Солай сөйлеймін. Білмейтін адамдар мені Жұмағана еліктейді деп ойлайтын шығар. Ойласа, ойлай берсін. Өзің жақсы көрген адамның кейбір әдеттері өзінен-өзі жұғысып кетеді екен ғой. Кейде өзім аңғармай, Жұмағанның сөздерін онды-солды шашып, бір иығымды қозғап қойып сөйлегенде Қасым Аманжол: «Шаштайщина», — деп күледі. Ол сөз маған ұнайды. Тіптен шабыттанып, шалықтап кетемін. Ағамның тек қана «әке» деген сөзін ғана айта алмаймын. Қанша әрекеттенсем де, тілімнің ұшына ілінбей қойды. Ол сөзді тек қана Жұмаған ғана айта алатын.

# «Әке»



Орнынан тұрды. Қалтасынан ақша алып шықты да: «Сен астыға барып екі тал шылым алып келші, әке. «Парламент» деген шылым», — деді нақтылап. Бірақ өтінішін ыңғайсыздандыраңдай, қипақтай айтты. Бірінші қабаттағы буфеттен екі тал шылым алып келу сөз болып па? Зу етіп барып, әкеп бердім. «Ой, рақмет, әке! — деді мәз болып. — Сенде адамгершілік бар екен», — деді, сосын, риясыз кейіппен. Екінші қабатқа түсіп барамын. «Бір нәрсе түсінсем, бұйырмасын. Не айтты? Қалай түсінуге болады? Екі тал шылым әкеп беру сонда адамгершілікке жата ма? Бұл жерде адамгершіліктің не қатысы бар?»

Осыдан бастап бастығым күнде екі тал шылым таситын болдым. Өзі қоңырау шалады. Ақшасын аламын да, «адамгершілігімді» көрсетемін. Арасында ол кісі де маған адамгершілік танытып, менімен сөйлесетіні бар. Толстойды, Горькийді айтады. Мамин-Сибирякқа барып тоқтайды. Қазақтардан Әуезовті, Мағжанды, Қасымды айтады, әсіресе Әуезов пен Қасымды жиі айтады. «Әке, мына өмірді осы Әуезов сияқты қабылдағын келеді, бірақ қабылдай алмаймыз ғой», — дейді. Әдебиет жайлы айтатын әңгімелер сондай қызық. Өзінің жеке байламдарын жасайды. Ондай кезде сөзін бөлмей, тыңдай бергің келеді. Аузына кіруге шақ қалғанда «Кім біледі? Менікі дұрыс емес шығар. Мен кішкентай адаммын ғой», — дейді барлық сөзінен айнып. Мен тағы да таңғаламын. «Кішкентай адамы несі?» деймін іштей. Менің ойымды оқып қойғандай: «Қазір Гогольдің кішкентай адамдары көп», — дейді. Осы сөзі ести-есті өзіме қатты ұнап кетті. Кейін өзімнен кіші жігіттерге тура Жұмағанның образында сөйлейтінді шығардым. Бір нәрсені айтып-айтып

емін-еркін шексеніз» дегім келген болу керек. Жұмаған бір кезде: «Ехрин, мен өзім де бір пәшкісін ала аламын. Көп шегіп қоямын ғой. Мынаның екі талын ғана аламын. Қалғанын алып кет», — деді, бұл жолы ашуы тарқап, ренжи ғана тіл қатып. Осы оқиғадан кейін мені темекіге жұмсауын қойды.

«Мен үлкен жазушы бола алмадым», — дейтін ағамыз. Бұндай сөзді тек Жұмабай Шаштайұлы ғана айта алады. Түк бітірмесе де таптап кететіндер қаптаған мына заманда. Жетпіске толған кезінде Дінмұхамед Қонаевтың өзі: «Совет қойшылары бұндай бейшара емес!» — деп сынаған «Қызыл қар» повесін роман етіп қайта жазып шықты. Алматыдағы «Достық» үйінде пандемияға орай аз ғана қаламгерлердің басын қосып, тұсауын кесті. Мәдениет министрі Аида Балаева, сол кездегі «Егемен Қазақстанның» басшысы Дархан Қыдырәлі, ақын-жазушылардан Дулат Исабеков, Смағұл Елубай, Ұлықбек Есдәулет, Мереке Құлқенов, Бекен Ыбырайымов, Серік Асылбекұлы, Жүсіпбек Қорғасбек қатысты. Бәрі шетінен ағаның шығармашылығын мақтап жатыр. Жетпіске келуіне орай құттықтап та жатыр. Әдеттегі бір сарында жүретін әдеби жиындардың бірі ғой. Жылы лепес, ақ тілектер. Қысқасы, бір мазмұндағы сөздер. Сценарийді бұзған, сөз кезегін алған мерейтой иесінің өзі болды. «Барлықтарыңызға рақмет. Аида менің қызым десе де болады. Кітапты шығарып берген Дарханға рақмет. Барлықтарыңыз — әдебиеттегі аға-бауыр мен інілеріміздер. Мен бірақ бір нәрсе айтайыншы! Мен осы уақытқа дейін сөйлем құрауды үйрене алмадым ғой», — деп дүңк еткізді. «Ағамыз сол баяғы



**Сырым  
БАҚТЫГЕРЕЙҰЛЫ**

Қаршадай қара баланың ойында бір-ақ нәрсе – «Қайтсем соңымнан ерген қарадомалақтарға тіске басатын бірдеңе табам?» деген алаң ғана бар.

Қоғамның қақап тұрған кезі. Әкесі Берсе аң аулайды, құс атады. Анасы қара қазанның қасында, даланың тезегін теріп, қазандағы қара судан қаймақ айырады. Тіршілік бір күліп, бір түнерген аспан сияқты... Түсініксіз. Қара бала түсінем деп басын қатырмайды. Қобда байының малын бағып, егінін жинап күн көруі керек.

Сол түсініксіз күндерде ол кейін әлем жаңалықтарына жаналық қостыратын таңғаларлық бір көрініске тап болды. Ол – тарыдағы таңбалар. Ноқат сияқты, ру таңбаларына да ұқсайды. Шашақтағы шоктанған дәндердің арасынан әмде бір көрініп қалады. Шығанақ көзін алмады. Тарыдағы таңбалар сиқырлап тастады. Ол өмір бойы сол сиқырдың құшағында болды. Басында жөн біледі-ау деген үлкендерге көрсетіп еді, олар кекесін күлкіден әріге бармады. Тасқа түскен таңбаның жөні басқа, эволюциялық даму жемісі, тағдыр мәжбүрледі. Тарыға таңба түсті дегенге, құдай-ау, кім сенеді. Баланың аты – бала. Қайтеді?.. Күрсінді. Бірақ сол күрсінудің өзі оны кейін ұшпаққа шығарды. Ешқашан ұмытылмайтын, тіпті керек десеніз, қара еңбектің құдіретін өмірлік мұратына жеткізген қасиетті сезімді кеудесіне мәңгі ұялатты.

Тағдыр Шығанақ Берсеұлын, көп малакайлы қазақтарша, теперіш төсінде мықтап шыңдады. Байға жалданды, берекет таппады. Белгілі Қазан төңкерісі ығымен кәсіпшілікке бет бұрды, балықшылар бригадасын құрды, бірлесе алмады. Ойылдың суын бұрып, егін екті, мұратына жетпеді. Содан тәжірибе жинаймын деп, бірнеше жыл Сыр мен Жайық бойын жағалап, мұраптық кәсіптің қыр-сырын үйренді. Елге оралды. Өзен суын бөгеді, Ойыл өңірінде ең алғаш түйе шығарды қолданып, ата дәстүрін жаңғыртқысы келді. Ол да диттеген жеріне жеткізбеді. Алайда қайтпады. Өйткені ол – нағыз адал еңбектің адамы еді. Ары да таза болатын және қара басқа кіре қоймайтын оғаш ойға табынатыны сонша, бүкіл ғұмырында таңбалы тары дәндерінің сиқырынан ажыраған күні болған жоқ. Бір жыл емес, екі жыл емес, ширек ғасыр бойы соның бесігінде тербелумен болды. Таңбалы дән ұлы диканды ширек ғасыр бойы сынады, құпиясын ашпады, бірақ Шығанақ оның ерекше дән екеніне құдайдай сенді. Тағдыр мәжбүрлеп, Сыр мен Жайық жағалап, жылдар салып оралғанда тіршілік қамымен ұраға көміп кеткен бірер қап тарысының арасынан сол таңбалы дәндерді іздеді. Тапты. Көзтүрткі қылған күдікшілерге назар аудармады. Жалықпай сұрыптады. Күнге қақталып, маңдай терін ағызып, арық қаздырды. Ойыл суын қашан, қалай ағызу

керектігін Шығанақтан артық білген ешкім жоқ. Арықты жер бедеріне ыңғайлап қаздыру, суды күннің, желдің ыңғайына қарап пайдалану сияқты толып жатқан диканшылық құпия жайында табиғат-анамен тап Шығанақша сырласқан тірі жан болмады. Ақыры ширек ғасыр өткенде ғана, таңбалы дәндерді уыстап егіп, қапшықтап жинайтын күнге жетті. Жанкешті еңбек көп ұзамай Шығанақ Берсеұлын тарыдан өнім алудың дүниежүзілік шынына көтерді. Далалық

Доспанбетов деген азамат біраз игі істерге бастамашы болып еді. Ол дүниеден өтті, қазір оның есімі Ойыл өңірінде ыстық ықыласпен аталады. Тап сол жылдарда, кім түйгені белгісіз, ескі құжаттарды ақтарып отырып, Дәулетжанның әйелі Балзия жиырма төрт жылдан кейін, «Правда» газетіне түйілген жаңағы жиырма төрт түйір дәнге ойда жоқта кезігеді. Азаматымен бірге, даңқты дикан атасының аруағына сиынып, қолдан келгенше тер төккен күндер зымырап

қанжығасына байлап жіберіп, сан соғып қалма. Ұмытылып, өмірге қайта келген жаңалықтардың бәрі – жаналық. Мына сенің өз ауланда қайта өсірген таңбалы тарылар да – жаналық. Шығанақ атанның аруағына сиын да, соның қолдауымен жаңалықтың жаршысы, өмірге қайта әкелуші екенінді өзің мойындап қоймай, өзгені де мойындат» деген тәріздес «ақылғой» әңгімелер қаулады. Әрине, мұндайға, жүрегінді түрмесен де, құлағыңды түрерін анық, Ринат та

## ТАРЫДАҒЫ ТАҢБАЛАР

диканға дүрілдеп тұрған одақтың ең танымал академиктерінің бірі Лысенко:

«Сіз ғылымнан да асып түстіңіз» деп таңдана телеграмма соқты. Неміс әдебиетінің ең көрнекті өкілі Бертольд Брехт бір сәт өз ұлтының өмірін кестелеген туындыларын қоя тұрып, қазақтың сайын даласынан жеткен ғаламдық жаңалыққа таңданысын жасырмай, «болмайтынды болдырған» диканды көрмей, кездеспей-ақ поэмасында көсілте жырлады. Классик акынның зерделі танымы мұнымен тоқтап қалған жоқ, оның немерелеріне көшті. Араға жарты ғасыр салып Шығанақ өскен өңірге сонау неміс даласынан ұлы диканды ұлықтауға Енс Меерле мен Стефан Моннтойфель деген екі жас ғалым келді.

О, құдіретті еңбек! Бұ жер бетінде саған табынбайтын тірі жан жоқ шығар. Өйткені кім тірі жүргісі келмейді?! Кім еңбегінің жемісін көріп, бақуатты өмір сүргісі келмейді?! Әйтсе де еңбек біреуге темірдей қатты, біреуге мақтадай жұмсақ. Біреуге тіл үйретіндей тәтті, біреуге өзегінді өртейтіндей ащы. Фашизммен соғыста Ш.Берсеұлының маңдай терін төгіп, еткен еңбегінің арқасында өсірген тарысы, өсірген тарысының әр дәні «фашистерге оқ болып атылды». Фашистік басқыншылық ұлттық өктемшілікті орбитасынан шығарып, адамзатқа қауіп төндіргенде, дүние құпиясын ақыл-оймен, ғылым құдіретімен шешетін ғұламалар одан құтылу үшін атом бомбасын ойлап тапты. Екеуі де – Еңбектің жемісі. Менің бұлай салыстыруым абсурд болып көрінуі мүмкін, бірақ мойында-мойындама, адамзат соның арқасында бақыт құшағына бөленді, соның нәтижесінде қасірет шекті. Соның арқасында қазір де қарыштап дамуда, соның нәтижесінде қазір де табиғат-ананың омырауын қан-қасап алаңға айналдыруда.

Диканшы да, ғалым да – құдіретті еңбек иесі. Ешкім таласпайды. Қолыма еріксіз қалам ұстатып, толғандырып отырған жайт басқа – сөз басындағы тарыдағы таңбалар. Бала Шығанақтың да, дара Шығанақтың да атын әлемге жайған тарыдағы таңбаларға ешкім онша назар аудармады. Шығанақтың рекорды «Шығанақтың ақ тарысы» деген атаумен әлемді кезіп кетті. Ал тарыдағы таңбаларды басқа – басқа, Шығанақтың жерлестері де сақтықпен есіне алды. Сыртта да, өзімізде де ақ тары ұлықталды, ұлықталып келе жатыр, ал тарыдағы таңбалар жақындасан, жарылып кететін минадай жанына жолатпады, аты онша аталмады. Жақында, үкімет алқабында емес, кәдімгі ауыл үйі ауласында осы тарыдағы таңбаларға қатысты елде еткізерлік оқиға болды. Ақтөбе қаласының іргесіндегі үйдің ауласында жарты ғасырдан кейін, сол таңбалы тарылар «мені ұмытып кеттіңдер ме, мен жоғалған жоқпын» деп жарық дүниеге жар салғандай сыландай өсті. Бар болғаны жиырма төрт түйір дән, бар болғаны үйшілік аула... Иә, ширек ғасыр бұрын Шығанақтың ақ тарысын қалпына келтіреміз деп, Ойыл болып, Ақтөбе болып, бүкіл республика болып азаматтық үнмен аттанысқа шыққанда, басқалармен бірге, сол кезде ұлы дикан атындағы совхозды басқарған Дәулетжан



көз алдына келеді. Жүрек шымырлайды. Ұлы Ринатқа айтады. Ринат та толқиды. Диканшы емес, мамандығы басқа. Не істеу керек?

Бәрі де қарапайым нәрседен басталады. Көленкеде ұйықтап жатқан Ньютонның төбесіне алма түсіп кетіп еді, шошып оянған ғалымның миын алма емес, әлемдік ғылыми жаңалық селк еткізді. Ринат та жанағы ширек ғасыр бұрын «Правда» газетіне түйілген жиырма төрт түйір дәнді, бар болғаны жиырма төрт түйірді, ауласындағы бір ылғалды бұрышқа тастай салды. «Арада ширек ғасыр өтті ғой, дән де не қасиет қалды дейсің, дегенмен нем кетіп жатыр, мүмкін, ұлы дикан қолының ізі қалған дәндер тегіне тартып, тебіне өсер» деп ойлады. Иә, өсті. Өскенде қандай?! Жайқалды дейсің! Қолмен үгітіп, деммен ұшырып, таңбалы дәндерді басқа дәндерден сұрыптап алды. Сол дәндерді ауласына қайта екті. Сары күзде сары алтындай жайтырап, теңіздей толқып, көз тартқан таңбалы дәнге енді қызығушылар қаптай бастады. Тілшілер келді, жас ғалымдар келді, музей қызметкерлері келді. Бірі – газетіне жарияламақшы, бірі – зертханаға әкетпекші, енді бірі – Семейде ауыл шаруашылығы көрмесі өтетін еді деп, сонда қоймақшы. Әкетем дегендерге Ринат көнбеді. Көнбейтіні, ақылшылар көбейді. «Шығанақ атаң жұмыр жерде тары дақылын әлемге танытып, жаңалық ашқанда, онысына патент сұрапты дегенді естіген жан жоқ. Қара мұртты қарапайым қазақтың миына ондай пендешілік ой кіріп те шықпады. Қасындағы қара халықтың мұң-мұқтажы қырық қабат, тер төгілсе, соның қамы, төгілген терімнің өтеуі қайда демеді. Қазір жағдай мүлдем басқа. Заман түзелді, жан сұранысы да, тән сұранысы да зымыраған уақытпен бірге зымырап, дүние шіркінге көзқарасты мүлдем өзгертіп жіберді. Енді жұмыр жерді емес, мың-миллион планеталарды шүлдіктей қағып, мұрнынан тізбелеген құмарлық, кейбіреулер оның шегінен шығып жатса да, ми еңбегіне де, қол еңбегіне де қылдай қиянат қылмай, қадірлей білуге үйретті. «Осындай сапырылыста, «ата даңқы – бала даңқы» деп құр даурыға бермей, жөнге кел. Мына тарыдағы таңбалар ұмытылып бара жатқан ұлы диканның ұлағаттық ісін қайта жаңғыртуға үлкен мүмкіндік. Сол үлкен мүмкіндікті көрінгеннің

сөйтті-ау деймін. Міне, бар болғаны үшінші жыл, «бөрікті аспанған атуға», әрине, әзірге ерте, дегенмен ұлтымыздың ұлықтар ерлігінің бірі ретінде ел есінде жүрген құдіретті еңбекке құрмет сезімі қиялатпай қоймайды.

Бәрі бар, Шығанаққа мүсіндер қойылды, Шығанақты ұлықтаған мұражайлар ашылды, Шығанақтың тәжірибесін тарататын мектептер жұмыс істейді, қаламгерлер қарап қалмады, әншілер сызылтып әнге қосты, о, тек бір ғана және ең басты нәрсе жетпей тұр – рекорд жаңартылған жоқ. Алып таулардың аспан тіреген шындарына жанкешті саяхатшылар көтерілді, Шығанақ шыңына ешкім көтерілген жоқ.

Шығанақ Берсеұлы ұмытуға бола ма?! Ыбырай Жақаевты ұмытуға бола ма?! Жазылбек Қуанышбаевты ұмытуға бола ма?! Кәмшат Дөненбаеваны ұмытуға бола ма?! Олардың әрқайсысы толық ашылмаған құпиялы арал сияқты емес пе? Шығанақтың ақ тарысы әлемді шарлап кетті, ал сол ақ тарының даңқын асырған дәндей таңбаларды, тіпті бір қауызда екі бірдей дән кездесетін таңғаларлық құпияны кім біліп жатыр?! Жақсы хабарды естіп, құлағы елең еткендермен бірге Ринаттың үйіне мен де бардым. Иегімнен келетін тары шашағын құшақтап суретке түстім. Аяғым қағып кетіп, жерге төгілген дәндерден көзімді айыра алмадым. Дәнге де мұндай ғажап таңбалар басылады екен-ау! Бір қауызда екі бірдей дән болады екен-ау! Қайран Шықан, соны жалшылықтағы балалық шағында көріп, рекорд жасаған даналық шағына дейін сол ғажайыптың ғажайып екенін дәлелдеу үшін күресумен өтіпті-ау! Жок, оған жай көзбен қарауға болмайды. «Бәрібір жерге шашылып қалды ғой, немерелеріме көрсетейін, бірер дәнін алуға бола ма?» – дедім. Балзия: «Жок, болмайды», – деді. Неге болмайтыны түсінікті.

Дара Дикан! Құдіретті еңбегіне тамсанардай тамсандық! Рекордыңды жаңартайық деп қақсардай қақсадық. Тамсанғанымыз бойымызға қуат берді, бірақ қақсағанымыздан ештеңе шықпады. Кім біледі, заман өзгерді ғой, жаңалыққа құлшына кірісе алатын ұрпақ өсіп келеді. Ринаттың ауласынан сол ұрпақтың болашағына құмарта қараған сезіммен шықтым.

Тәуелсіз Қазақстанның бірінші Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменовтің өмір жолы мен еңбегі ел тарихында айырықша орын алады. Оның дипломат ретіндегі қызметі жас мемлекетіміздің халықаралық аренада беделін қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Тәуелсіздік жарияланған алғашқы күндерден бастап-ақ ол елдің сыртқы саясаттағы бағыт-бағдарын айқындап, қазақ дипломатиясының негізін қалаған қайраткер ретінде тарихқа енді.

Төлеутай Ысқақұлы Сүлейменов 1941 жылы, 1 қазанда Семей қаласында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі Ысқақ мұғалім болған, араб тілін жақсы білген. Әкесі ұлы Төлеутайдың алғырлығын жасынан-ақ байқап, оны оқу мен еңбекке баулыды. Т.Сүлейменовтің үлкен өмірге қадам басқан еңбек жолы орта мектепті бітіргеннен кейін комсомол жолдамасымен Теміртау қаласында салынып жатқан Қарағанды металлургия зауытына келген кезінен басталды. 1959 жылы Магнитогорск металлургия комбинатында металлург мамандығын меңгерген соң, алғашқы қазақстандық шойынды беру ісіне қатысты. Төлеутай домна цехында шойыншы болып жұмыс істей жүріп, өзін елін сүйетін нағыз патриот ретінде көрсетті, өндірістік тапсырмаларды жауапкершілікпен орындады. 1962 жылы Қарағанды металлургия комбинатының жолдамасымен Қарағанды политехникалық институтының металлургия факультетінің күндізгі бөліміне оқуға түсіп, 1967 жылы оны бітіріп, жоғары білімді инженер-металлург мамандығын алды.

Институтты тәмамдағаннан кейін комбинатқа қайта оралып, инженерлік қызметін жалғастырды. Комбинаттағы өзін белсенді де еңбекқор қызметкер ретінде көрсеткендіктен, цехтың партия ұйымының хатшысы, кейін Қарағанды металлургия комбинатының комсомол комитетінің (аудандық комитет дәрежесінде) хатшысы болып сайланды. Содан соң Теміртау қалалық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, Теміртау қалалық КП комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс жасады.

Бұдан кейін оның дипломатиялық қызметтегі қадамдары басталады. 1977 жылы Т.Сүлейменов Қазақстан КП ОК жолдамасымен КСРО Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясына оқуға жіберілді. Академияда күндізгі бөлімде үш жылдық оқуды ойдағыдай аяқтаған соң, 1980 жылы КСРО СІМ-нің Орталық аппаратына жұмысқа алынды. Ол 1980 – 1981 жылдары КСРО СҚМ-нің Орта Шығыс елдері бөлімінің бірінші хатшысы болып еңбек етті. Осы жылдарда ол өзінің зеректігі мен алғырлығының арқасында ағылшын, ауған (дару), парсы, поляк, чех, тәжік тілдерін меңгеріп алды. 1981 – 1985 жылдары КСРО-ның Ауғанстандағы Мазари-Шариф қаласындағы Бас консульдығында консуль қызметін атқарды. 1985 – 1987 жылдары КСРО СІМ Орта Шығыс елдері бөлімінің кеңесшісі, 1987 – 1988 жылдары КСРО СІМ Дипломатиялық академиясының басшы дипломатиялық кадрларды жетілдіру курстарының тыңдаушысы, 1988 жылғы тамыздан 1991 жылғы желтоқсанға дейін КСРО-ның Ирандағы елшілігінде кеңесші-уәкіл болды.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел басшылығы оны 1991 жылғы желтоқсанда Алматыға шақырып, Сыртқы істер министрлігін басқаруға ұсынды. 1991 жылғы 21 желтоқсанда Президент Жарлығымен Төлеутай Сүлейменов тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. Сол кезде елімізде бірде-бір елшілік, консульдық, дипломатиялық инфрақұрылым

# ТҰҢҒЫШ

болмаған еді. Соған қарамастан, Т.Сүлейменов бастаған алғашқы дипломатиялық корпус іркіліп қалмай, сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға кірісті.

Сыртқы істер министрлігінің алдында тұрған екі негізгі мақсат айқын еді. Біріншісі – халықаралық ұйымдарға мүше болып, Қазақстанды әлемге таныту. Екіншісі – шет мемлекеттермен ынтымақтастық орнатып, экономикалық даму үшін инвестиция тарту. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда Т.Сүлейменов ерекше табандылық пен көрегендік танытты. Нәтижесінде, 1992 жылдың ортасында Қазақстанды елуге жуық мемлекет ресми түрде танып, еліміз БҰҰ және ЕҚЫҰ секілді беделді ұйымдардың толыққанды мүшесіне айналды. Т.Сүлейменов кадр тапшылығы мәселесін шешуге де белсенді кірісті. Кеңес Одағы кезінде СІМ-де қызмет еткен қазақ дипломаттарын елге шақырып, олардың тәжірибесін жас мамандарға үйретуге жағдай жасады.

Сыртқы істер министрі жұмысын жемісті аяқтағаннан кейін Т.Сүлейменов дипломатиялық қызметін Қазақстанның шет елдердегі Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде жалғастырды. Ол 1994 жылғы шілдеден 1996 жылғы желтоқсанға дейін Қазақстанның АҚШ-тағы Елшісі қызметін атқарды. Вашингтондағы жылдарында Қазақстан-Америка саяси және сауда-экономикалық қатынастары жанданып, жоғары және аса жоғары деңгейдегі екіжақты сапарлар, шағын және орта бизнес өкілдерінің өзара алмасуы, Қазақстан экономикасына америкалық инвестициялар тарту ісі жанданды.

Ол 1997 жылғы қаңтардан 2001 жылғы ақпанға дейін Венгриядағы, сондай-ақ қоса атқару тәртібімен Словакия, Чехия, Польша, Болгария және Румыниядағы елші болды. Бұл елдерде қызмет атқару кезінде екіжақты сауда, экономикалық ынтымақтастық, жекешелендіру тәжірибесін зерттеу, бірлескен кәсіпорындар құру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу салаларында ауқымды жұмыстар жүргізді. Қазақстан-Венгрия қатынастарының дамуына қосқан үлесі үшін Венгрия Республикасының Президенті Т.Сүлейменовті «Қос Күміс Крест» орденімен, ал Словакия Республикасы Президенті екі ел арасындағы саяси, сауда-экономикалық және мәдени байланыстарды кеңейтіп, тереңдеткені үшін «Қос Крест» орденімен марапаттады.

Т.Сүлейменов 2001 жылғы ақпаннан 2003 жылға дейін Брюссельдегі Бенилюкс елдерінде елші болды. Қазақстанның Еуропалық Одақтағы, НАТО-дағы және Еуропарламенттегі Тұрақты өкілі қызметін қоса атқарды. Осы кезеңде ЕО институттарында, Еуропалық Одақтың Орталық Азия және Қазақстанмен экономикалық ынтымақтастығы саласында берік өзара іс-қимыл бағдарламасы әзірленді. Брюссельде орналасқан НАТО Бас хатшысының Астанаға келуіне белсенді түрде ықпал етті.

2003 – 2005 жылдары Т.Сүлейменов Қазақстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі ретінде Польша Республикасында қызметін жалғастырды. Қазақстан мен Польшаның экономика, мәдениет, білім беру және ғылым салаларындағы екіжақты ынтымақтастықты белсенді кеңейту бағытында атқарған жан-жақты әрі жемісті жұмысын ерекше атап өткен жөн. 2005 жылы Польшаның Президенті Александр Квасьневскийдің Жарлығымен Т.Сүлейменов «Қызметтегі еңбегі үшін» орденінің «Командорлық



Крестімен» марапатталды.

2005 жылы Сыртқы істер министрлігіндегі көпжылдық қызметін зейнет жасына келуімен аяқтаған соң, Т.Сүлейменов Қазақстанға оралып, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына Проректор – Дипломатия институтының директоры болып жұмысқа орналасты. Академиядағы қызмет жылдары ішінде оның тыңдаушылары 14 докторлық (PhD) және 40 магистрлік диссертацияны қорғады. Т.Сүлейменов – дипломатия, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік, сондай-ақ Қазақстанның көпвекторлы сыртқы саясатының қалыптасуы жөнінде 130-дан астам мақаланың, 11 монографияның авторы. 2008 жылы саяси ғылымдар кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациясын сәтті қорғап, 2010 жылы саяси ғылымдар докторы ғылыми дәрежесін қорғап, профессор атағын алды.

Қарағанды металлургия комбинатындағы, кеңестік комсомол және партия органдарындағы, КСРО, Ресей және Қазақстанның Сыртқы істер министрліктеріндегі жемісті еңбегі және жоғары білікті дипломатиялық кадрларды даярлаудағы еңбегі үшін Т.Сүлейменов Құрмет белгісі орденімен (1976), «В.Лениннің туғанына 100 жыл» мерейтойлық медалімен, Ауғанстанның «Әфтехар» жауынгерлік еңбегі үшін орденімен (1984), Құрмет орденімен (2001), Венгрия Республикасының «Қос Күміс Крест» орденімен (2001), Словакияның «Қос Ақ Крест» орденімен (2001), Польшаның «Қызметтегі еңбегі үшін» орденінің «Командорлық Крестімен» (2001), Парасат орденімен (2009), Ресей Федерациясының Достық орденімен (2012), III-дәрежелі Барыс орденімен (2016), I-дәрежелі Барыс орденімен (2021), Словакия СІМ-нің «Алтын» медалімен (2001), Чехия СІМ-нің «Естелік» медалімен (2001), «ҚР дипломатиялық қызметінің еңбек сіңірген қызметкері» атағымен (2005), ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен (2002, 2007), Экономикалық ынтымақтастық ұйымының халықаралық сыйлығымен (2012, Иран), ҚР Президентінің Алғыс хаттарымен (2011, 2016), Венгрия СІМ-нің Құрмет грамотасы және медалімен (2013), Польша СІМ-нің Құрмет грамотасы және медалімен (2013), «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне – 25 жыл» медалімен, «Қазақстан

Республикасының тәуелсіздігіне – 20 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы» медалімен, «Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріне – 10 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасы Парламентіне – 10 жыл» медалімен, «Астанаға – 10 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасы Қарулы күштеріне – 20 жыл» медалімен, «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметіне – 25 жыл» медалімен, Нәзір Төрөқұлов медалімен (2008), сондай-ақ ҚР СІМ-нің және басқа да бірқатар министрліктердің, агенттіктердің, ғылыми және қоғамдық ұйымдардың грамоталарымен марапатталған. 2020 жылғы желтоқсанда Т.Сүлейменов Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жоғары атағына ие болды.

2021 жылғы желтоқсанда Т.С.Сүлейменов «Отанға қызметі үшін» орденімен марапатталды. Сондай-ақ ҚР СІМ-нің «Еңбек ардагері» медалімен, «Қазақстан Конституциясына – 25 жыл» медалімен, «Қазақстан тәуелсіздігіне – 30 жыл» медалімен, «АӨСШК – 30 жыл» бірінші дәрежелі мерейтойлық медалімен нағдалды. 2022 жылғы шілдеде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 30 жылдығына орай ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Құрмет грамотасымен марапатталды. Ол 7 томдық «Қазақстан энциклопедиясын» әзірлеу тапсырылған ғалымдар құрамына енгізілген. Төрт жыл ішінде энциклопедияның жобалық нұсқасы жазылып, қазір тиісті органдардың қарауына жіберілді.

Т.Сүлейменов – Шығыс Қазақстан облысының және Аягөз қаласының Құрметті азаматы. Ол өңірде белгілі мектеп ретінде танымал. Өзінің оқыған мектебінде оқушылардың оқу жағдайын жақсартуға көмектесіп, жана компьютерлер, теледидарлар, заманауи интерактивті такта және басқа да жабдықтармен қамтылған компьютер сыныбын ашты. Қазақстандағы ең көне әрі жетекші педагогикалық оқу орындарының бірі – Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжде 1925–1931 жылдары білім алған әкесі Ысқақ Сүлейменов атындағы аудиторияны ашты. Оның қаржыландыруымен 2011 жылы Аягөз қаласында қазақстандық Олимпиада чемпиондарының қатысуымен салтанатты түрде ашылған бокс спорт кешені салынып, Аягөз қаласының әкімдігіне тегін берілді. 2015 жылы қала тұрғындары үшін 600 шаршы метрлік аумақта көптеген спорттық құрылғылары бар спорт алаңы салынды. Т.Сүлейменовтің жұлдесіне Қазақстанның барлық облыстарының, Алматы және Астана қалаларының құрамалары, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Әзербайжан боксшылары қатысқан 8 мәрте республикалық және халықаралық бокс турнирі өткізілді. Бокс мектебі спортшыларына жаңа жолаушылар автобусы сыйға тартылды.

Еліміздің дипломатиялық қызметі толық қалыптаспаған шақта сыртқы саясат саласында тұңғыш Сыртқы істер министрі болып жемісті еңбек еткен Төлеутай Ысқақұлы Сүлейменовтің еңбегі әркез халықтың есінде тұраар анық. Тұңғыштың аты – тұңғыш. «Елдік мәселенің ұсағы болмайды» деген қағиданы ұстанған Төлеутай Ысқақұлы асқан жауапкершілікпен өзіне сеніп тапсырған мәртебелі қызметін жемісті атқарып, Сыртқы саясат ведомствосының шырағын жаққан жарық жұлдызы болды. Жағылған шырақ әрқашанда жарқырай түссін деген ерекше құрметпен бүгінде Төлеутай Ысқақұлын мақтан тұтамыз!

Гүлсім ЕҢСЕПОВА,  
ҚР Сыртқы істер министрлігінің  
I-сыныпты кеңесші-дипломаты



**Гүлжаһан ОРДА,**

*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы*

**Ғылым және жоғары білім министрлігі «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» нысаналы бағдарламасының «Әдеби өлкетану» тақырыбын зерттеу мақсатымен Жетісу облысындағы бірсыпыра қаламгерлердің шығармашылығы зерттеу нысанымызға айналды. Солардың бірі – қазіргі қазақ әдебиеті өкілдерінің бірі Молот Солтанаев.**

Молот Солтанаев 1950 жылдың 12 қыркүйегінде қазіргі Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Қорғас ауылында дүниеге келген. 1981 жылы С.М.Киров атындағы университеттің тарих факультетін бітіргеннен бері баспасөз бен білім беру саласында еңбек етті. Ақын, жазушы, журналистің ұзақ жылдардағы еңбегі бағаланып, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Журналистер одағының мүшесі, Панфилов ауданының құрметті азаматы атанды.

Оқырман қауымға «Ауылым баурайында Бестөбенің» (2004), «Жүрегім құрақ жапырақ» (2016) атты жыр жинақтарымен, «Тағдырлы тарихымның түп қазығы» (2020), «Суан елінің батырлары» (2023) тарихи-танымдық кітаптарымен таныс қаламгердің прозалық «Ормандағы ойран» (2024) жинағы қолымызға тиіп отыр. Қазақ әдебиетінің тарихында бірсыпыра ақындардың шағын лирикадағы кейіпкерлерін прозаға алып келгені белгілі. Сол сияқты Молот ағамыз да поэзиядағы кейіпкерлерін оқиғаны кеңірек қауайтын проза жанрына алып келгеніне куә болып отырмыз. Кітапқа жазушының бірсыпыра әңгімелері мен «Ормандағы ойран», «Жолаушы», «Жанкешті» хикаялары топтастырылыпты. Бұл шығармаларға қаламгердің өзі өмір сүрген өлкенің арғы-бергі тарихына қатысты үлкенді-кішілі оқиғалар, ал әңгімелеріне кейіпкерлер төңірегіндегі бір сәттік шағын оқиғалар арқау болған. «Ақиқөз» әңгімесінің оқиғасы лирикалық шегініспен өрбиді. Сексенінші жылдары қырғыздардың оншақты жылқысын барымталап ұсталып қалған ауылдың төрт жігітін сот орындаушыларынан арашалап, екіжақты келісімге келтіріп енді мәселе шешіле бергенде, Ақиқөз ақсақалдан бата сұрайды. «Ой, әкеннің тақ ауызын ұрайындар. Ұрлайсын ұсталасың, ұрлықтың қадірін кетіріп, беделін түсіріп. Әй, мен қырық жыл жылқы алдым, бірде-бір рет ұсталмадым ғой, ей, а» деген сөзі біткелі тұрған шаруаны ушықтырып жібереді.

Ауыл ақсақалдары жиналған қонақтыққа «Ақиқөз» аталып кеткен Қапсалам ақсақал өзінің қырық жыл бойы жылқы алғанын айтып береді. Барымтаны ұрлық деп ойламаған қазақ баласы бертінге дейін ауыл арасындағы қылқұйрықтарды жымқырып отырғаны белгілі. Сондай көзсіз батырдың бірі – Қапсалам ақсақал. Алғашында құдаларының ауылынан құдаға мінгізген атын екі-үш күн тау ішімен жүріп, алып келген боз-

бала келе-келе алыс ауылдардан жылқы ұрлауды әдетке айналдырады. Қауіпті де қатерлі жолда қырық жыл жүріп, ұл-қызын оқытып, бәрін аяқтандырған қария тоқсанға келгенде ақталу үшін емес, адам қолынан келмейтін шаруаға ұмтылмауы керек дегенді меңзеп отыр. Кейіпкердің: «Өмірімнің ең жігерлі жастық жылдарын осындай өзім ерлік, бұрынғы өткен ата-бабамыздан қалған жаугершіліктің, батырлықтың бір белгісі санаған барымтаға жұмсап келгеніме кейін ғана ақылым жеткеніне өкінем», – деген сөзінен оның өмір бойы ұрлықты барымта деп түсінгенін байқауға болады. Барымтаны қазақ ерліктің, жүректіліктің белгісі деп түсінген. Сондықтан барымтаға өзіне сенген қас батырлар ғана тәуекел ететін болған.

«Күйші» әңгімесінде суреттелген Албан, Суан, Қытай қазақтарының арасында аты кең жайылған Әлібай күйші мен оның ұлы Дәулетбектің өнері мен өмірі арқылы күй өнерінің құдіретіне куә боламыз. 1930–1937 жылдары қазақтың талай азаматы «халық жауы» болып айдалып кеткенде, Дәулетбек ұсталып кеткен Нұрқожаның сыртынан ешқандай жаман сөз айтпайды. Жазушы кейіпкердің осындай істерімен оның күйшілігімен бірге азаматтық болмысын ашуға тырысқан.

«Бозқырау» әңгімесінде «үрерге иті жоқ, сығарға биті жоқ» жермен құда болғаны үшін келінін тілдей берген ененің кесірінен қос ғашық алма ағашына асылып өлген қайғылы оқиғаға кезігіміз. Жазушы «айтылған сөз – атылған оқ» екенін, «сөз сүйектен өтетінін» ененің сөздеріне сыйғызса, бір-бірін сүйген қос ғашықтың шешімінен оларды өлімнен басқа ештеңе ажырата алмайтынын ұғамыз. Ене мен келін арасындағы қактығыстар қазақ әдебиетінде біршама суреттелгенмен, жазушы шайпыауыз ененің ұлы мен келінінен бірдей айырылған қасіретімен оқырманға ой салады.

«Қамшының киесі» әңгімесінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, үлкеннің сөзін тыңдау секілді ұлттық тәрбие көрініс береді. Авторлық ұстаным кейіпкердің «Қазақтың киелі деп саналатын қамшысының да артық кетсең жыныңды қағып, тәубеге келтіретін, жөні түзу жолға түсіретін, тәрбиелі жолға салатын қасиеті бар екен-ау деген ойға келдім» деген ойына сыйып тұр.

«Амандасудың әлегі» әңгімесінде сүт пісірімдей уақыттағы оқиғаға куә боламыз. Атты кісіге қалқадан атып шығып амандасамын деп, атын үркітіп, өзін шаң топтыраққа құлатқан баланың қылығынан амандасудың да жөн-жоралғысы болатынын көреміз. «Ұлытаудың ұлары» әңгімесінде түсінде Ұлытаудың ұларын көрген кейіпкердің біраз жылдан соң, сол түсінің орындалып, балалы-шағалы болғанына кезіксек, «Менің оқушымда» екі құрдастың шәкірттерінен олардың болмысын байқаймыз. «Албасты» әңгімесіне аңға шыққан аңшыларға үңгір аузында кездескен мақұлық арқау болған. Орман, тауда жүретін «Қар адам», «Кісі киікке» ұқсас түрі қорқынышты бұл мақұлықты қазақ «албасты» десе керек. Оны жазушы былай суреттейді: «Жалпақ танауының тесігі үңірейіп, алау-далау болған бір пәле ыңыранған үн шығарып, аңшыларға тесірейе қарайды. Тұла бойын бастан-аяқ тұтастай сабалақ түк басқан мақұлықтың салбыраған қолы тізесін соғады. Өзі жұмған саусақтарына бірдене ұстап алғандай. Оттың жарығы түскен екі көзі жылт-жылт етіп, зәрулерін одан сайын ұшырған».

«Қазақтың Мюнхгаузені» әңгімесіне қарсақ қуамыз деп қошқаршының биесін өлтіре жаздаған аңшы Әзекеннің өтірікшіні араласы қызықты әңгімелері арқау болған. Әзекеннің әңгімелерінен еріксіз күлкіге көмілгендер «Өтіріктің өзіне күлме, қисынына күл» дегенге куә болғандай. Аталған әңгімелердің барлығына

бір сәттік оқиғалар арқау болғанмен, олардың негізгі кейіпкерлері өмірден алынған, жазушының өзіне жақсы таныс адамдар. Жүрген жерінде әңгімешіл қарияларды іздеп жүретін жазушы, ел аузындағы әңгімелер арқылы өз замандастарының басынан өткен түрлі оқиғаларды әдебиетке алып келген.

«Ормандағы ойран» хикаясының оқиғасы негізгі кейіпкер аңшы Жоламанның төңірегінде өрбиді. Шытырман оқиғаға құрылған хикаяның әр тарауындағы оқиғалар араға екі жыл салып жалғасып отырады. Оқиға таң ағарғанда межелі жеріне жеткен Жоламанның еліктің үлкен текесін атып алуынан бас-

нен көргенін істеп, ағаштан ожау шауып, аңшылықпен айналысты. Әкесі бұл кезде үйреншікті ұсталығы мен өрімшілдігіне қайта кірісті. Өрімші әкесі жасаған ат әбзелдерінің қамшыдан бастап, түрлі бедер салынған қайыстан өрілген жүген мен тізгін-ноктасына, тартпасы мен өмілдірігіне, құйыскандарына қызығушылар жетіп артылатын. Әкесі өзіне мылтығын табыстағалы отбасының асыраушысы болып, аң терісін тұздау, жайып кептіру, илеп керек-жаракқа пайдалану сияқты шаруаларды игеріп алды. «Анасының табыстауымен атып алған семіз бұғының, кейде еліктің текесінің ішін жарып жіберіп, іш майымен қоса, тоқ ішегін ұзын-

## ҚИЛЫ КЕЗЕҢНІҢ

талады. Жаяу аңшы елікті атқанмен, оны арқалап төмен түсіру оңай болған жоқ. Оны жазушы былай суреттейді: «Тездете басқанымен, әртүрлі ой қаумалап дегбірі кеткен Жоламанға жүктің салмағы енді батты. Алқына көтеріліп тепсеңнің шетіне аяқ басқанша да бірталай уақыт өтті. Әншейінде мұның аннан қайтқанын күндік жерден сезіп, арсалдап үріп алдынан шығатын Бөрібасар да жоқ...»

Көңіліне күдік ұялаған аңшы өлі тыныштықтан секем алып, ентелеп келе жатқанда бөренеден салынған ағаш үйінің есігі айқара ашық жатқанын көреді. Жақындағанда басы еніске қарай шалқалап, сұлқ түсіп қимылсыз жатқан әкесіне көзі түседі. «Ұлым келгенше шыдауым керек, оның өмірін сақтап қалуға тиіспін. Кім екенін айтамын. Айтамын...» деп баласының өзінің кегін қайтаратынына сеніп оны күтіп жатқанмен, баласы келгенде «Мылтығы бар... ала ат, ала ат» дегенді айтуға ғана шамасы келді. Басын көтере бергенде етпетінен құлап жатқан анасын көрді. «Жарылған шүйдеден аққан қан көзі мен бетіне түгел жайылып, кеберсіп, қабыршақтанып ката бастапты».

Жоламан бір отбасының ойранын шығарған сұмдықты кім жасағанын білмесе де, қан жоса болып жатқан әке-шешесінің кегін алатынын айтып Құдай алдында, орман-тоғай киесінің алдында жар салды. Екі балапанының аман екенін білген соң, олар шошынып қалар деп үйге бұрылғанмен, балалары аналарын сұрағанда, бөгеліп барып «Келеді» дегеннен басқаны айтуға шамасы келмеді.

Кеше таңертең аңға шығарда әкесі келінінің қоржынына илеген терілерін салып, қалаға жұмсап отырғаны есіне түсіп, енді аяғы ауыр Қалишаның жағдайын ойлап дегбірі қаша бастады. Иесіне араша түскен Бөрібасарды өкпесінен атып, оған өле қоймаған соң, ауыр нәрсемен ұрып басын мылжалап, көзін ағызып жіберген соң өлгені белгілі болды.

Жоламан ашыққан екі баласын тамақтандырған соң, күн батпай әке-шешесін жер қойнына тапсыруға кірісті. Олардың аяқ жағына Бөрібасарды қойды. Таң атқанша кірпік ілмей, әлемдегі ең жақыны әке-шешесінің өткен өмірін көз алдынан өткізді. Ормандағы аңшы үйіне қарумен келіп, иелерін өлтіріп, азын-аулақ жинаған терілерін түгел үптеп кеткен содырлардың кім екенін білмей дал болды. Ойды ой қуып, екі жыл бұрын қаладағы базарға барып тері сатып тұрғанда бұған әлімжеттік жасаған екеудің сыбағасын бергені есіне түсті. Одан өзге адам баласының бетіне келмеген Жоламан бұл сойқанның кімнің қолымен жасалғанын ішіне түйді. «Иә. Мына жауыздыққа барған солар болды», – деп баяғы базар алаңындағы таптал түсте бас салған, заты басқа көрінген зәнталақтарға тоқтады».

Жоламан да ата-баба жолымен әкесі-

дау етіп кесіп алып, оны ағын суға шайып жіберіп, ерінбей үйге көтеріп әкелетін». Осылай орман ішінде өз күндерін өздері көріп отырғанда, тыртық шеке мен қамыт аяқ отбасын ойрандап кетіп отыр. «Таң ағара бастады. Кешеден бергі тартқан қайғы-шер, ата-анасын жер қойнына тапсыру азабы еңсесін езіп жіберіпті. Балаларыма не айтамын деп отырғанда, алыстан жылқының кісінегені құлағына талып жетті. Оқырған дыбысын тұспалдап алып ақыры жетті-ау. Ат басын шұлғып, шылбырын үзіп келпейтіндей етіп жуан қарағайдың биігірек біткен бұтағына қысқартып байлаған екен, бұл жақындағанда оқыранып, тыпыршып кетті».

Айналоқтап шықылықтап жүрген сауысқанның қасына жете бергенде, қу қарағайға таңылған Қалишаны көрді. Қанды қол қарақшылар Қалишадан Жоламанның аңға кеткенін біліп, отбасын ойрандап кеткенмен, не куә, не айғақ таппай дал болды. Әкелері көрсеткен үңгірге ойнауға кеткен екі баланы періштелері қағып аман қалғанына шүкіршілік етті.

Арада екі жыл өткенде балалары өзіне қолқанат болып, әкелері аңға кеткенде, тұзақ құрып құс аулай бастады. Осылай күн артынан ай өтіп, ай артынан жыл өтіп тірі адам тіршілігін жасап жатты. Жоламан аңшы орталықтағы базарға аң терісінен бөлек, ыждағатпен жасалған төс тартпа, шап тартпа, қос тартпа, құйысқан, өмілдірік, үзенгі бау тәрізді жасаған бұйымдарын шығарып, сатып жүргенде өзіне таныс тыртық шекені көріп қалды. «Құлақшының бастыра киіп шекесіндегі тыртығы көрінбей тұрса да, жапырылған мұрны мен сұғанақ көзі білдіріп қойды». Артынан андымаққа іле-шала шыққанмен, көз жазып қалды. «Ұрының арты қуыс» дегендей, тыртық шеке өзінің айыпты екенін біліп жылыстап кете барды.

Орман ішінде жалғыз үй болып отырудың оңай еместігі әке-шешеден кейін байқала бастады. Қаладағы досы Жанаманның «Бір-бірімізге сүйеніп тіршілік етсек...» деген ұсынысын қуана құптап, екі дос көрші отырып бір-біріне қарасуды ойлады.

Жазушы аңшының ірі бұғы, елік, тауешкі тәрізді аңдарды аулап, олардың етін, терісін жинап, бастырып, оларды малға салып, одан кейін өңдейтінін, ұсақ аңдарды тұзақпен алатынын, қақпан, қыл тұзақ, қайыс тұзақтарды қалай салатынын суреттеуде атадан балаға мирас болған аңшылықтың қыр-сырына қанық екенін байқатады, осылайша, қазақ халқының этномәдени құндылықтарынан біраз мағлұматты хикая бойына әдемі кіріктірген.


Аңшы тайыншадай текені қанжығасына байлап, «алар олжамды молынан алдым бұйырса, осы жүріспен таң ата қонысымды табармын» деп демін

басуға отыра бергенде, тау арасынан ұзақтан атылған мылтық даусын естиді. Бұл кезде қалашықта тұратын өзі секілді екі-үш аңшыда болмаса, мылтығы барлар кездесе бермейтін. Жоламан мылтықтың жылқышы жігітпен қашып кеткен қызын іздетіп жүрген Төсекбайдың жандайшаптарының қолында ғана болатынын біледі. Қалған жалшылар сойыл сүйретіп, беліне шокпар байлайтын.

Екі салт атты бір аттыны алдына салып қуып келе жатқанын көрген. Салт аттының бірінің мінгені «Ала ат» екенін көргенде, қанды қол қарақшылардың өздері алдына келгенін жүрегі сезді. Жоламанның есіне әкесінің «мылтығы бар»,

інім! Сендерді қорғап қала алмадым...» деген зарына олардың шер-шеменін сыйғызған. Іштегі запыранын төге алмай жүрген жігіттің жан жүйесін Әлимань зары босатқаны нанымды суреттелген. Хикаяға ақ патша құлап, ел ішінде Кенес өкіметі орнай бастаған жылдардағы оқиға арқау болған. Жазушы Төсекбай тәрізді малына сенгендердің жандайшаптарының қолымен жасаған қылмыстары мен ел өміріндегі шындықты шынайы калпында бейнелеген. Жалпы, шытырман оқиғалы хикая кино түсіруге сұранып тұрған секілді.

«Жолаушы» хикаясының оқиғасы Қондыбай ақсақалдың әңгімесімен өр-



## КӨРКЕМ СУРЕТТЕРІ

«ала атты» деген сөздері түсті. Қашқан жалғыз аттыға көмектеспек болған ол, «Жасырынған жерінен екі аттап шығып, атынан түсіп әлденені қолымен нұсқап қарқылдай сөйлеп, тарқылдай күлген дәу қараны қақ маңдайын ала тартып жіберді. Ызалы жүрек ата жауына оқ жолдауға қолға ерік берді. Жақыннан тиген дара оқ құлапаралы шойқараның басының қақпағын ұшырып, миын шашып жіберді. Тізесі бүгіле бере сылқ етіп, жантая құлаған қарақшының қан атқылаған денесі алдыға қарай құлады да, жоқ болды».

«Маған қарсы келер жау жоқ деп жүрген бас қарақшының» миын шашып, тыртық шекені бір окпен жайратқан аңшыдан сескенген екеу, ордағы жігітті шығаруға көмектесті. «Жирен құрылған торға екпінімен келіп құлағанда, жігіт басынан аса ұшып барып ордың түбіне үшкірлеп тіктеп бекіткен қадаларға қадалыпты». Алғашқы атып түсірген қарақшы да өзі қазған орға басымен құлапты. Өзін Қайырлымын деп таныстырған шала жансар жігіт Аюлы сайда жалғыз қалған Әлимасын аманаттап, қарақшылардың Төсекбайдың адамдары екенін айтып үлгерді. Үш-төрт жерінен істікке шаншылып, қорылдап жатқан атты өздеріне бауыздатып, жануардың обалын қарақшылардың мойнына артты. Екеуінің мойнын арқанға іліп, аяқтары жерге жетер жетпес күйде, бындырған арқанды қолмен тартып ұзақ тұра алмайтынның білген аңшы қарапайым адамдарға істеген зауалдарын өздеріне қайтарды.

Жазықсыз отбасын ойрандап, әке-шешесін өлтіріп, әйелін ажал аузына тастаған қарақшылардан ескі кегін алған аңшы Қайырлының мүрдесін сүйретпеге салып, таң ата Аюлысайға жетті. Әлима екеуі іштегі шерін шығарып, Қайырлыны жер қойнына тапсырған, әке-шешесіне бармаймын деп зар илеген келіншекті өзімен бірге үйіне ертіп кетеді.

Бұл – Төсекбай зомагер ірі саудагердің аты жер жарып тұрған кез. Төсекбай нақсүйерінен туған қызы бойжеткенде оңтүстіктің жасы жер ортасына жеткен бай саудагеріне тоқалдыққа бермек болғанда, Әлима жылқышы жігітпен сөз байласып қашып кеткен болатын. Төсекбайдың пәрменімен жылқышының соңына түскен жандайшаптары «Жүйріктің аты – жүйрік. Шабысына шаң ілеспес тұлпарды арандатып орға жығып, бозбаланы өлідей не шалажансар күйде ұстауды ойластырып», алдын ала ор қазып, Қайырлыны орға атымен қоса құлатқан жерінде алдарынан шыққан мерген аңшы олардан әке-шешесінің мерген алды. Жоламанның Ташкеннен Түменге дейін кіре жүргізіп байып алған оның қол астындағы барып кел, шауып келін орындайтын қарақшыларын бір өзі жайғағаны шынайы бейнеленген.

Жазушы Әлимань жоқтауы мен Жоламанның «Кешіріңдер, кешіріңдерші мені қамқорларым, асқар тауым әке, алтыным анашым! Айналайын



биді. Ақ патшаның кезінде қазақ жеріне қоныстанған кірмелердің бірі, қазақтарды құлша жұмсап, байып алған Куликовтың жалшысы Қондыбайды жазушы оқырманға былай таныстырады: «Денесімен тұтасқан жуан мойнына анау-мынау деген жігіттің білегі жетпейтін, керекарыс кеуделі тұлғасы шойыннан құйғандай азаматтың жүрісі де маң басқан бура сынды. Иықты адамның қолдарының тарамды саусақтары да бала жігіттің санындай, ұстаған жілігін бір бұрауға келтірмей үзетіндей. Алқынған кеудесін қуалап аузынан шыққан буы жаздағы самауырдың оттығынан шалқығандай бұрқырайды». Портрет кейіпкердің сырт тұлғасын таныстыруда таптырмас құрал болса, жазушы Қондыбайдың болмыс-бітімін оның портретіне сыйғызған.

Кержак Василь мен Күлікіп өзара тәржікелесіп, Қондыбай Васильдің өгізін көтеріп әкетсе, оны қайтарып алмауға бәстеседі. Алғаш қар түскен күні Қондыбай Васильдің қорасындағы бір өгізін алып кетеді. Мұны естіген Күлікіп жалшысымен мақтанбақ болып, өзінің де өгізін ел көзінше көтеріп алып кетуіне кеңес береді. Ел көзінше қожайынның ең үлкен өгізінің артқы екі сирағын пиманың ішіне салып, алдыңғы екі сирағын екі иығына салып тік көтергенде, кара пималы өгіз бұлқынып, тартынуға шамасы келмей, оған еріп жүре береді. Қондыбайдың пәлен пұт тартатын өгізді көтерген қара күші мен әдіс-айласына орыс біткен аузын ашып қала береді.

Осындай алып денелі Қондыбайдың әлеуметтік жағдайы өте төмен екенін оның кірмеге жалдануынан бөлек, үстіндегі көнетоз киімдерінен де көруге болады. «Күлікіп осы сөзімен көнетоз шапан, ескі саптама етік, әр жер, әр жерінен жүні шыққан құлақшын кесе де, құрыштан құйғандай сом денелі Қондыбайдың алып күшіне тұңғыш рет риза болған кейіп танытыпты».

Қара күшімен, әдіс-айласымен келімсектерге деген ашу-ызасын бір күнде осылай сыртқа шығарған қазақтың алып күш иесі – палуандығы ауыздан-ауызға аңыз болып тарап жатса, Қасымбек қарияның да өз басынан өткергендері ел ішінде аңыз болып жүр еді. Жас кезінде Аршаты, Теректі, Қайыңды жайылымдарында көкпар тартқанын, Қасымбек пен Сауқымбектің көкпарын сұрап алып үйіне тастаған немересіне той жасаған Манасбек қарияның әңгімесі – қазақтың жаймашуақ күндерінің көрінісі. Манасбек қария қазақтың кілең палуандары жиналған жерде ауыл малына шауып, тынышын алған аю туралы айтады. Кенжеғұлдың айтуымен, көпшіліктің сұрауымен аюды алуды Қасымбек пен оның досы Сауқымбекке табыстайды.

Жас кезінде екі аю алған Қасымбек ақсақал екі жігітке аюды қалай алуды үйретіп, оларды біраз күн жаттықтырады. Берік болаттан құйылған өткір селебесін Қасымбектің қолына беріп, аюдың тырнағы ілінбейтін қос қабаттап көбе тігіп береді. Аюға түсер киіміне денесін үйрету үшін жанын сала машықтандырып, өз баласындай қамқорлығына алады. Бар әдіс-айласын үйретіп болған соң, өзіне хабар жеткенде аюды алуға кеңес береді. «Жолбарыста бір адамның күші, қырық адамның айласы бар. Ал аюда қырық адамның күші, бір адамның ақылы бар» деген халық аюдың осал жау емесін білген. Манасбектің бір танасын қуып жүріп, өкіртіп-бақыртып талап өлтіріп, көтеріп кеткен соң, Қасымбекке «Жетсін!» деген хабар береді. Қасымбектің аюға қарсы шығып, алапат күш иесін әдісімен алуы – жүректілігінің көрінісі ретінде нанымды суреттелген.

Манасбек сөзінде тұрып аю алған Қасымбектің үстіне шапан жауып, екі құлынды биені тарту еткенде, ол өзіне аю алудың бар әдіс-тәсілін үйреткен ұстазы Қасенге бір биені құлынымен тарту етеді. Осы оқиғалардың барлығы Қасымбектің бейнесін толықтыра түскен. Ол – алып күш иесі ғана емес, қазақтың жөн-жоралғысын білетін, әдептен озбайтын, үлкенге құрмет жасай білетін пейілі кең азамат.

«Жанкешті» хикаясының кейіпкері де өз ерекшелігімен оқырманның есінде қалады. Жеңгесі «қанішер қайным» деп отырған Төреғұл – жас кезінде ел-жұртын аштықтан құтқару үшін қарақан басын талай рет ажалға байлаған батыр. Оқиға лирикалық шегініспен, Жанлейістің әңгімелеуімен өрбиді. Қарақшы атанған Төреғұлдың жастық шағы қазақ даласына Кенес өкіметін орнатумен тұспа-тұс келді. Белсенділер тігерге тұяқ қалдырмай, ауыл малын салыққа алып кетіп жатқанда, ұлу жылғы қуаңшылық, қар қалың түсіп малдың ашығуы, елдің жұтап ашаршылыққа ұшырауы, «Жұт жеті ағайынды» дегендей, бәрі қоса қабат келеді.

Айналасындағы ағайын ашаршылыққа ұшырағанын көрген Төреғұл сенімді де-

ген екі досына сырын ашып, шекараның арғы бетіндегі жағдайы жақсы ағайындардан бір-екі жылқы алып келетінін айтады. Бұл екеуі уәделескен жерде келген жылқыны жымын білдірмей сойып, елге теңдей таратып беруге уағдаласады. «Құдай – жалғыз, мен – жалғыз. Басыма не салса да, ешкімге ауыртпалық түсірмей өзім көтерем» деп достарын қасына ерітпей, «алғаш рет, адал елдің ала жібін аттап» шекарадан бір-екі жылқыны алып өтеді. Араға біраз уақыт салып Қытайдың күзетіне ілікпей, ішкі жақтағы қалмақ жұртына екі-үш рет шабуылдап, пышаққа жарамды оншақты жылқысын алып үлгереді. «Ауруды жасырғанмен, өлім-өшкере қылады» дегендей, ізін жасырып ауыл ауыстырып, араға уақыт салып әкелгенмен, «отыз тістен шыққан сөз отыз ауыл елге» тарап, артынан сөз ере бастайды. «Жел үрген өрт қауға тисе қауламай тұра ма, сөз де сондай, алты ауыздан шыққасын жерде жата ма, жететін шегіне жеткен шығар».

Бұратоланың арғы астында отырған қалмақ ауылдарынан құйрықтастырып байлап жетекке алған қос атты сар желдіріп, кезеңнен аса бергенде, қырақадан қылт ете қалған адам сұлбасын көреді. Екеуін атып түсіргенмен, олардың саны көп болғандықтан бұзып өтер жер таппай, астындағы қылқұйрығымен шыға бергенде атын атып, өзі мұрттай ұшып қолға түседі. «Атысқанда алдырмас едім, жиреннің оққа ұшып, қапияда ұсталып пенде болғаным қорлық болды» деп іштей тағы кіжінді».

Абақтыға айналған там ішінде бұдан өзге тағы екі тұтқынды неше күн ашықтырып барып, мылтықты екі күзетші олардың қол-аяғын кісендеп арбамен Құлжа қаласына алып кетеді. Екі адамды өлтіріп, шекарадан өткен қылмысы үшін өлім жазасына кесетінін білген ол, жолда дәрет сындырам деген айламен қолын шештіріп, екі күзетшіні ұрып жығып қашып шығады. Өзімен бірге алдына салып айдаған екі тұтқынды бұл ұйықтап жатқанда мылтығын алып, өзін тұтқын еткені үшін ол екеуін де айламен алуы оның бейнесін толықтыра түскен. Осы сюжеттердің барлығы кейіпкердің батырлығын, ержүректігін, айлакерлігін, тапқырлығын танытады.

Ел ішінде Төреғұл қытайлардың қолына тұтқынға түсіп, атылып кетіпті деген дақпырт тарай бастағанда, астына есік пен төрдей ат мініп, қосарына бірін алып, аман-есен еліне жетеді. Төреғұлдың бұл ісі ертедегі барымтаның жалғасы ретінде суреттелген. Ол алған жылқыларын ұрлық деп есептемей, барымта деп түсінді. Барымтаның арқасында ауыл-аймағын ашаршылықтан алып қалған батырлар қазақтың барлық жерінде болған. Жазушы Төреғұл бейнесімен өзі туып өскен өңірдің бір шындығына жан бітіріп, оның көркем бейнесін әдебиетке алып келді.

Қорыта айтқанда, жоғарыда сөз болған шығармалардың барлығына жазушының туып-өскен ауылындағы көнекөз қариялардың басынан кешкен өмір шындығы арқау болған. Шығармалардың көпшілігіне ортақ бір ерекшелік – автордың әңгімесіні іздеп барып, оның басынан өткен оқиғаларды өз аузынан естуі. Қаламгер ауыл-елдің тарихына қанық қарияларды іздеп барып, оларды әңгімеге тартудың арқасында өлке тарихына үніліп, сол елдің аты аңызға айналған тарихи тұлғаларының шынайы бейнесін жасаған. Кейіпкер бейнесін сомдауда портрет, диалог, монолог, авторлық сипаттама, кейіпкерлер сөзін тиімді пайдаланған. Ел ішінде көзі тірісінде аты аңызға айналған аңшы Жоламан, өгіз көтерген Қондыбай, аю алған Қасымбек, барымташы Төреғұл, Қапсалам ақсақалдар – өмірден алынған шынайы кейіпкерлер.

Алатаудың бөктерін Ақ Жайықтың сазы тербеп, Батыстың рухты әндері Алматының көгінде әуеледі. Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының ұжымы әсем Алматыға ат басын бұрып, қала жұртшылығын өнерлерімен тәнті етті. Үш күнге созылған сапар салтанатты сәттер мен тағылымды кездесулерге толы болды.

жолғы келісімді жөн-жосығы бөлек. Әйтеуір басшылық мүмкіндік берді екен деп тұра шаппай, ұлыларымызды ұлықтап, аяулыларымызды ардақтап, ұрпақ жадында мәңгі сақтауды мұрат қылдық.

Алғашқы 6 қазан күні өткен шарамызды ғұлама Ғұмар Қараш атамыздың 150 жылдығына, ақиқаттың алдаспаны болған Жұбан ағамыздың 105 жылдығы мен ұлтымыздың ұлы ақыны Қадыр Мырза Әлінің 90 жылдығына, әсем әндерімен халқының жүрегінен орын алған Ескендір Хасанғалиевтің 85 жылдығына арнағанды

Сахнада тұрғанда 1934 жыл еске түседі. Темірбек Жүргенов, Ахмет Жұбановтар ойға оралады. Сол жылы қазақ өнерінде жаңа тыныс ашылып, шағын ғана ансамбль секілді оркестр құрылды. Сол оркестрдің құрамындағы қаншама өнерпазымыз 1937 жылдардың қуғын-сүргінінен қаза тапты, одан соғыста талайынан көз жазып қалдық. Алайда қазақтың музыкасы, қазақтың әні мен жыры ешқашан жоғалған жоқ. Өйткені ұлтымыздың ұрпақтар сабақтастығы жалғаса бермек. Қазақтың ұл-қыздары барда, өнеріміз де өміршен. Соның бір дәлелі, бүгін, міне, Батыстың әншілері мен күйшілері жанымызды рақатқа, сезімге бөледі, ойландырды.

Қазір қазақтың қандай талантты әнші халық екенін бүкіл әлем біледі, қазақтың неткен ғажайып күйші халық екені дүниежүзіне мәлім. Сонымен бірге мықты

# АҚ ЖАЙЫҚТЫҢ

# АҚ СӘЛЕМІ

6 қазан күні Алматы қаласындағы Республика сарайында Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының «Ақ Жайықтан ақ сәлем!» атты концерті өтті. Ән кешінде Батыстың басты кескініне айналған Батыс дәстүрлі ән мектебі мен Батыс күй мектебінің озық туындылары жиналған қауымға айрықша серпін сыйлап, көңілдерге канат бітірді.

БҚО әкімі Нариман Төреғалиев қолдау білдірген бұл сапарға Батыс Қазақстан облысының делегациясын әкім орынбасары Қайыржан Мендіғалиев бастап келді. Орал қаласынан қолдап келген делегация құрамында БҚО Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Қуанышбек Мұханғалиев, мәдениет ардагері Айдар Батырханов, Қадыр Мырза Әлі атындағы облыстық мәдениет және өнер орталығының директоры Дәулеткерей Құсайынов, Парасат орденінің иегері, ақын Дариға Мұштанова, кәсіпкер-меценат Жанна Кенжина, тағы басқалар бар.

Сахна төрінде әйгілі Мұхит пен Ғарифолланың кең тынысты әндері шырқалып, Құрманғазы мен Динаның күйлері күмбірледі. Махамбеттің отты жырлары мен осы аймақтың айтулы ақындарының сөзіне жазылған әуендер көрерменнің құлақ құрышын қандырды. Қазақстанның Еңбек ері Бактықожа Ізмұхамбетов сөзін, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Донеділ



жөн көріп, барынша сол ұлы тұлғалардың шығармаларын қамтуға тырыстық.

«Махамбет поэмасын» жазып, марғаска бабамызға оркестрге лайықталған күймен мәңгі ескерткіш орнатқан біртуар дарын иесі Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын атауды да ұмытқан жоқпыз», — деп айтулы сапардың айрықша мәнге ие екенін жеткізді.

Алматы төрінде өткен ән кешінде құрметті қонақтар қатарында қазақ ру-

дирижерлер мен кереметтей музыканттар қазақтан шығып жатқаны да баршаға аян.

Жаңа ең алғаш құрылған Құрманғазы ансамблі туралы айттым. Ал қазір өңір-өңірлерде 20 кергелді оркестр еңсе тіктеп, қазақтың дәстүрлі ән өнерін биікке самғатуда. Дәулеткерей атындағы халық аспаптары оркестрі — Батыс Қазақстанның бір қабырғасы болса, Дина Нұрпейісова атындағы Академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі Атыраудың, Нұрғиса Тілендиев атындағы оркестр Алатаудың, Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрі Орталық Қазақстанның тіреуі іспетті. Өнер күдіретін танытар осы өнер ошақтары — тұтас ұлттың ұстыны», — деген Мереке Құлкенов барша өнер иелеріне сәттілік тіледі.

Ән кешінің соңында БҚО әкімі Н.Төреғалиевтің, Алматы қаласының әкімі Д.Сатыбалдының, Қазақстанның Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Н.Ноғайытың және Қазақстанның Жазушылар, Айтыскерлер, Композиторлар одақтарының, «Хабар» арнасы мен Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің, «Заң — Юридическая» газеті атынан филармония ұжымына ықылас гүлдері табысталып, сахна төрі гүлге көмкерілді.

Ерекше айтатын жайт, концерт біте салысымен БҚО әкімінің орынбасары Қайыржан Ермеқұлы ұжымға концертті жоғары деңгейде атқарып шыққаны үшін алғыс білдіріп, артынша өзі де енді ғана естіп тұрған сүйінші хабарды жеткізді. Өнер иелерін Мемлекеттік комиссияның шешімімен Ғ.Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияға «Академиялық» статус берілгенімен құттықтады. Сонымен қатар Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының Алғыс хатын мекеме басшысы Бауыржан Халиоллаға табыстады.

Асқак Алатаудың төсіне сапар шегіп, мәртебелі «Академиялық» статусын еншілеп қайтқан өнер ұжымын біз де мерейлі сәтіммен құттықтап, алдағы жұмыстарына шығармашылық табыс тілейміз.

Әзірлеген М.РАЙЫМБЕКОВА



Қажымов әнін жазған «Қуанышым» әні орындалды. Бұл туынды Қазақстанның Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Нұрлан Ноғайытың көрермендерге тосын сыйы ретінде ұсынылды. Қадыр Мырза Әлінің «Тамаша» әні де көрерменге ерекше күй сыйлады.

Өнер адамдарын бастап келушілердің бірі, Ғ.Құрманғалиев атындағы БҚО филармониясының директоры Бауыржан Халиолла: «Жалпы ару Алматының төріне, асқак Алатаудың баурайына келіп Республика сарайында қай филармония қашан дербес концерт бергенін білмеймін. Бірақ біздің, яғни Ғ.Құрманғалиев атындағы БҚО филармониясының маңдайына тұңғыш рет жазылып отыр.

Ақ Жайықтың өнерлі көш-керуені үш мың шақырым жолды кесіп өтіп, мәдени-рухани астанамызға 130-ға тарта адаммен ат терлетіп келіп жатыр. Әрине Алматыны оркестрмен, бимен, эстрадамен таңғалдыра алмаспыз, бірақ шалғай елде де өзіне тән қолтаңбасы қалыптасқан өнер иелері бар екенін ұмытпаған жөн. Бұл

ханиятының көрнекті өкілдері — белгілі ақын Жүрсін Ерман, Қазақстанның халық артисі Алтынбек Қоразбаев, Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, белгілі жазушы Мереке Құлкенов және қазақ өнерінің жарық жұлдыздары — Сәуле Жанпейісова, Рамазан Стамғазы, Айгүл Үлкенбаева, Біржан Хасанғалиев, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан болып, батысқазақстандықтардың өнеріне құрмет көрсетті.

Шараның құттықтау әрі түйінсөзі Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма төрағасы, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Мереке Құлкеновке берілді. «Бүгінгі ән кеші бәріміздің көңілімізден шықты. Алып шаһар Алматыда сіздерді құшақ жайып қарсы алғаны үшін Алматы қаласының әкімдігіне, Мәдениет басқармасына көп рақмет айтамыз. Дәл бүгін Мемлекеттік комиссия шешім шығарады. Ғарифолла Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан филармониясының академиялық филармония атағын алуына бір-ақ қадам қалды. Меніңше, тағы да бір қуанышқа кенелеміз.

## ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

**Халық қаһарманы, көрнекті мәдениет және өнер қайраткері, біртуар композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай туған жері Алматы облысы, Өтеген батыр ауылында ұлы тұлғаның ескерткіші бой көтеріп, жаңа мәдениет үйі ашылды.**

Салтанатты іс-шараға ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, қоғам және мәдениет қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен өнер майталмандары қатысты.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтау сөзінде ескерткіштің ашылуы халқымыздың әйгілі тұлға деген айрықша құрметі мен ыстық ықыласының белгісі екенін атап өтті.

«Нұрғиса Тілендиев өркениетіміздің өрісін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты, еліміздің мәдени мұрасын жаңғыртуға, қазақтың ән-күйін жер жүзіне танытуға зор еңбек сіңірді. «Отырар сазы» оркестрінің негізін қалап, ұлтымыздың рухани дүниетанымын байыта түсті. Ол алтын қорымызға енген пьесалар мен фильмдерге музыка жазып, театр және кино саласында қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Нұрғиса Тілендиевтің теңдессіз мұрасы әлі талай ұрпаққа тағылым берері сөзсіз. Оның есімі қазақ мәдениетімен бірге мәңгі жасай береді» делінген құттықтау хатында.

Мемлекет басшысының мерейлі сәтке орай жолдаған лебізін жеткізген Аида Балаева өз сөзінде ұлы композитордың қазақ мәдениетіне қосқан өлшеусіз еңбегін ерекше атап өтті.

Министр Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына орай елімізде және шетелде ауқымды мәдени іс-шаралар ұйымдастырылып жатқанын сөз етті.

Атап айтсақ, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы 2025 жылды «Нұрғиса Тілендиев жылы» деп жариялап, Анкарада көрме, деректі фильм көрсетілімі мен композитор шығармаларынан концерт өткізді. Париждегі ЮНЕСКО штаб-пәтерінде «Шабыт бастауы» атты көрме ашылып, АҚШ-та Карнеги-холда арнайы экспозиция, Бейжіңде «Құстар қайтып барады» атты шығармашылық кеш ұйымдастырылды. Сондай-ақ Мәскеу, Франкфурт, Бішкек, Алматы және Түркістан қалаларында түрлі концерттер мен фестивальдер өтті.

Салтанатты жиынға қатысушылар 400 орындық жаңа мәдениет үйінің ашылуына қатысып, көрме залдарын аралады. Іс-шара аясында арнайы концерт өтіп, дәулескер күйшінің әндері мен күйлері орындалды.

Айта кетейік, Нұрғиса Тілендиевтің мүсіні белгілі мүсіншілер Айдос Бүркітбаев пен Тимур Ермұхаметов жасаған. Қоладан құйылған ескерткіштің биіктігі — 2,85 метр, тұғыры — 1,5 метр, жалпы биіктігі — 4,35 метр. Тұғыры граниттен жасалған. Еңселі ескерткіш — ұлы сазгердің ұлт руханиятына сіңірген еңбегіне деген ел құрметінің айғағы.

Мерекелік іс-шараның екінші күнінде Жамбыл Жабаев ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, қонақтар ақынның кесенесіне зиярат етті. Одан кейін Нұрғиса Тілендиевтің мәңгілік мекеніне барып, тағзым жасалды.

Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейінің директоры Салтанат Тезекбаева қонақтарға экскурсия өткізіп, ұлы жыраудың өмірі мен шығармашылығы туралы баяндады.

Негізгі мерекелік жиын «Көкбастау» ипподромында ұйымдастырылды. Мұнда бес мыңнан астам адам жиналды. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев атап өткендей, ЮНЕСКО Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығын 2025 жылғы маңызды мерейтойлар тізіміне енгізді.

Шарада қоғам және мәдениет қайраткерлері Нұрлан Оразалин мен Серік Үмбетов сөз сөйлеп, композитордың адамдық болмысы мен өнердегі орнын ерекше атап өтті. Серік Үмбетов Нұрғиса ағаның соңғы аманатын орындап, оны Жамбылдың қасына жерлеу тарихын еске алды.

Мерекелік концертте қазақ фольклоры мен эстрадасының танымал әртістері өнер көрсетті. Орталық сахнада «Отырар сазы» оркестрі орындаған күйлер көрермендерді даланың әуезді үніне бөледі.



## Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ,

Қазақстанның Құрметті жазушысы

«Жазушылық — кәсіп емес» дегенге саятын пікір қалыптасқан. Жокқа шығара алмаймыз. Сол сияқты, бұл өзі мамандық деуге де келе бермейтін, анықтанқырап айтқанда, көне қоймайтын іс-әрекет қой. Жалпы, қолыңа қалам алып, оны өмірлік серік етуге бел байлау ағысқа, желге, өрге қарсы жүру емес пе?.. Ол бір басы бар да, не ортасы, не соны көрінбейтін «соқтықпалы-соқпақсыз» әрі ылғи да өрге қарай бастайтын, қанша ысылып, тәжірибе жинақтасандағы жеңілдеуді білмейтін қалтарыс-бұлтартысты жол екен. Сонау 1977 жылы Алматыдағы «Жалын» баспасынан жарық көрген «Жібек жел» атты жинақты арада қырық сегіз жыл өткенде қайта бір парақтағанда осындай-осындай ойлар қаумалады.

Уақыт — сарапшы. Жиырма үш жас талапкердің әңгімелері енгізілген жинақ босқа шығарылмаған екен. Құрастырушы — жазушы Е.Әлімқұлов пен жастарға ақ жол тілеген ғалым Р.Бердібаевтың, сондай-ақ баспа ұжымының да үміттерін ақтапты дегенді ендігі жерде сеніммен айтуға болады. Бұл сол тұстағы жас баспа — «Жалынның» қалыптасу кезеңіндегі баянды бастамаларының бірі болған десек те артықтығы жоқ. Шындығында қазақтың кітап шығару, оны тарату, әсіресе қалам ұстаған талапкерге қамқорлық жасау ісі сонау жетпісінші жылдары жан-жақты қолға алынып, мемлекеттік баспалардың саны мен сапасының еселеп артқаны жұрт жаппай кітапқа бас қойған заманға қарағанда кезеңге сай келіп тұр. Енді, сол жетпісінші жылдардан небәрі он жылға шегініп көрейікші. Тақыр жер демесек те, әрекет пен қозғалыс жаңа басталған үмітті, ұмтылысты уақыт көз алдымызға оралады.

Алпысыншы жылдардың екінші жартысында біз жас едік, жоғары сыныптарға қол созып тұрған шағымыз. Алматыдан басталған дүмпудің әсері шығар, қазір тап басып айту да қиын, әйтеуір оң-солын тани бастаған қыз-жігіттерде кітап оқуға құмарлық артты. Бізбен қатарлас, жерлес әріптестеріміздің кейбірі анда-санда мектеп қабырғасында жүргенде-ақ атакты жазушылардың романдарын сүйсіне, түйсіне оқып, әдебиетке бет бұрғанын еске салып қояды. Мүмкін біреу ерте, біреу кеш... Бұ жағынан алғанда ұяттылауымыз. Атакты Ленин туы ауылымызда кітапхана бірде бар, бірде жоқ болып кететін. Ал осындағы сегізжылдық, кейінгі аудан орталығы Темірландағы орта мектепте кітапхана болған емес. Бір жақсысы, 4-5 адам кірсе, айнала алмай қалатын оқулықтар, дәптер, т.б. сағатын дүкенде әдеби кітаптар да төбе көрсете бастаған. Біздің ықпалымызды аударған жұқа мұқабалы дүниелерде шығарған баспаның аты «Қазмемкөркемәдеббас» деп жазылып тұратын. Осы атаудан-ақ көп жайт аңғарылып тұрушы еді. Өзі бірден-бір, әмбебап әдеби баспа болса, оның атауы әлбетте осылай шұбатылып тұрмағанда қайтсін?

Үкілеп үміт артқан талапкерлердің бәрі бірдей кәсіби қаламгерлердің қатарын толықтырмапты. Жоғарыда шет жағасын еске салып өткен қиындықтар бірнеше жастың басқа салаға ауысып кетуіне себепші болғанай. Бұл жай жалпы қазақ, тіпті алыс-жақынды шала ой өрбітсек, аз санды халықтардан шыққан қалам иелерінің тек қана кәсіби жазушылықпен күн көруінің мүмкін еместігінен хабар беріп тұрғаны белгілі. Бала-шағаны асырау үшін әріптестердің күндіз ғана емес, түнде де жұмыссыз беймарал отыра алмайтыны

әмбебап аян.

Жазушылық мұратына жетуіне тағдыры кесірін тигізетіндер де кездеседі. «Қазақ әдебиеті» газетінде қызмет етіп, танылуға қарай сенімді қадам басқан Мұса Рахманбердиев күтпеген жерден қайғылы қазаға ұшырап, саптан шығып қалғаны бар. Ал тұтастай алғанда «Жібек жел» желпіген ұл-қыздардың дені Жазушылар одағына мүшелікке өтіп, осы айтулы ұйымның абырой-беделін көтеруге тиісті үлестерін қосты деу орынды. Біразы әлі де тынымсыз еңбек етіп жүр. Былайша айтқанда, аталмыш жинақтың желпініп жеткізер жемістері жетерлік. Солардың өзін біршама білетін, еңбектеріне куә болып жүрген бір шоғырына қысқаша тоқталып өтсем деймін.

# «Жібек желдің» жемістері

Әбсаттар Дербісәлиев — көрнекті ғалым. Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының төрағасы, Бас муфти болған арда азамат. Қазақстаннан шыққан тұңғыш шейх.

Ғылымға қосқан үлесін әңгімелесек, ұзаққа кетеміз. Сондықтан жазушылықтан басталған шығармашылық жолдың аз уақытта оны ғылымның қия жолымен сүріндірмей, сәтті алып жүріп, талай биіктерге шығарғанын ғана алға тартқымыз келеді. Бұл өзі назар аударатын жағдай. Арнайы зерделеп, зерттесе де болар еді. Себебі жазушылық жолда жүріп немесе қаламгер ретінде кәдімгідей танылған көптеген әріптестеріміз күтпеген жерден ғылымға ауыса қалса, жақсы нәтижеге көп ұзамай қол жеткізетіні көпшілікке мәлім. Демек тілді игеру, ойды түсінікті жеткізе білу, қорыту дегеніңіз әдебиет үшін ғана емес, ғылыми сапарда да білікті жолбасшы бола алады екен. Бұдан ғылыми жолды әдебиеттен бастау керек дегендей қағида тудырғымыз келіп отырған жоқ. Тек, қандай мамандықты игеремін десеніз де көркем әдебиетсіз алысқа ұзай алмайтыныңыз, яғни кітап оқуды жинастырып қоюға болмайтынын ескерген жөн. Бұны осы жақында Димаш әншіміз өте орынды атап өтті. «Өнерпаздардың өмірін бір-жақты қызықтай бермей, жазушыларды да көбірек әңгіме арқауына айналдырсақ қайтеді?» — деді ол. Талантына санасы сай бауырымыз осы пікірі арқылы «Өнер алды — қызыл тіл» дегенді шегелеп еске салды. Дуалы ауыздан шыққан сөзге алып-қосарымыз жоқ.

Жинаққа енген авторлардың географиясына көз жүгірткенде-ақ кемелдеген социализмнің өзі жаңа қоғамдық формация — коммунизмге жол беру үшін сөз жүзінде ығыстырыла бастаған жетпіс жетінші жылы қазақ тілінің өмір сүру аймағы барынша тарылғаны бірден аңғарылады. Жиырма үш талапкердің он шақтысы, яғни жартысына жетекабылы Шымкент облысынан. Жар жағалай жүріп, үмітті үкілеген жылдар ғой ол...

Әлдеқашан жеке архивіме түсіп кеткен кітапты есіме алып, қайта парақтауыма бір нәрсе себеп болды. Ол — кезекті Абай атындағы мемлекеттік сыйлықты беру барысында бір үміткер Т.Сәукетаевқа қатысты әртүрлі әңгімелердің қозғалуы. Тұрғыбектің шығармашылығы бойынша жеке пікірім қалыптаспаған-ды. Аламанға түскен дүниесі қолыма тимеген. Осындай сәтте «Жібек жел» ойыма орала кетті. Басқа тілге тиек етер ештеңе табылмағандан кейін соны парақтап, замандастың «Қарауылтөбе» деген әңгімесін оқуға кірістім. Ә дегенде кезінде мән бермегеніме өкіндім. Тілі көркем әрі жас шамасына қарағанда, әлдеқайда бай болып шықты. Ауыл адамдарының болмысы мен қоршаған органы жеткізе суреттейді. Сөйлемдері жанды. Не туралы айтса да сол жай, сол көрініс, қимыл-қозғалыс көз алдына келіп, сурет болып тұра қалады. Мына шығарманы жас талаптың алғашқы әңгімелерінің бірі деуге келмейтіндей, қалыптасқан жазушы ғой дерсіз. Бір-екі

сөйлемін мысал ретінде келтіре отырайық: «Көзі ойнақшыған мың-сан толқын ерсілі-қарсылы дамылсыз жүйткіп, нұр боратып жүр. Бақырып-шақырып мүйістен әрең дегенде құйрық үзген алып кеме көк шәйі айдыңның етегін үтіктеп, сол үздік-создық боздаған күйі қаптал тұстан өте шықты. Ақ көпіршік арасынан шампанның тығынындай атып-атып аспанға көтерілген топ шағала бауыры жалт етіп, су бетіне шабақ шоршып еді, үп-үшкір қанаттарымен ауаны қытықтап, тұратұра қалды». Осындай суретті, жанды сөйлем-баяндаулар әңгіменің өн бойында тұнып жатыр.

Шымкенттің көпсанды талапкерлерімен көзге түскенін жоғарыда айтып өттік. Бір жақсы жері, сан сапаға қарай



ойысыпты. Кезінде «Жібек жел» жетік Жүніс Сахиев — Қазақстандағы бірді-екілі ғана фантаст жазушылардың бірі. Шамасы ол жердегі өмірден гөрі ғарыш, аспан әлемі, жұлдыздар туралы көпшілікке беймәлім құбылыстарды жақсырақ түсінетін сияқты. Жинақтың екінші бір авторы Жәлел Кеттебеков әдебиетке біржола берілген, өмірін онсыз бір сәтке де елестете алмайтын жан еді. Көп ізденетін, өзгеше жазуға ұмтылатын және солай ете алатын да. Ғұмыры қысқа болды, танылар шағында өмірден озып кете барды. Жиырма үштің арасындағы жалғыз сықақшы Мұхтар Шерім арада қаншама жылдар өткенде жалғыздық күйін кешіп жүргендей. Бірен-саран сатириктердің бірі болып отыр.

Замандастар арасында студент кезінде-ақ оқырмандар көзіне түсе бастаған жас таланттардың қатарында Серіктің де аты аталатын. Оның жинаққа енген «Зайтуна» әңгімесінің оқиғасы қою екен, хикаятқа тартып тұр. Автор соны іштей сезініп отырса керек, болған жайды асықпай, баппен баяндайды. Қарапайым қазақы сөйлемдер оқырманын оқиғаның тереңіне қарай еріксіз тартып бара жатады.

Жоғарыда тіл туралы ұшқындаған ойдың бір ұшқыны шығар, Серік университетті бітірген соң қазақы қалың Оңтүстікке келіп, тастай батып, судай сінді. Басқа базбір замандастары сияқты Солтүстікке аттанып, көп ұзамай Оңтүстікке оралып, әуре-сарсаңға түспеді. Бір басына жетерлік атактары бар. Қазақстанның Құрметті жазушысы. Бірақ... Серіктің шығармашылық жолына көз салғанда өзіне ғана мәлім өмір түйткілдері кезінде, бәлкім, кейін де кең көсілуіне мүмкіндік бере қоймаған-ау деген ой қылаң береді. Себебі алғашқы дүниесі жарияланғанда анық көрініп, үміт сыйлаған ұзаққа сілтер шабысы мен жорғасы келе-келе асау мінез танытып, әлдеқайда алып қашар басберместік танытты ма, кім білсін? Бұны шығармашылық жолда кімде-кімнің де

алдын тосып тұратын күрделі құбылыстардың болатынына бір мысал деп қабылдаған жөн сияқты...

Жинақта елеусіздеу, кейінденкіреп тұрған екі автор бар. Олар — Мархабат Байғұт пен Мереке Құлқенов. Махаң ол тұста отыздан асып қалған сақа жігіт. Мереке — жастардың жаңа толқыны қатарында. Қос қаламгердің тырнақалдысы дейтіндей әңгімелерін қырық жылдан кейін ой жүгірте оқығанда, яғни бүгінгі өмір шындығына ойыстыра пікір қалыптастыруға ниеттенгенде аламан бәйгенің үйреншікті бір суреттері көзге елестейді. Бала да болса бәйге талаптары мен аттың сырына біраз қаныққан шабандоздардың жүйрікті алғашқы айналымдарда еркіне жібермей, алға шығандамай, негізгі топқа ілесіп қана отыратыны бар емес пе. Олар әдетте жылдамдықты бірте-бірте үдетеді. Сөз тиегіне қосылған екі жас жазушы туралы ә дегенде қорытылуға бет алған ой сипаты осындай еді.


Журналистика мектебінен керегінше тәлім алған, әдебиетке ысылап барып, нық қадам басқан Махаң елуге қарай тізгінді еркіне жіберді. Бұл оның әдіс-тәсілі ғана емес, ғұмырының оған сыйлаған мүмкіндігі болатын. Көп жыл баспасөзде, одан кейін мемлекеттік қызметте жүріп, дүниенің ашы-тұшысына қаныққан М.Байғұт біраз жыл Қазақстан Жазушылар одағының Оңтүстіктегі бөлімшесіне жетекшілік етті. Осылай әдебиет айдынында еркін жүзу бақытын иеленді. Бұл әрине, өз жемісін берді. Ол көркем әңгіменің шебері ретінде Қазақстанға, алыс-жақын мұсылман елдеріне жақсы танылды. Тіпті Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа қол созып тұрған сәтте аламанға қосылған жинағын құрастыру барысында кетіп қалған техникалық олқылықтың салдарынан мәреге сәл жетпей тоқтады...

Мереке Құлқеновтің шығармашылық жолы таза әдебиет әлемі шеңберінде қалыптаспағаны белгілі. Ол да көп жыл бойы баспасөз, баспа жұмыстарына жегіліп, өзі үшін ғана емес, басқалар үшін де жауапты мансап иесі болды. Осы жауапкершілік, іс-тәжірибе оны ҚЖО Басқармасының төрағасы қызметіне алып келді. Осылайша, ол жалпы қазақ әдебиетінің бүгінгі мен болашағына да алаңдаулы қаламгерге айналды. Ал... «Жібек желдегі» әңгімесін қайта оқығанда бір өзгешелік анық байқалды. Туынды сонау 77-де емес, кеше-бүгін жазылғандай әсер етеді.

Орысша қалам сілтейтін кейбір әріптестер, шыны керек, тәуелсіздікті тосырай қарсы алып, біраз жыл социализмді аңсап жүрді емес пе?.. Міне, кешегі белсенді, бүгінгі міншілдеу осынау аз санды топ, «біз қалыптастырдық» деп пайымдайтын «ағашқа» деген түсінік бар. Бір қызығы сол ағашқаның «Жібек желдегі» бір әңгімеде жүр. Дәл бүгінгідей. Көріне бермейді. Көріне қалса, ашылып сөйлемейді. Қай істі де үндемей тындырады. Мерекенің бір кейіпкері — дәл осындай ағашқа! Жас автор оны дүниенің жарығына сүйреп, ішкі әлемін ашып тастауға тырыспайды. Оның кім екенін әңгіменің басқа, қосалқы кейіпкерлері реті келген жерде айдалаға айтылғандай естілетін бір ауыз сөзімен, құлкісімен, әзілімен көрсетіп қалады. Бас кейіпкер Қожантай өз әйеліне де, әйелінің ағашқасына да құлай сенсе, сүйсіне жүріп-ақ қапелімде, еркінен тыс бас көтеретін адамдық болмысының елеусіз көріністерін арқылы әлгі екеудің қаншалықты қауіпті пенделер екенін айналасына аңғартып отырады... Шығарма осындай тұспалдау-болжауымен, оқырманды оқиғаға енгізе, ойландыруымен, ең бастысы, уақыттың алдында жүруімен құнды.

\*\*\*

Жетпіс жетінші жылдың жазғы жібек желі желпіген жас жазушылар бүгінде алдыңғы толқын ағалардың қатарында. Болары болып, бояуы сінген қырық жыл бұрынғы шығармаларды шолып өту олардың авторларына не берсін? Бұл мүмкін бүгінгі жас толқын өкілдерінің бір қажетіне жарап қалар. Керегі табылып жатса, оны бір кәдесіне пайдаланса, құба-құп дейміз.



Темірғали КӨПБАЙ

«Қырық күн қой баққаннан ақыл сұрама» дегенді біздің қазақ не үшін айтты екен? Құлбай шалдың қой баққанына қырық күн емес, биыл міне, қырық тоғыз жыл болыпты.

Дәл осындай «ақылды» қария ілуде біреу шығар. Қоймен бірге ой бағып өскен жан емес пе, бейне бір «даланың данышпаны» дерсің. Кеңестің заманында ес жиып, етек жапқандықтан ба, қандай кеңес сұрасан да Құлбай шал құрғақ шөппен ауыз сүртіп отырмайды, ақылын айтып, жол көрсетіп жібереді.

Бірақ қойшы адам қойшының денгейінде ойлайды ғой. Көзін ашқалы көрген-баққаны қой болған соң қайтсін енді. Ол ақыл айтса да, жол көрсетсе де сөздерінің бәрі қойдың төңірегінен әрі аспайтыны да рас.

Ол тіпті аспандағы жұлдыздарға да қойдың көзімен қарайды. Мінезі де қойдай момын. О, тоба! Жылқы

баққанның жаратылысы жылқыға, қой баққанның болмысы қойға ұқсап кетеді екен.

Дегенмен Құлбайдың айтқан ақылы кейде көңілге қонып-ақ жатады. Бүгінде жетпіске жете қабыл қарияның өмірден алған сыбағасы кемдеу болғанмен, көкірегіне тоқығаны мол.

Құлбай қойшы басынан-ақ «брежневшіл» болды. «Өзім өз болғалы, көйлегім бөз болғалы...» дегендей, Құлбай – Құлбай болғалы, ата кәсіпті мирас тұтып, қолына ақ таяқ ұстағалы Брежнев деп оянып, Брежнев деп мызғитын. Өйткені оны қойшы қылған сол Брежнев атасы еді.

«Қазақстанда қойдың санын елу миллионға жеткіземіз!» деген ұран көтеріп, қырда да, құмда да шопандардың қаптаған комсомол бригадаларын құрғызып, олардың «үлгілі» істерін өлердей насихаттап, жастарды күзде күйекке, көктемде сакпанға салған айналайын, саясат-ай!

Мәскеуге, Ленинградқа барып білім аламын, инженер боламын, ғалым боламын деп жүрген қазақтың ұл-қыздарын арманынан айнытып:

*«Асық ойнаған азар,*

*Доп ойнаған тозар.*

*Бәрінен де қой бағып,*

*Көтен жеген озар...»* —

дегенді басты қағидаға айналдырған да сол брежневтік саясат еді.

Тіпті тиіп тұрған Алматыға барып, оқу-шоқу іздеуге де мұрсат бермеді.

Әйтпесе Құлбай да бала күннен Қаныш Сатбаев ағасындай атақты геолог болуды армандайтын.

Жә, қайсы бірін айтарсың? «Қаныш жер қойнауын ақтарса, сендер ел қойнауын ырысқа толтырасыңдар» деген сөзге имандай сенді. Сенген

жалғыз бұлемес, миллиондаған жастар. Жыл сайын өтетін қойшылардың слетінде омырауларына таққан жылтырақ сөлкебайдың сыңғырына риза болып талай шопан өтті. Бәрі де Брежневке құдайдай сенді.

Ол бір «қой үстіне бозторғай жү-

## ҚОЙШЫНЫҢ ТҮСІ

(әңгіме)



Сол күнгі нөсерді айтсаңшы! Үнді киносындағыдай селдетті-ау бір...

Қыркүйектің соңы еді. Ауада күздің салқын демі бар. Суық нөсер шелектеп төгіп тұр.

Қалибек анасын пойызға отырғызып, ауылға шығарып салды. Жүрдек пойыз кестеден кешікпей жөнелген.

Нөсер басылар емес. Арагідік ұйытқып сокқан ұрыншақ жел құйып тұрған қалың жауынды оңға да, солға да ықтырады. Қалибек жел көтерген қолшатырын күшпен ұстап, вокзал алдындағы автотұраққа қойған көлігіне қайтып келді. Үлкен кара джиптің жүргізуші жағындағы артқы есігін ашып, қолшатырын қапылыса бүктеп, еденге тастады.

Бұл автотұрақтан қозғалғанда кара нөсер тіпті күшейе түскен еді. Вокзалдың аумағынан шығып, үлкен даңғылға қарай бұрыла бергенде, көлік тоқтатпақ болып жанұшыра қол көтеріп тұрған жастарды байқап қалды.

Бір жігіт, үш қыз. Бәрі де қолшатырсыз. Киімдері малмандай су болыпты. Қар астында қалған бәйшешектей болып, суықтан бүрісіп тұр. Жолға қарай жанталаса ұмтылады. Өзінің баласымен қатар бәрі.

«Мыналар ауырып қалар» деп ойлады да қастарына жақындай бере тоқтады. Есікті жұлқа тартып ашқан мұздай жастар жанталаса машинаның ішіне күмп берді. Олармен бірге суық жаңбырдың суы да кабинаға сорғалай кірді.

— Саламатсыз ба, аға!

— Саламатсыз ба!— деп жамырасты артқа отырған қыздар.

— Ассалаумалейкум!— деп алдыңғы орындыққа жайғасқан жас жігіт су-су қолын ұсынды. Бұл оларды өз баласындай көріп, әкелік пейілмен ашыла сөйледі:

— Әй, бәтшағарлар-ау, қолшатыр қайда? Ауырасыңдар ғой, мына түрлеріңмен. Қайда барасыңдар?

— Мүмкін болса, Сейфуллин

даңғылы мен Гоголь көшесінің қиылысына жеткізіп тастаңызшы. Бес жүз теңге береміз. Бола ма?— деді жігіт.

— Жарайды, көрерміз. Отырдыңдар ма?

— Отырдық, жүре беріңіз,— деді арттағы қыздардың біреуі нәзік қана дауыспен.

— Пешті қосыңызшы, аға! Қатып қалдық,— деді тағы бірі жаурағаннан безгек тигендей қалшылдап.

— Міне, міне. Қазір жылытамыз,— деп Қалибек мейірлене сөйледі. Пешті қосып, газды басты. Сыртынан су сорғалаған кара джип толқынды теңізде жүзген кемедей баяу қозғалып, жолға түсті.

Жастар біраз жылынып, ес жиған соң Қалибек ептеп жөн сұраса бастады. Үш қыз педагогикалық университеттің студенттері екен. Олар бір құрбысын ауылға шығарып салыпты. Ал өзін Нұрлан деп таныстырған мына бала қыздардың бірінің жігіті сияқты. Медициналық университеттің соңғы курсына оқитын көрінеді.

— Кара джип қасымызға тоқтағанда қорқып кеттім,— деді Нұрлан күле сөйлеп,— әдетте, джип мінген адамдар қол көтергендерге тоқтамайды ғой. Осындай машинамен жолаушы тасып жүрсіз бе? Біреу айтса, өз басым сенбес едім...

— Мен таксиші емеспін. Сендердің су болып тұрғандарыңды көріп, жаным ашып кетті. Содан тоқтадым. Оның үстіне жолымыз бір екен,— деді Қалибек байсалды қалыппен.

— Сіз болмағанда анық ауыратын едік. Сізге рақмет!— деп Нұрлан Қалибекке ырза көңілмен қарады.— Өзіңіз кім болып істейсіз, аға?

— Мен қарапайым жазушымын. Анамды ауылға шығарып салып едім.

— Жазушымын дейсіз бе?— деп арттағы қыздар шу ете түсті. Ортадағы қыз еркелей сөйлеп:

— Ой, ағай, мен де жазушы болғым келген, бірақ түк шықпады,— деді бұртыйып.— Мектептен жазатынмын.

## ЕКІ ҚОРАП ТЕМЕКІ

(әңгіме)

Кейін қойдым.

— Сендер жассыңдар ғой. Талаптансаң әлі де бірдене шығар,— деді Қалибек қызға маңдайшадағы айнадан қарап. Өзі сүйріктей әдемі қыз екен, — қай факультетте оқисыңдар?

— Педагогика. Биыл бітіреміз.

— Бәрін бе?

— Иә, бәріміз бір топта оқимыз.

— Бес минутсыз ұстаз екенсіңдер ғой. Өмірде ұстаздан асқан құрметті мамандық жоқ,— деді Қалибек сабырлы қалыппен, жолдан көзін алмай,— менің бала кезгі арманым, әдебиет пәнінің мұғалімі болу еді. Мектепте ұстаз болуды армандайтынмын.

— Өмір деген қызық қой,— деді әдемі қыз өкінгендей,— менің жазушы болғым келді, ал сіз ұстаздықты армандапсыз... Екеуміздің мамандығымыз ауысып кеткен сияқты. Адамның ойлағаны бола бермейді екен.

— Бұны — жазмыш дейді. Жазмыштан озмыш жоқ,— деп Қалибек терең ойды қозғап келе жатты да,— Жаратушының дегені болады, тек адам жақсылыққа ұмтылып, талап қылуы керек,— деп қысқа қайырды.

Осы кезде машинаның ішіне тамсана қарап келе жатқан Нұрлан сөзге араласып:

— Мен мынадай машинаға бірінші рет отыруым. Қымбат шығар, ә?— деп сұрады.

— Әркімнің табысына қарай ғой,— деді Қалибек баяу үнмен мақтанғандай болмайын деп.— Біреуге арзан, біреуге қымбат. Кімге қалай?

— Қымбат тұрады ғой, ә?— деді Нұрлан алақанымен панелді сипап.— Джипті кеденшілер ғана мінетін шығар деуші едім. Жазушылар да мінеді екен ғой...

— Сенің мына сөзің қызық екен?

Мінсе — жазушы мінсін,— деді Қалибек күтпеген сөзге қитығып қалғандай,— жазушы мінсе көз майын тауысып, адал еңбек, маңдай терінің ақысына мінеді. Ал кеденші деген кім? Шекараны майшелпек қылып жүргендер ғой.

— Жазушы — адам жанының инженері. Менің атам солай деп айтатын,— деді әдемі қыз Қалибекті жақтағандай.— Бұрын ең бай адамдар ақындар мен жазушылар болған дейді. Солай емес пе, иә, аға?

Қыздың сөзі Қалибектің көкірегінен жатқан біраз ойды қозғап жіберді.

— Сендер білмейсіңдер ғой. Ол бір молшылық заман еді,— деді қызға қарап терең күрсініп.— Сенің сөзіңнің бәрі рас. Кеңестік кезеңде ақын-жазушыдан бай адам болмады. Ол кездің үкіметі ой еңбегін жоғары бағалайтын. Әдебиет пен өнерді қадірлейтін. Қаламақыны аямай төлейтін. Ақын-жазушы өз тапқанымен бір әулетті асырай алатын. Қазір қаламақы да, үкіметтен қолдау да жоқ. Жазушы мен ақынның абырой-беделі қалмады. Көбі әуірімдеп жан бағып жүр.

— Қойыңызшы, аға!— деді Нұрлан кулана күлімсіреп.— Жок болса, джипті қайдан мініп жүрсіз? Бар ғой, демек, бар!

— Құдайдың бергеніне шүкір, көрсеткеніне тәубә! Адамның бәрі бірдей емес. «Кәсіп түбі нәсіп» деген. Адалынан әрекет жасасаң, Алла берекетін береді. Осы машинаға отырғаныма он бес жыл болды. Талай жылғы тынымсыз еңбегіміздің арқасы бұл,— деп Қалибек сөзін нығырлап қойды.

— О-о! Ол кезде біз мектепке де бармаған екенбіз. Енді, міне, университет бітіріп жатырмыз. Келешекте мен де

мыртқалаған» тыныш заман еді. Қойынды бақ та, жүре бер! Брежневке бүкіл қазақ халқы риза. Риза болмаса:

*Маленков берген байталды,  
Хрущев келіп қайта алды.  
Айналайын Брежнев,  
Байталымды қайтарды,—  
деп өлеңдетпес еді ғой.*

Сол заманның әндерін айтсаңшы, әндерін! Құлбай сияқты миллиондаған қазақтар:

*«Мақтанса бүгін — мақтансын  
қазақ,  
Төбесі көкке тимей тұр аз-ақ»...*

*«Қазақтың нағыз шырқаған кезі,  
Деді ғой Леонид Ильичтің өзі» —* деп күнде ән шырқап және соған имандай сеніп жүрген кез еді.

Ол заман да келмесе кетті. Кеңес үкіметі құлағанша Брежневтен кейін бірнеше патша ауысса да, Құлбай қалқоздың қойын бақты. Сол қой баққаны әлі баққан. Ширек ғасыр кенестің тұсында бақса, ширек ғасыр тәуелсіздіктің төрінде бағып келеді.

Тәуелсіздіктің самалы ескенде Құлбай қойшы ешкімнен кем қуанған жоқ. Бөркін аспанға атып, жүрегі жарылардай қуанған.

Шаруа адамы шаруашылықты ойлайды. Нарық кіргенде «Енді не болар екен?» деп жүрді. Өзгерістер көп күттірген жоқ.

Қалқоз, сапқоздар ыдырады. Егесіз қалған малды пысықай қулар бартерге айдады. Бұрынғы мемлекеттің малы

жекеге өтіп, аяқ астынан қадау-қадау байлар пайда болды.

Құлбай қойшының жылдар бойғы тәжірибесін білетін бір бай оны жалдап алды. Міне, сол байдың қойын бағып жүргеніне де жиырма бес жыл болыпты.

Құдайға шүкір, әлі адам қатарынан шыққан жоқ. Бала-шағаны тірнектеп өсіріп, өз бетімен жіберді. Әрқайсысы өз күнін өзі көріп жүр. «Бір қозы өмірге келсе, бір түп жусан бірге шығады» деген, әркімнің өз несібесі өзінде. Аштан қалған Құлбай жоқ. Тәубе! Тәубе!

Адамның жасы ұлғайған сайын онаша қалып, ой құшағына берілуге бейім келеді екен. Құлбай шал да қой соңында жүріп көп ойланады. Көзі ілініп, кірпігі айқасса болды өңіндегі кейбір ойлары түсіне еніп, жалғасын тауып жатады.

Бүгін неге екені белгісіз, күні бойы «Көк Тудың желбірегені» деген әннің сөздері тіліне орала берді. Сазы неткен керемет десеңші! Қазақ болып туылғаны үшін көкірегі ерекше мақтанышқа толып, кешке дейін қой соңында сол әнді ыңылдап қайталаумен болды. Баяғы «Мақтанса бүгін — мақтансын қазақ, Төбесі көкке тимей тұр аз-ақ» деген әннен бетер көңілін баурады.

Күн ұясына отырғанмен, жаз кезінде қой жарықтық ымыртқа дейін жайылады. Жайбарақат жайылып жүрген отардың шырқын бұзғысы

келмей Құлбай шал қабырғалары ырсиған шабдар атынан түсіп, адырда жалғыз өскен жиде ағашының діңіне арқасын сүйеп жантая кетті.

Аңызак самал жан рақатындай көрініп, бойы балбырап, терең тыныстады. Жас күнінен күсұйқы неме еді, сол арада көзі ілініп кеткені.

Түс көрді. Күні бойы өзі әуенге қосқан Көк Ту түсіне кірді. Көкте желбіреген көгілдір Туды көрді.

Ту толқындана желбіреген шақта, алтын күннің астында қанат керген алып қыран қос қанатын қағып-қағып қалғандай көрінді. Бір мезгілде алтын қыран Тудан бөліне шығып, зенгір көкте қалқып келе жатты.

Ол біртіндеп Құлбай шалдың тұсына жақындап келеді. Мына ғажапқа таңғалған қойшы орнынан тұрып, қыран жаққа күн салып қарады.

Иә, қыран жақындап қалыпты. Кенет алтын қыран қанағатсыз қарақұсқа айналып бара жатқандай болды. Құлбай шал шошыйын деді.

Қарақұс жайылып жатқан отардың үстіне келгенде қанатын тас түйін жинап, төмен қарай сорғалады. Құлбайдың жан дауысы шығып, «Қайт! Қайт!» деп жанұшыра айғайлауға ғана шамасы келді.

Қарақұс отардың алыс шетінде жүрген бір әлжуаз тоқтыны бүре көтеріп, көкке қарай самғады. «Бүрейін десе басқа аң құрып қалды ма бұл тойымсыз жыртқышқа?» деп, Құлбай

қойшы күйіп-пісті. Қарақұс көкте желбіреп тұрған көгілдір Туға жете беріп, ғайып болды.

Бір таңғаларлығы, Туда бедерленген алтын күннің астындағы қыранның орнына Құлбайдың көтерім тоқтысын қойып кетіпті. Қыран жоқ. Тудағы Күннің астында тоқты тұр. Байғұс тоқты маңырауға да шамасы келмей, үрейден дір-дір етеді...

Құлбай шал осы тұста оянып кетті. Айдалада ауыр түстен бастырылып қалған адамдай екі өкпесі қысылып, демігіп жатыр екен. Жалма-жан орнынан атып тұрды. Жанталасып жан-жағын түгендей бастады. Жанары жасаурап, аспанға қайта-қайта қарады.

Отар қой сол қалпы, жайбарақат жайылып жүр. Қойлардың қаперінде дәнене жоқ. Әлгі оқиғаның өңінде емес, түсінде болғанына шүкіршілік еткен Құлбай қойшы сол иығына мойнын бұрып, үш рет түкірді. Тфә!Тфә!Тфә!

Кәрі жиденің құраған бұтағына шылбырын іле салған шабдар ат танауын пыр еткізіп, терең күрсінгендей болды. Жануар Құлбай шалға мүсіркей қарап тұрғандай. Күн түбіне жортқан алапат жорықтарда бөрілі байрақ көтеріп, сайын даланың төсін дүбірлеткен, абадан жүректі батыр бабаларының қанаты болған қазанат Құлбай қойшының түсіне кірмейтініне ренжулі сияқты.



дшип алғым келеді,— деді Нұрлан тамсанып. Қалибек оған көзінің қиығымен қарады да, аз-маз ағалық ақылын айтып қойғысы келді:

— Бұйырса, аларсың. Құдай соған жеткізсін де. Қазіргі жастардың бәрі асығыс. Бәрі бірден болса дейсіңдер. Үй. Машина. Ақша. Несиеге көзсіз батып жатқан да жастар. Қит етсе ата-анасына, ағайын-тумасына салмақ салып, несие алдырады. Артын ойламайды. Несие деген несібе емес, ол — қарыз. Қазақ атамыз «Қарызға бардай малым бар деме» деген. Адамға дүние бірден аспаннан түспейді, біртіндеп құралады. Соны түсінсең жаман болмайсың.

Өңгіменің қызығына кіріп, айтқан жерге келіп қалғанын байқамай да қалыпты. Күзгі күннің ұзақтығы торғайдың тұмсығындай ғана. Әп сәтте қаланы қою қараңғылық басқан. Кептелекте тіресіп келе жатқан көп көліктің жарығынан, әйтеуір, айдалада не барын

аңғарғандай боласын. Нөсердің соны майда жаңбырға айналып, себезгілеп бүркіп тұр.

— Осы жерден тоқтаңыз,— деді Нұрлан. Қалибек машинаны кілт тоқтатты. Нұрлан ары-бері қозғалақтап, тырыстырып киген тар шалбарының қалтасынан умажалған бес жүз теңге шығарып, Қалибекке ұсына берді. Бұл Қалибектің ойына кіріп те шықпаған. Бірден Нұрланның қолын кері қайтарды:

— Жок! Ақша алмаймын! Өздерің жаратындар. Сендер суықтап, ауырып қалмасын дедім. Ақша өздеріне керек болады,— деп бәйек болды.

— Ой, аға! Ыңғайсыздау болған жоқ па? Сонша жерден келдік қой.

— Сонша жерден келсек, бірталай әңгіме айттық. Жол қысқарттық. Таныстық, бауыр таптық дегендей. Өзіміздің қазақтың балалары болған соң нөсердің астында, суықта қалдырмайын деп... Мен осы көшенің бас

жағында тұрамын. Аман болындар! Жақсы маман болындар!

Нұрлан ұсынған ақшасын қалтасына қайта салып, ризашылық сезіммен Қалибектің қолын қысты:

— Онда жақсы, аға! Рақмет сізге! Сіз сияқты ағаларымыз аман болсын!— деп машинадан түсті де артта отырған қыздарды біртіндеп сүйемелдеп шығара бастады.

— Ағай, сау болыңыз!

— Сау болыңыз! Көп рақмет!— деп қыздар да жамыраса қоштасты.

Қалибек өзінің сауапты ісіне шын риза еді. Жан дүниесі нұрланып, әдемі күй кешті. Ол бала кезінен біреуге істеген жақсылықтан ләззат алатын. Басына іс түсіп, қиналып тұрған адамның алғысын алудан асқан мәртебе болмайтынын ол бұрыннан білетін. Өзінің баласындай жастарға шарапаты тигенін ойлап, жол бойы көңілі көтеріңкі болды.

Зәулім үйдің астындағы паркингке кіргенше оның жаны жадырап келді. Машинаны сөндірген соң ғана артқы орындықтың еденіне тастаған қолшатыры есіне түсті. Кабинадан шығып, артқы есікті ашып қарады. Қолшатыр орынында жатыр екен.

Қара көлеңкеде еденнің арғы басынан бір нәрсе қарауытып көрінгендей болды. «Әлгі қыздар бір затын ұмытып кетпеді ме екен?» деп бойын созып, қараңғы бұрышқа үңіле түсті. Мәссаған! Енді ғана анық байқады, артқы еденде жатқан өзінің қайыс портфелі екен. Жүрегі зырк ете қалды.

Бағана жұмыстан асығып келіп, анасын үйден алып шыққанда бұл портфель жайлы мүлде ұмытып кетіпті. «Үйге қалдыра салмаған екенмін-ау. Жаңағы қыздар ашып қарамады ма екен?» деген суық ой санасын қарып өтті.

Жалма-жан ұмтылып, портфелін суырып алды да, асығыс ашып: «Мұның ішінде не бар еді?» деп, салған заттарын түгендей бастады.

Жұмыс қағаздары ғой. Айтпақшы,

қаланың жоғарғы жағынан үй салу үшін жаңадан сатып алған жер учаскесінің құжаттары да бар. Бүгін күні бойы жүгіріп, сол құжаттарды жер комитетіне тіркетіп, жаңа Актісін қолына алған. Үйге барған соң келіншегіне көрсетіп, сүйінші сұрамақ еді.

Портфельде тағы екі қорап темекі бар болатын. Түнделетіп туынды жазғанда темекі тартпаса ойы сабақталмайды, қолы жүрмейді. Талай жылдан бергі әдеті. Иә, кенесінің қасындағы дүкеннен екі қорап темекі сатып алған.

Жүрегі атқақтап, портфельдің әр қалтасын ақтара қарады. Әйтеуір, жер учаскесінің Актісі аман екен. Бірақ ол басқа қалташаға ауысып кетіпті. Екі қорап темекі ізім-ғайым жоқ. Момақансып, сызылып отырған қыздар темекіні жымқырыпты.

Осыны түйсінгенде Қалибектің аспандап келген көңілі жерге соққандай болды. Көз алдына артқы орындықта отырған қыздардың көңігі ұрыдай жанталасып, нәзік саусақтарымен портфельдің ұңғыл-шұңғылын тіміскілеп жатқаны елестеп кетті. Нұрлан болса мүләйімсіп, бұны әдейі әңгімеге айналдырып отырған сияқты.

«Не деген оңбағандар ей?! Осынша жақсылық істеген адамға иттік жасағандарын қарашы. Ал портфельде ақша болса ше? Ең әуелі с-оны жымқыратын еді ғой. Мыналарын адам емес екен... Бұлар ештеңеден тайынбайды. Ертенгі ұстаздармыз дейді тағы...» деп күйінген Қалибектің жан дүниесі астан-кестен болды.

Мәселе екі қорап темекіде емес еді. Оны қойшы... Қалибек темекіден айырылғанына өкінген жоқ, «Ертең мұғалім боламыз» деп отырған жастардың осындай азғындыққа барғанына күйіп-пісті. Олардың әрекетін тереңірек ой елегінен өткізіп көріп еді, жаны түршікті. Өзінен өзі кіжініп: «Үміт күткен болашақтың сиқы осы ма? Ата-сына нәлет!» деп іштей күбірлей берді.



**Серік  
ЖЕТПІСҚАЛИЕВ**

Мен берген сары жапырақ сақтаулы  
жүр екен әлі,  
Ол бәлкім ескерткіш шығар,  
ал бәлкім махаббат әні.  
Сен оны ұстанғаныңда қолдарың  
дірілдейді екен,  
Көздерің тұңғыық терең,  
не айтарың білінбейді екен.  
Бірақ сол жұмбақ жанарың  
жүректі тілімдейді екен,  
...тілімдейді екен.

1979 ж.

### СЫЙЛАПТЫН БЕКЕР САҒАН...

Жырларым бала күнгі,  
Жан қалқа, жадында ма?  
Тіктің бе жанарыңды,  
Ұзаса сағымдана?

Өзіме кінә тағам,  
Сол сезім жасымапты.  
Сыйлаптын бекер саған,  
Сарғайған жапырақты.

Болса да сондай көркем,  
Болса да тым тартымды.  
Ол мұңның бейнесі екен,  
Аңдаусыз сый тартылды...

Ал, сезім суыған жоқ,  
Тек сорым қалыңдаған.  
Сағыныш сұлу ән боп,  
Жыр болып жалындаған.

Алыстан мұнартасың,  
Шыңдай бір құпиялы.  
Кімге енді сыр айтасың,  
Кеудеме күй тұнады.

Қонбаған бағым едің,  
Әлемсің әлі керім.  
Ойлармын, қиялдармын,  
Таусылмас әбігерім.

Толғанып алабөтен,  
Ойлаймын бұрынғыны.  
Апырай болады екен,  
Мұңның да сұлулығы.

Жалғаннан шыным артық,  
Мың сөзден қылық артық.  
Жәдігөй қуаныштан,  
Сені ойлар мұңым артық.

Сезімнің өшпейтінін,  
Мен бүгін мойындағам.  
Сен жайлы жазар жырдың  
Нүктесі қойылмаған.

Күн болар жетер саған,  
Аралар жасыл бақты.  
Сыйлаптын бекер саған,  
Сарғайған жапырақты...  
2005 жыл

### ЖАНЫМ, МЕН СЕНІ ӨКПЕЛЕТТІМ БЕ?

Жаным, мен сені өкпелеттім бе,  
Көңіліңді — жайлау көктей өттім бе?  
Кездесер жерге келмей көп күндер  
Сезіміңді әсем — өртең еттім бе?!

Жаным, сен менен күдер үздің бе,  
Таяу секілді неге күз мүлде?  
Жолықпас болсақ, оңаша тұрған,  
Таң тамшы ілер таныс дүзгінге.

Көңілде кірбің, бөліндім кей күн,  
Әзілге азапты ой төрін бермейді.

Ерте көктеп-ап, шашылып жатқан,  
Аппақ гүлдерін өрік тербейді.

Жаным, мен сені өкпелеттім бе,  
Көңіліңді — жайлау көктей өттім бе?  
Нұрым деп сенген қызғалдағым-ау,  
Сәулемді саған төкпей өттім бе?

Көңіліңді — жайлау көктей өттім бе?  
Нұрымды саған төкпей өттім бе?  
...Сағынған көзде ізгі арманын,  
Қымбат бір тамшы мөлтең еттің бе?

### КӨҢІЛІҢ СЕНІҢ ӨТКЕНДІ ЖОҚТАДЫ МА?

Түсіп алып көне бір соқпағына,  
Көңілің сенің өткенді жоқтады ма?  
Кездестің бе, таңырқап, әлі күнге,  
Жайнап жатқан жырдыңның шоқтарына!

# ЖАЗАМ АСЫЛ ЖЫРЫМДЫ АҚ ЖАУЫНДАЙ...



Наз айтты ма, тал-тоғай, тілдеді ме,  
Майда-қоңыр ендің бе, түндеріңе.  
Кездестің бе таңырқап, әлі күнге,  
Үзілсе де солмаған гүлдеріме?!

Көз қысты ма, жадырап, жұлдызымыз,  
Жұлдызымыз — қапалы мұңлығымыз.  
Жерде жүріп екеміз қиналсақ та,  
Соған жетіп қалмағай «ұрлығымыз».

Қарайлаудан, мейлі, көз талай талсын,  
Жырым бүрін өзіңсіз қалай жарсын.  
Ошақ жаққа кешкілік бара жатып,  
Жұлдызыңа баяғы қарай салшы...  
1981 ж.

### ШАЛҚАР ШАБЫТ

Қорғалама, бұл — тағдыр, айналайын,  
Сен болдың оңнан туып, жанған айым.  
Ойда жоқта кез болған от сезімді,  
Ақыл қонған шағымда алдамайын.

Тартынба сен, именбе, қарашығым,  
Көрсеткендей тағдырым дара шығын.  
Дүниеде еш қызық саған жетпес.  
Сенің асығатыным, бар асылым!

Саған арнап төгілді өлеңдерім,  
Тағы, тағы көрсем деп елеңдедім.  
Бұл өмірде басқа әуен тыңдағым жоқ,  
Саған бағыт түзеді кемем менің!

Жолықтырған өзіңді кезім — дара,  
Тебірентер жүректі сезім ғана.  
Тұнжыраған түндей боп жүрер едім,  
Шалқар шабыт сыйлаған өзің ғана!

Өмір сүре алмаймын немқұрайды,  
Тұлпар көңіл тарпынып, арқырайды.  
Ақ таңына бақыттың асықтырып,  
Қарсы алдымнан жанарың жарқырайды!

Мен осылай жырлаймын ғашық әнін,  
Шын сезімді несіне жасырамын.  
Сілкіп тастап тірліктің көп күйбеңін,  
Шың бақытты болуға асығамын!

Беу, махаббат, естігем биік шың деп,  
Қабағыңа қараймын күй ұққым кеп.  
Отырамын күбірлеп жүрегіммен,  
Ұлы Алла өзіңді бұйыртсын деп!

\*\*\*

Алқынамын бойымда қаным ысып,  
Жүрек соғып кеудемде алып-ұшып.  
Бал-бұл жанып, толықсып сен отырсың,  
Ақша жүзің Айменен шағылысып!

Талай мәрте сүрініп, құлағанмын,  
Талай сынақ тап келіп, шыдағанмын.  
Алла қолдап сен болсаң жанымда ылғи,  
Айды аспанға мен әлі шығарармын!

Махаббатсыз шыңға ту қадамаппыз,  
Сол сезімге шөліркеп, қаталаппыз.  
Басқа-басқа айтқан ғой Абай хакім,  
Дүниенің бостығын махаббатсыз.

Мен де бүгін тағдырдың тойындамын,  
Жүзеге асты тілегім ойымдағы.  
Сендім мен де күшіне махаббаттың,  
Ұлылығын сезімнің мойындадым!

\*\*\*

Еһ, неткен ойым тұнық, мөлдір менің,  
Бастайды болашаққа өр күндерім.  
Бәрі сенің арқаңда, бәрі сенің,  
Балқытады жанымды жалын демің!

### СОЛ ЕКЕН...

Сол екен бақытсыз күн басталғаны,  
Сенің жолда себепсіз тасталғаның.  
Желіккеннен жалт беріп бақытымнан,  
Өзге бақтың гүліне бас салғаным.

Содан менің күйрепті жасыл бағым,  
Содан кейін аспаным ашылмады.  
Содан екен тағдырдың тайраң қағып,  
Қайта-қайта жол кесіп, басынғаны.

Сен едің ғой аңсаған нұр-арманым,  
Өмір-түлкі алдымда бұлаңдады.  
Сенің ғана есімің шабыт сыйлап,  
Беске жазған оқушы ем шығарманы.

Сен ғана едің тілегім, ұмтылғаным,  
Одан бері қанша өлең жыртылмады.  
Өзің жайлы төрт бөліп түн ұйқысын,  
Сөз бастасам жұрт тынып сыр тыңдады.

Ненің жайын пайымдап, бақ сынап ек,  
Қашан мансап, өмірден тақ сұрап ек?  
...Кейде ойлаймын, жанымда жүргеніңнен,  
Арман болып қалғаның жақсы ма деп!

### ҚАРА ҚҰЛЫП

Шынымды жұрт көрсетті жала қылып,  
Кеудемнен сезім көшіп, барады ұлып.  
Келсемде ақ көңілмен алып-ұшып,  
Қарсы алды жабулы есік, қара құлып.

Жүректі тілім-тілім жара қылып,  
Сананы құлазыған дала қылып.  
Барады ботадайын боздап, әне,  
Жайлауынан үркіген жаралы үміт.

О, неткен жарасымды бала қылық!  
Осы еді-ау, кезікпеген дара қылық!  
Осы еді-ау өлеңімді өрт қылатын,  
Осы еді-ау жіберетін дана қылып!

Арманның ақ сәулесін пана қылып,  
Тағы да қия алмаған қарады үміт.  
Талып қаққан есігім осы еді ғой,  
Қайдан ғана ілінді қара құлып!

Жәудіреген сұлудың жанары қып,  
Гүлзар бақтан ескен таң самалы қып.  
Аңсарымды тым терең жасырыпты,  
Кедергілер құрыпты қамалы қып.

...Маңдайыма шық болып тамады үміт,  
Қайта оралды-ау, талпынып, сан арылып.  
Жақсылыққа жанарым ұмтылса да,  
Қараңдайды алыстан қара құлып!..

Мен сені ұмыта алмайды екенмін...  
Мен сені ұмыта алмайды екенмін,  
Басымды тасқа соқсам да.  
Сол қалпымменен өтермін,  
Күтумен сені оқшауда.

Мен сені ұмыта алмайды екенмін,  
Әлемің бөлек, өйткені.  
Әйтеуір, бір күн жетермін,  
Жалықпай күткің, тек мені.

Мен сені ұмыта алмайды екенмін,  
Қылатын айла, емім жоқ.  
Шырақуға мені көтердің,  
Өзіңнен басқа теңім жоқ...

Көкшетау қаласы



**Оралбай  
КӘМЕТІЯҰЛЫ**

**АСҚАҚ ҮН**

Не екенін түсінгенде тірліктің,  
Келмей кетті жанартауды мүлгіткім.  
Бұл дүниеге келгеніме қуандым,  
Жағыпардан жалбарынып жыр құттім.

Қоғам берді өнегелі санасын,  
Сауықтарда сайрандармын сан асыл.  
Ұрпақ болып көп қуаныш сыйлас,  
Жарымменен тапсам және жарасым.

Байлық, сені құмға сеуіп тастармын,  
Атақ-мансап, ащы екен астарың!  
Тірлігімнің тауқыметі тәнге жүк,  
Мені өлтірмес кеудемдегі асқақ үн.

**САҒЫНЫШ ТАУЫ**

...Өткен түнде қалаға қар түсіпті...

Міне, төртінші қыс...  
Мені сағындыңдар ма, бауырларым?  
Өмір өзі — арпалыс, дауыл жалын.  
Бәлкім, саналарыңнан шығарған шығар,  
Бұл жакта да бір «ауыл» барын.  
Ал мен ұмытар емеспін өздерінді  
Себебі, сағыныш тауындамын.

Сағыныш тауы да солтүстік сібір  
секілді суық,

Түндері толғатып,  
Тұманға құндақтайды тандарын туып.  
Ал мен ару қыз ұйқы  
Бұйығып жатқан сол тандарда  
Зәрлі қармен уылжыған бетімді жуып,  
Бүйрегі мұз тірлікке құлаш ұрамын,  
Темір төзіммен белімді буып.

Тұман тұмшалаған Күн  
көзіндей күрсінемін,  
Сағыныш тауына шыға алмайды  
кіршіл ерін.  
Құзында жалаң аяқ мұз басып жүрмін.  
Табиғатынан түршігемін...  
Сендерді егіліп сағынамын,  
Көбік қарға көз жасым салып тұр сілемін.

Ағаларыңды әбден шөлдеттіңдер ғой,  
Шырын — балдарым!  
Көлемдерінді көкірегіме қысып,  
Көз жасымды төгу — арманым.  
Мені сағынсаңдар, жандарым,  
Қарап қайтыңдар,  
Мен ойнаған төбелердің баурайын.  
Сонда қапты бір бармағым.  
Бет сипандар басына барып шалдардың.  
Амал нешік,  
Ағаларың болып белсенді,  
Бірің үшін де:  
«Батыра алмадым сазға белшемді».  
Налымандар, кешіріңдер інілер!  
Туыстығым сендерге  
Сағынышпен ғана өлшенді...

**УЫҚ**

Ағам отау құрған жылы. Сол жылы  
Естен кетпес оқиғалар болды ірі.  
Женгемізді ап қашқаны — «бір дастан»,  
Айтар болсам, тойдың-дағы «мол жыры».

Абыр-дабыр тойды атқарып тастадық,  
Енді шаруа қалмағандай басқа түк.  
Шаңырағын ортаға алып отаудың,  
Керегеге уық байлай бастадық.

Сағанаққа салып аяқ, бір түсіп,  
Кеттім мен де бір кісідей кірісіп.  
«Ораш, Ораш! Бостану байла,  
байқа!» — деп,

Жатты бәрі маған қарап күлісіп.

Айтпаса да, бәрін өзім байқағам,  
«Іс тындырдым» деп қалайша айта алам?!  
Мен шанышқан уықтарды түгендеп,  
Ағам өзі қадап шықты қайтадан.

Ренжитін жөнім жоқ қой, текке мен,  
Содан бері сыннан өттім көптеген.

(Ару құшқан сері сезім асылдан!)  
Сенің үнің құйылып кеп тосыннан.  
Қуат беріп шабытыма тосылған,  
Қос өзендей сарқыраймыз қосылған,  
Сонда тағы сені іздеймін қасымнан.  
Туған жердің топырағы, тасынан,  
Тамыр тартып, ауасында ашылған.  
Өзің жайлы жеткізбекке ғасырға ән,  
Сал жырым жатқа оқысын, жас ұлан!

Жығылсам да жылқы мініп жүрейін,  
Жаяу жүріп жол тартқанша мәңгілік.

**ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ ӨЛЕҢ**

Керек емес ешкімнің атақ-аты,  
Байлықтың да тимейді шапағаты.  
Осы күнге мені алып келе жатқан,  
Өлеңнің маған деген махаббаты.

**Жыр жалына жармасумен келемін**



Өлеңсіз күле алмаймын, күл десен де,  
Жабырқап бұл өмірде жүрмесем де.  
Фәниді тастап және кете алмаймын,  
«Өлеңсіз жұмақ дайын, кір!» десен де.

Дауасы — өлең ғана көңілімнің,  
Қыздырған қуаныштың көрігін мың.  
Өмірге інкәр өлең болмағанда,  
Селеуі селдірейді сенімімнің.

Қара өлең — қандасым да, досым менің,  
Онсыз мен жалғыздықтан шошыр едім.  
Жетелеп жарқын жолда келе жатыр,  
Бекітіп беделімнің бос ілгегін.

Қара өлең, сені ойласам, мұңданамын,  
Ауызы бігер ме екен бұл жараның?  
Кез келген шаужайыңнан жармасады,  
Санаспай сезіміммен жүр, қарағым.

Қаламын сені қалай арашалап?  
Қорлады-ау сені талай орашолақ.  
Басыңа тәж кигізіп қойсам ба екен,  
Жамандар келе алмайтын жанасалап?!

**ЖҰБАНУ МЕН ҚАЙРАЛУ**

Қару етіп қаламымды қолыма,  
Түстім өлең жолына.  
Еңбектенбей өткен өмір бос ғұмыр,  
Ең болмаса сөзім қалсын соңыма.  
Көркем сөздің кестесін,  
Сұлу сезім дестесін,  
Қайран казак не істесін?!

Лапылдап жанатұғын шағында  
Жігер тауы шағылма!  
Көкіректі кернеп біткен өленді,  
Тәңірімнің тартуы деп қабылда!  
Өнер шашып еліме,  
Гүл егейін жеріме,  
Жарқырайын Көгінде!

Күлгенімді көре алмайтын біреулер  
Өспесін деп тіленер.  
Өнерім мен өрлігімнің өлшеуін,  
Өресі зор өленімнен біле бер.  
Арманым да басқа дүр,  
Жол бермеді-ау жасқа бір,  
Қасқайып жатқан қасқа адыр.

Жанарыңа іле бермей тамшы құр,  
Жаным оттай жаншы бір.  
Бүге-шіге қой асығы қаймықсын,  
Атан өгіз сақасындай алшы тұр.  
Қара өлеңім — қайнарым,  
Ақындығым — айбарым,  
Желбіресін байрағым!

**ҚАЛА ТАҢЫ**

Тіршіліктің тамашасы ұйқымды ап,  
Тұрдым танда тамылжыған күй тындап.  
Табиғаттың тұла бойын сиқырлап,  
Тал басында сансыз торғай шикылдап.  
Сұлу сазы судай сінді санама,  
Сүйсіндім мен табиғаттай анама.  
Көкжиектен көтеріліп Күн ару,  
Сәуле сеуіп келеді екен қалама.

Бейбіт қалам Күн нұрына боянған,  
Бақыт құшқан тұрғындары оянған.  
Бір-бірімен құшақтасып, қауышып,  
Бұрынғыдай бірлігіне таянған.

Осы менің аппақ қалам, ақ қалам,  
Мен өзіннен шаттық табам, бақ табам.  
Көз алдымда тұнып қалған сәтінді,  
Болашаққа өлең етіп ап барам.

*Ақтөбе облысы*

Мен шанышқан поэзия уығын,  
Ешкім қайта қадай қоймас деп келем.

**СЕНІ КҮТУ**

Сағынышым өртенгендей қаулады,  
Сен деп сүйдім түп шынарды таудағы.  
Сенен хабар жеткізетін бір медет,  
Құба жолдар көз алдымда аунады.

Сенің үнің талып жетті шындардан,  
Мөлдірлігім сағынышпен шындалған.  
Сағыныш боп қалсаң да егер, өкінбен,  
Махаббаттың мұнарасы мұңлы арман!

Сені күту — ауыр азап, ащы ән,  
Ащы әнді мархабатпен тұщынам.  
Сен сыйлаған қуанышты, қайғыны,  
Өзің жакқа өлең қылып ұшырам.

**ЖАБЫРҚАМА**

Жабырқама, сүйгенің жаныңда жүр,  
Табиғатпен тәнім де, жаным да бір.  
Сағынышқа айналған арман бейнем,  
Көз алдында мұнартақан сағымда жүр.

Жапыраққа шық тұнса мөлдіреген,  
Мендік сезім, соны сүй, сендірем мен.  
Қызғалдақтар қылтиса аялай жүр,  
Үмітім ғой ол менің үлбіреген.

Мен де өзіндей сені аңсап ойланармын,  
Бірге талай өзінмен тойға бардым.  
Жел боп келіп жеңінен  
жұлқып тартып,  
Самал болып бетіңнен аймалармын.

Саған арнап қызғалдақ гүлін шашқан,  
Сағынышың сезілер әр қырды ассан.  
Көкжиекке ұласқан менің жолым.  
Кең пейілім — төбемде ашық аспан.

**СЕНІ ІЗДЕЙМІН**

Қанша қайғы жұтса жаным сені ойлап,  
Саған жету үшін сонша асығам.  
Ойда дауыл, жон арқамда от ойнап,  
Ақ қағазға төгіп өтем жасын ән.  
Сонда, жаным, сені іздеймін қасымнан,

Сенсіз тірлік — босқа ғұмыр бас ұрман!  
Сосын, тағы сені іздермін қасымнан.  
Шаттығыңды көру үшін тасынған,  
Бақытымды байқау үшін басымнан!

Осылайша, сені іздеумен, ғашық жан,  
Арайланып арай толы асыл таң.  
Жыр жолына үнілгенде жосылған,  
Сені көрем мойыныма асылған.  
Сонда тағы сені іздеймін қасымнан...

**ЫСТЫҚ ӨМІР**

Ыстық өмір құшақтап ап бір ұлы  
Сен кіргенде салқын үйім жылыды.  
Сенсің — жалғыз дүниенің тұнығы,  
Сенсің — жалғыз осы үйдің ұлығы,  
Әкесінің кіп-кішкентай құлыны!

Көңілімнің кем-кетігі толықты,  
Көгершінім күнбезіне қоныпты.  
Ертелі-кеш қызан келсем егерде,  
Анаң-дағы кейімейтін болыпты.  
Татулықтың туы сенсің, орнықты!

Сені ойладым, жүрсем жолда апталап,  
Жеткенімше асығамын, жоқ тағат.  
Жаратқанға жалбарынам күн-түні;  
«Періштемді сақтай ғөр деп, бақ қарап»,  
Арманымнан айырма тек ақ қанат!

**ЖЫЛҚЫНЫҢ ТҮСКЕ ЕНУІ**

Түсімде әлі атқа мініп жүрмін мен  
Үзенгімді тебістіріп құрбыммен.  
Қадамымды қанша шалыс бассам да,  
Үмітімді үзе алмаймын бұл күннен.

Кейде жуас, кейде асауға мінемін,  
Мұндай түстен қобалжиды жүрегім.  
Асау жықса әкеледі аздап мұң,  
Жүйіткіп жүрсем, орындар тілегім.

Жүйрік, бәлкім, емес пе деп өлеңім?  
Жыр жалына жармасумен келемін.  
Күлтеқұйрық — мендік муза болса егер,  
Ауып түсіп қалмасыма сенемін.

Жылқы түске енуі де зандылық...  
(Жарыс үшін жаратылған жанды ұқ!)

Картада бір бұрыш бар: мұнда таулар көкке ұмтылып, ормандар көне аңыздарды сыбырлап, көлдер аспанды соншалық таза бейнелейді, тіпті тынысыңды ішке тартып қалады. Бұл – Шығыс Қазақстан. Оны құрғақ сөздермен сипаттау мүмкін емес. Мұнда табиғат әдемі ғана емес, ол – тірі, шынайы әрі келген әрбір жанмен кеңінен бөліседі.

Бүгінгі таңда саяхатшыларды 383 орналастыру орны қарсы алады: жайлы қонақүйлер, пансионаттар, демалыс базалары мен ауыл үйлері. Бір жыл бұрын олардың саны 346 ғана еді. Табиғаттың өзі шақырғандай, жаңа қонақжай үйлер бірінен соң бірі бой көтеріп келеді. Әсіресе ауыл туризмі қарқынды дамуда: мұнда қазірдің өзінде 264 нысан бар, онда табиғат аясындағы нағыз ауыл тіршілігін сезінуге болады.


Жарты жылдың ішінде өңірге 214 мыңнан астам турист келді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда алтыдан бір бөлікке артық. Әрбір жаңа қонақ тау соқпақтарында ізімен ғана емес, жан дүниесінің бір бөлігін қалдырады.

Шығыс Қазақстан әлемнің түкпір-түкпірінен келетін туристер үшін тартылыс нүктесіне айналуға. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында мұнда шамамен 8 мың шетелдік қонақ келген.

Алғашқы орындарда, әрине, біздің көршілеріміз: Ресей (3,5 мың), Қытай (1,5 мың) және Қырғызстан (1,2 мың). Көбірек келе бастағандар қатарында Моңғолия, Беларусь және Түркия бар. Бірақ география бұдан әлдеқайда кең: АҚШ, Франция, Италия, Австралия, Германия және басқа елдер. Әрбір мемлекет өңірдің туристік палитрасына өз бояуын қосады.

Шығыс Қазақстанды нағыз мәдениеттер тоғысқан жер деуге болады. Біреулер ормандар тыныштығы мен айнадай көлдер үшін келеді, басқалар – шытырман оқиғаларды іздеп, ал үшіншілер – табиғат пен тарих тоғысқан жаңа Қазақстанды ашу үшін сапар шегеді.

Катонқарағай ауданы – Алтайдың жүрегі әрі өңірдің мақтанышы.



## Табиғаттың өзі сөйлейтін өлке

ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген «Катонқарағай» ұлттық паркі саяхатшыға балқарағайлы ормандарды, альпі шалғындарын, мұздықтарды және шипалы қасиетімен танымал Рахман қайнарларын ашады. Мұнда бәрі үйлесіммен тыныстайды: өзендердің сыңғыры, қылқан жапырақ иісі, қарлы шыңдардағы күн сәулесінің ойыны.

Жақын маңда басқа інжу-маржан Марқакөл көлі мен аттас қорығы жатыр. Ұзыннан-ұзақ созылған биік таулы көл таулар мен бұлттарды өзіне сіңірген алып айнаға ұқсайды. Оның суы мөлдір әрі ерекше ускуч балығы бұл айдынды әлемде теңдессіз етеді. Марқакөл қорығы бай жануарлар мен өсімдіктер әлемін сақтайды: мұнда сирек құстар мен тайга аңдарын кездестіруге болады. Танертең көлді тұман басып, ал кешке аспан жұлдызға толып, бұрын-сонды болмағандай жақын көрінеді.

Бұқтырма су қоймасы – шығысқазақстандық «теңіз». Оның жағалаулары мүйістерге толы, ал жағажайлары жұмсақ құммен көмкерілген. Күндіз мұнда



шомылу, катермен серуендеу, балық аулау қызып жатса, кешке су бетін қызыл шапақ көмкеріп, ерекше тыныштық орнайды. Бұқтырма – толқындардың сыбдыры мен шексіз судың еркіндік сыйлайтын мекені.

Өзінің әсемдігімен Сібе көлдері де – танымал тау жоталары арасында жасырынған бес айнадай таза көл. Әрқайсысының өз мінезі бар: тыныш,

онаша көлдерден бастап, кең, күнге ашық жағалауларға дейін. Бұл жерлер баяу демалысқа арналған: судың жанында отырып, құстардың әнін тыңдап, тыныштықтан ләззат алуға болады.

Өңірдің солтүстігінде Риддер таулары мен Батыс Алтай қорығы созылып жатыр. Бұл – қатаң әрі еңселі табиғат мекені: шыңдар бұлттарға оранып, қалың ормандар ертегідей көрініс сыйлайды. Мұнда сирек жануарлар мен құстар мекендейді, ал табиғаттың қол тимеген сұлулығы өз қайталанбастығымен баурап алады. Риддер таулары – шытырман оқиға іздегендер үшін нағыз мекен: жаяу бағыттар, тау соқпақтары, жанды тоқтататын панорамалар.

Шығыс Қазақстанның әрбір бұрышы

– бөлек тарих. Катонқарағайдың алтайлық соқпақтары, тылсым Марқакөл, кең Бұқтырма, тыныш Сібин көлдері немесе асқақ Риддер таулары – бәрі біріккенде саяхатқа шақыратын ғажайып суретті құрайды.

**Е. СЕМБИНОВ,**

Шығыс Қазақстан облыстық туризм басқармасының басшысы

Риддер қаласы бүгінде Шығыс Қазақстанның туристік картасында жарқырай көрінетін аймақтардың біріне айналуда. Тау мен орман үндестігін тапқан бұл мекен – көркем табиғаты, айнадай мөлдір көлдері мен жыл он екі ай қызмет көрсететін инфрақұрылымымен ерекшеленетін, жан тыныштығын іздеген жандар үшін таптырмас демалыс орны. Бүгінде Риддерде 40 туристік нысан жұмыс істейді. Олардың қатарында 12 қонақүй, түрлі форматтағы 25 орналастыру орны (жайлы коттеждер мен шале үйлерінен бастап, аңшылық және балықшылық аймақтарға дейін), сондай-ақ «Эдельвейс» пен «StardustCamp» атты 2 таушаңғы базасы бар. Жаз мезгілінде балалар лагері де жұмыс істейді. Қаланың жалпы нөмірлік қоры 515 бірлікті құрайды, бұл бір уақытта 1 586 қонақты қабылдауға мүмкіндік береді.

### Туристік ағынның өсуі

Риддер қаласына деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. 2024 жылғы мәліметтер бұл үрдісті толық растайды: өткен жылы қалаға 41 700 турист келген, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 17,4%-

## ДАМУДЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕРІ

ға артық. Туристердің басым бөлігі – Қазақстан азаматтары (40 518 адам), дегенмен шетелдік қонақтар саны да аз емес – 1 182 адам, бұл өңірдің халықаралық деңгейдегі тартымдылығының артып келе жатқанын білдіреді.

Бұл өсім 2025 жылы да жалғасуда. Жылдың алғашқы алты айында Риддер 22 990 туристі қарсы алған, бұл 2024 жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 12,1%-ға көп. Ең қызығы – шетелдік қонақтар санының екі есеге артуы, яғни 1 199 адам, бұл қаланың туристік әлеуеті тек ел ішінде ғана емес, халықаралық аренада да мойындала бастағанын көрсетеді.

Риддер өңірінде туризмнің жаңа бағыттары белсенді дамып келеді. Атап айтқанда, ауылдық және гастрономиялық туризм саласы Поперечное ауылында қарқын алуда. Бұл ауыл Қазақстандағы туристік ауылдардың ТОП-5 қатарына еніп, өңірлік байқаудың жеңімпазы атанды. Нәтижесінде, ауылды абаттандыруға 200 миллион теңге көлемінде грант иеленді.

Экологиялық туризм де аймақта қарқынды дамып келеді. Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығы аумағында

қазірдің өзінде 5 жаңартылған туристік маршрут жұмыс істеп тұр. Табиғатпен үндескен бұл бағыттар саяхатшыларға экожүйенің байлығын тамашалауға, таза ауада демалып, белсенді серуендеуге мүмкіндік береді. Ал жаз бен қыс мезгілдерінде өтетін мәдени фестивальдер әлемнің түкпір-түкпірінен туристерді жинап, өңірдің рухани және табиғи әлеуетін кеңінен танытуда.

2024 жылы демалыс базасы – «BearLog»-тың құрылысы аяқталып, ол заманауи белсенді демалыс түрлерін ұсынатын орталыққа айналды. Мұнда туристерге арналған хайкинг, багги-турлар, атпен серуендеу, тікұшақ экскурсиялары және survival-туризм сияқты біргедей тәжірибелер ұсынылады. Сонымен қатар демалыс базасында жартылай олимпиадалық жүзу бассейні де салынып жатыр.

2025 жылы 4 жобаны аяқтау көзделіп отыр, олардың қатарында жаңа қонақүйлер, демалыс базалары мен ақылы балық аулау аймақтары бар. Бұл нысандар 37 қосымша нөмір мен 100 төсек-орын санын қамтамасыз етіп, 32 жаңа жұмыс орнын ашады.

2027 жылға дейінгі кезеңде жалпы құны 4,2 млрд теңге болатын 4 ірі инвес-

тициялық жоба іске асады. Соның ішінде, ең ауқымдысы – Иванов жотасында жыл бойы жұмыс істейтін «Анатау» тау-шаңғы курортының дамуы. Бұл жоба Риддердің туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

### Сын-қатерлер мен шешімдер

Табиғат, спорт және мәдениет – бір жерде тоғысқан мекен.

Бүгінде Риддер Шығыс Қазақстандағы туризмнің дамып келе жатқан орталығы ретінде өз орнын нықтап келеді. Қала өзіне тән бай табиғаты, белсенді демалыстың алуан түрлері және мазмұнды мәдени өмірімен ерекшеленеді. Туристер ағынының артуы, жаңа жобалардың жүзеге асуы және халықаралық қызығушылық – осының бәрі Риддердің туристік саласы сенімді қадаммен алға басып келе жатқанын дәлелдейді. Бұл үрдіс өңір қонақтары мен тұрғындары үшін жаңа мүмкіндіктер мен көкжиектерді ашуда.

**Қ. ТӨЛЕУХАН,**

Риддер қаласы әкімінің орынбасары

# Ұлт мұрасы мен туризмнің тоғысқан тұсы

## ӘЛЕУЕТІ ЗОР ӨНІР

Шығыс Қазақстанның інжу-маржаны саналатын Катонқарағай ауданы — табиғатымен де, еңбекқор халқымен де ерекшеленетін өлке. Ауданның жалпы аумағы 940,8 мың гектар, оның ішінде ауыл шаруашылығына жарамды жерлер — 174,8 мың гектар. Жердің басым бөлігі жайылым мен шабындық, бұл — мал шаруашылығын дамытуға таптырмас мүмкіндік.

Бүгінде аудан экономикасының негізгі бағыттары — ірі қара және ұсақ мал өсіру, жылқы және марал шаруашылығы, ара шаруашылығы, сонымен қатар туризм.

## КАТОНҚАРАҒАЙДЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді», — деген болатын.

Бұл сөздердің өміршеңдігін Катонқарағай өңірінен айқын көруге болады.

2023–2025 жылдары Катонқарағайда «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 53 жоба жүзеге асырылды. Жалпы құны 523,92 миллион теңге болатын бұл жобалар ауыл экономикасына жаңа серпін берді.

Салалық үлеске көз жүгіртсек:

Ауыл шаруашылығы — 26 жоба, 153,64 млн тг;

Туризм — 25 жоба, 330,05 млн тг;

Өндіріс — 2 жоба, 12,9 млн тг.

Бұл көрсеткіштер аудан халқының белсенділігін, өз кәсібін дамытуға деген сенімін айқын байқатады.

Бұрын ауданда бір ғана мал сою пункті жұмыс істеп келген. Енді 2025 жылы жаңа мал сою алаңын салу жобасы мақұлданды. Бұл нысан санитарлық талаптарға сай ет өңдеуге, шаруаларға өнім өткізу тетігін жеңілдетуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға жол ашады.

2026 жылы аудан аумағында 5 мал қорымын салу көзделіп отыр, жалпы құны — 153 млн теңге, сонымен қатар 5 ветеринариялық пункттің құрылысына 120 млн теңге бөлу жоспарланған.

Бағдарламаның арқасында: ауыл шаруашылығына 150 миллион теңгеден астам инвестиция тартылды; инфрақұрылым нығайтылды; туризм саласы жаңаша қарқын алды.

Соның нәтижесінде 30 адам тұрақты жұмыспен, ал 20-ға жуық тұрғын маусымдық жұмыспен қамтылды.

Ауданның әлеуеті мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта модульдық мал сою пункттерін, тері өңдеу және марал шаруашылығын дамыту бағытындағы жобаларды жүзеге асыру жоспарланған.

Бұл бастамалар өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына қосымша серпін бермек.

2025 жылы Катонқарағай ауданы туризм саласында қарқынды даму жолына түсті.

Шығыс Қазақстанның інжу-маржанына айналған Катонқарағай ауданы — табиғаты көркем, тарихы терең, әлеуеті зор өлке. Бұл аймақ — еліміздің ең ірі ұлттық паркі орналасқан, Алтайдың асқақ таулары мен мөддір сулы өзен-көлдері үйлесім тапқан өңір. Соңғы жылдары Катонқарағай ауданы ішкі және халықаралық туризмнің жаңа бағыты ретінде белсенді дамып келеді.

Ауданның ерекше географиялық орналасуы — тау туризмі, экотуризм, сауықтыру және этнотуризм бағыттарын дамытуға мол мүмкіндік береді. Табиғи байлығы мен биологиялық әртүрлілігі



мол бұл мекен бірегей флорасы мен фаунасы арқылы ерекше қорғалатын аумаққа айналған. Осындай баға жетпес табиғи мұралар Қазақстан мен шетелден келетін туристерді жыл сайын көбірек қызықтырып отыр.

2025 жылдың қорытындысы бойынша, Катонқарағай ауданына келетін туристер саны күрт артып, сервистік қызметтердің сапасы мен көлемі де айтарлықтай жақсарды. Ауданда бүгінде 97-ден астам туристік нысан жұмыс істейді, олардың қатарында экологиялық демалыс базалары, этноауылдар, сауықтыру кешендері мен пантолечебницалар бар. Жыл соңына дейін туристер легі 200 мыңнан асады деп күтілуде. Биылғы туристік маусымда ауданды көруге отандық және шетелдік демалушылар көптеп келді. Атап айтқанда, Ресей Федерациясынан, Қытай Халық Республикасынан, Испания, Италия, Моңғолия, Швейцария, Түркия және Америка Құрама Штаттарынан туристер келіп қайтты.

Ауданға тартылған инвестиция көлемі де қомақты: 2026 жылы Туризм саласына 15 миллиард теңгеден астам қаражат күйылады. Бұл қаражат «ALTAY TERRA RESORT», «Wellness Resort», «Pana Asia» ЖШС-нің туристік қалашығын салу, «Altai taihe» ұлттаралық компаниясының туристік комплекс құрылысы сияқты ауқымды жобаларға бағытталмақ. Сондай-ақ әуежай құрылысы басталып, инфрақұрылымдық дамуға ерекше назар аударылуда жолдар жөнделіп, санитарлық-гигиеналық тораптар орнатылып, туристік бағыттар цифрландыру жүйесіне енгізіліп жатыр.

Катонқарағай туризмін дамытудың басты бағыттарының бірі — тұрақты туризм қағидаттарын сақтау. Экожүйені қорғау, туристік жүктемені реттеу, жауапты туризмді насихаттау қазіргі таңда аудан әкімдігі мен сала мамандарының басты ұстанымына айналды. Бұл мақсатта халықаралық ұйымдармен, инвесторлармен және туристік қауымдастықтармен бірқатар меморандумдар жасалып, ортақ бастамалар іске асырыла бастады.

Келешекте Катонқарағай Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның ең танымал экотуристік орталығына айналуы әбден мүмкін. Мұнда демалыс пен рухани байлықты ұштастырып, адам мен табиғаттың үйлесімді өмір сүруінің жарқын үлгісін көруге болады.

2025 жылы Катонқарағай ауданында ірі инвестициялық жоба қолға алынды. Атап айтқанда, Ақшарбақ ауылындағы «Верх-Катунь» пантолечебницасын кеңейту (400 млн теңге), Аршаты ауылында «Altay Resort» курорттық кешенінің құрылысы (2 млрд теңге), Өрел ауылындағы «MuzTau» эко-отелі аумағында

мейрамхана салу (200 млн теңге), Катонқарағай ауылында «ALTAY TERRA RESORT» туристік кешенінің құрылысы (500 млн теңге), «Баян» пантымен емдеу орталығын кеңейту сияқты ауқымды



жұмыстар жасалды.

Одан бөлек, аудан туризмін дамыту мақсатында бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, туризмді тұрақты дамытудың (sustainable tourism) қағидаттарын енгізу арқылы жаппай туризмнен экологиялық жауапты және саналы модельге көшу ұсынылды. «Green Destination» халықаралық экологиялық сертификатын алу мүмкіндігі қарастырылды. Ауданның туристік тартымдылығын арттыру мақсатында бірыңғай брендинг пен дизайн-код енгізу, яғни ғимараттар мен туристік нысандарды біртұтас сәулеттік стильде салу мәселесі қолға алынды. Туризм инфрақұрылымын жүйелі дамыту үшін мастер-план әзірлеу, қызмет көрсету сапасын арттыру, сондай-ақ ауыл туризмі мен экотуризм бағыттарын дамыту бойынша нақты шаралар жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар Қытай тарапымен серіктестік негізінде «Канас — Маркакөл — Катонқарағай» туристік бағытын біріктіру жөнінде келіссөздер жүргізілді. Мамыр айында Шығыс Қазақстан облысының делегациясы Қытайдың Синьцзян Ұйғыр автономиялық ауданында іссапармен болып, «Канас — Маркакөл — Катонқарағай» бағытын іске қосу және екі елдің туристік инфрақұрылымын интеграциялау мәселелері талқыланды. «Kazakh Tourism» Ұлттық компаниясы туризмді тұрақты дамытуға, экологиялық

жауапты өнімдерге, туристік ағымдарды басқаруға қатысты ұсыныстар жасап жатыр.

2025 жылы Катонқарағай ауданының туристік әлеуетін халықаралық деңгейде ілгерілету мақсатында маңызды серіктестікке жол ашылды. Шығыс Қазақстан облысында өткен «Altai Invest Forum» халықаралық инвестициялық шарасы аясында Катонқарағай ауданы мен Қытай Халық Республикасының инвесторы Умути Джалиль арасында туризм саласындағы өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға ресми түрде қол қойылды.

Меморандум аясында Катонқарағай аумағында халықаралық деңгейдегі туристік кешендер салу; экотуризм мен этнотуризм бағыттарын бірлесіп дамыту; жаңа инфрақұрылым мен сервистік нысандарды іске қосу; туристік бағыттар бойынша «Канас — Маркакөл — Катонқарағай» маршрутын қалыптастыру секілді бірқатар бастамалар көзделіп отыр. Бұған қытайлық инвестор тарапынан 8 млрд теңге көлемінде қаражат жұмсалғалы отыр.

Алға қойған міндеттер қатарында 2029 жылға қарай Шығыс Қазақстан облысы-

на келуші туристер санын 650 мың адамға дейін жеткізу жоспарлануда.

Ауданның дамуына Мемлекет басшысының Катонқарағай ауданында әуежай салу туралы шешімі де үлкен серпін берді. Заманауи әуежай туристер мен кәсіпкерлерді тарту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл ауданның халықаралық туристік бағыт ретіндегі мәртебесін арттырады. Әуежай Астана, Алматы, Өскемен, Семей қалаларына ішкі рейстерді, сондай-ақ Алтай мен Канасқа (Қытай Халық Республикасы) және Баян-Өлгейге (Моңғолия) халықаралық маршруттарды қамтамасыз етеді. Жаңа әуежайдың ашылуы өңірдің көліктік қолжетімділігін жақсартып қана қоймай, қосымша жұмыс орындарын ашады, Катонқарағай ауданында қонақүй бизнесі мен қызмет көрсету саласын дамытуды ынталандырады.


Алдағы уақытта Катонқарағай ауданы Қазақстанның ғана емес, бүкіл әлемнің назарын аударатын экотуризм орталығына айналары сөзсіз. Табиғатқа ұқыпты көзқарас пен заманауи инфрақұрылымның үйлесуі ауданның тұрақты дамуының кепілі болмақ.

**Г.ЖАҚСЫЛЫҚОВА**

*Катонқарағай ауданының Ішкі саясат, Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы*

# АБАЙ ЖОЛЫ – ХАЛЫҚ ЖОЛЫ

Академик Қаныш Сәтбаев М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясын «жарты ғасырлық қазақ өмірінің энциклопедиясы», ал ұлы жазушы Шыңғыс Айтматов «Абай» эпопеясы – бұл біздің көркемдік және әлеуметтік энциклопедиямыз, ол біздің ортақ мандатымыз», академик Зейнолла Қабдолов «Абай жолы» – ұлы жазушының ұлы туындысы, бас кітабы» деп, «Абай жолы» романына кезінде жоғары баға берген.



биеттану терминдері, осы ұлы туынды туралы ғылыми зерттеулер жазып, келелі де кеңесті ой-пікірлер айтқан біраз белгілі қаламгерлер, жазушылар мен ғалымдар энциклопедиялық талапқа сәйкес әліпби тәртібімен берілген. Сондай-ақ энциклопедияда автор Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық қорық-музейі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық музейі, Қазақстан Республикасының өнер музейі, Қазақстан Республикасының кітап музейі, М. Әуезов мұражай үйі, Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кітап палатасынан алынған материалдарды пайдаланды.

Осы мақаланың авторлары Наурызбай Ерсарыұлының Лейла, Дина, Ақмарал атты қыздары бәрі ғалымдар, химия мен философия ғылымдарының докторы мен кандидаттары. Олар еңбек етіп отырған жоғары орындарында Абайдың мерейтойына қарсы әртүрлі деңгейдегі іс-шаралар өткізілді.

Мысалы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің «Физикалық химия, катализ және мұнай-химия» кафедрасында жыл сайын Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі және Франция Республикасы Еуропа және Сыртқы істер министрлігімен бірлескен магистранттарға арналған «Абай-Верн» атты қос дипломды стипендиялық бағдарламасы іске асырылып жатыр. Биыл бірқатар 1-курс магистранттары «7M07101 – мұнай химиясы» мамандығы бойынша осы стипендияның иегерлері атанып, 2-курста олар, Клод Бернард Лион 1 атты Францияның жетекші университетінде оқуға мүмкіншілік алды. Бұл бағдарлама халықаралық академиялық тәжірибесі бар жоғары білікті химия мамандарды даярлауға бағытталып, жас зерттеушілердің ғылыми әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

М.Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және дене шынықтыру» және Азаматтық авиация академиясының «Жалпы білім беру пәндер» кафедраларында Абайдың «Толық адам» Концепциясына сәйкес «Абай – ұлт болмысының айнасы», «Абай жолы – халық жолы», «Абай – қазақтың ұлы философы», «Абайдың «Қара сөздері» атты бірқатар іс-шаралар өткізілді. Олар Абайдың шығармашылығын қазақ халқының жалпы адамзаттық көркем ой парасатының маржанына қосқан тікелей үлесі ретінде жоғары бағалады.

«Абай жолы» энциклопедиясы жазушының жеке шығармасы жөнінде жазылған тұңғыш энциклопедия екенін, ал бұл еңбектің авторын – Ақбай Наурызбайды Абай мұрасын насихаттауға және Қазақстан Республикасының руханияты мен мәдениетін дамытуға лайықты үлес қоса білген ардақты азамат қатарына қосылғанын ерекше айтып өту керек.


Сондай-ақ Абайды марапаттаған жоғары орындарындағы өткізілген іс-шаралар да қазақ елінің ғылымы мен мәдениетінің, әдебиеті мен өнерінің жана биік белеске көтерілгенінің көрінісі. Өйткені олар қазақ қауымына эстетикалық талғам мен зор көркемдік қуат әкеліп отырғаны сөзсіз.

Дина АҚБАЕВА,  
Лейла АҚБАЕВА,  
Ақмарал АҚБАЕВА

Халықтың денсаулығы ақ халатты абзал жандардың ғана емес, жергілікті билік өкілдерінің де басты жауапкершілігінде. Шымкент қаласының медициналық жағдайы бұл тұрғыдан алдыңғы шепте деуге болады. Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Арман Сәбитов өткен айда ғана медицина ұйымдарын аралап, тыныс-тіршілігімен танысты.

## ШЫМҚАЛАНЫҢ МЕДИЦИНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Ол ең әуелі №2 қалалық ауруханада болып, қабылдау бөлімі, госпитальдық фармация, диагностикалық бөлімдер, перзентхана мен емхана қызметін аралап көрді. Сондай-ақ медициналық құрал-жабдықтардың жағдайын бақылап, олардың тиімді пайдаланылуы бойынша жауапты мамандармен пікір алмасты. Әкім орынбасары жөндеу жұмыстары жүріп жатқан жұқпалы аурулар ауруханасына да барды. Қазіргі таңда нысанның «С» блогындағы құрылыс-монтаждау жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға берілген. Сонымен бірге «Б» блогының 3 бөлімшесі (6, 7, 9 бөлімшелері) және «В» блогы іске қосылып, науқастар ем қабылдауда. Ал «А» блогындағы жұмыстар 95 пайызға орындалып, соңғы құрылыс-монтаждау кезеңі жүргізілуде. Арман Сәбитұлы құрылыс сапасына назар аударуды және жұмысты дер кезінде аяқтауды тапсырды. Бұдан бөлек, қала әкімінің орынбасары перинаталдық орталықта болды. Медициналық ұйым жүктілігі жоғары қауіп тобындағы әйелдерге,



соның ішінде экстратегиялық аурулары бар науқастарға көрсетілетін мамандандырылған акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетеді. Сондай-ақ Арман Сәбитов №3, №5 қалалық емхана мен қан орталығының жұмысын көріп шықты. Медициналық нысандарды аралау барысында қала әкімінің орынбасары сапалы медициналық көмек көрсету үшін материалдық-техникалық базаны нығайту,

медициналық жабдықтарды жаңарту және нысандарды заманауи талаптарға сай жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Шымкент медицинасының тағы бір көрсеткіші ретінде осыған дейін тек Сызғанов атындағы университетте жасалған ота түрін енді шымкенттік мамандар да меңгергенін айтуға болады.

№1 қалалық клиникалық ауруханаға ұйқы безі құйрығының ісігі диагнозымен түскен науқас басқа қалалардағы клиникаларда бірнеше рет тексеруден өткен. Алайда ол ота жасату үшін осы мекемеге таңдау жасаған. Дәрігерлер толық диагностикалық тексерулер жүргізіп, науқасты отаға дайындады. Жергілікті мамандардың дерегі бойынша, екі сағаттық операция кезінде көлемі 10–11 см ісік алынып тасталды. Лапароскопиялық әдістің ерекшелігі – науқас тез оналады, тіліксіз орындалады және косметикалық тұрғыдан да тиімді.

Ұйқы безі қатерлі ісігі – ең агрессивті әрі емдеуі қиын ісіктердің бірі. Оның алғашқы белгілері ісік айтарлықтай үлкейгенде немесе басқа ағзаларға таралған кезде ғана байқалады. Негізгі симптомдары: іштің жоғарғы бөлігіндегі немесе арқадағы ауырсыну, тәбетсіздік, жүрек айну, салмақтың күрт төмендеуі, сондай-ақ кейбір жағдайларда қант диабетінің кенеттен пайда болуы. Сондықтан уақытылы тексеруден өту аса маңызды.

Аймақтың тағы бір жетістігі – Шымкент қалалық №4 емханада тұрғындарға медициналық қызмет көрсету заманауи цифрлық технологиялар арқылы ұйымдастырылған. Пациентті тіркеуден бастап емдеуге дейінгі барлық процесс алгоритм бойынша жүргізіледі. Face ID және eGov қосымшасы арқылы пациентті сәйкестендіру жүзеге асырылады. Дәрі-дәрмек босату жүйесі де цифрланған әлеуметтік әмиян мен eGov арқылы тегін әрі жеңілдетілген препараттар беріледі. Учаскелік дәрігерлер мен медбикелер жүкті әйелдер мен 5 жасқа дейінгі балаларды жоспарлы профилактикалық тексеруден өткізеді. Қажет жағдайда GPS арқылы жедел көмек шақырылады. «SOS медициналық жүйесі» жедел көмекке мұқтаж науқастарға қажетті мамандарды дереу шақыруға мүмкіндік береді. Мұның бәрі – халыққа қолжетімді, сапалы әрі уақтылы медициналық көмек көрсету үшін жасалған қадамдар.

# ШЫҒАРМАШЫЛ ҰСТАЗДАРЫ КӨП ҰЖЫМ

Шымкент қаласындағы №66 Қазығұрт жалпы орта білім беретін мектеп жайлы айтқанда, 2003 – 2004 оқу жылдары еске түседі. Сол жылы республика бойынша ҰБТ-дан ең жоғары балл алған түлек осы мектептен шыққан еді. Мектеп түлегі Мақсат Пернебаев ҰБТ-дан 120 балл алып, айды аспанға бір-ақ шығарды! Республика бойынша тұңғыш рет осындай балл алған түлек шыққаннан соң ба, білім ордасына қызығушылар саны күрт артты. Оңтүстік Қазақстан облысына арнайы іссапары кезінде ҚР Білім және ғылым министрі мектепке арнайы соқты. Онымен бірге облыс әкімі де келген. Сол жолы мектепте тамаша дидар-ғайып кездесу өтті. «Оқысаңдар, Мақсат сияқты оқыңдар!» деген ұран бүкіл облысқа тарайды.



жоғары нәтижелер көрсетуде. Айталық, 2024 жылдың 19 қаңтарында Шымкент қалалық Білім басқармасының «Оқушылар сарайы» ұйымдастырған әл-Фараби, Абай және Тұран аудандарына қарасты мектептер арасындағы қалалық «Ең үздік рәміздік топ» байқауында мектептің «Жас ұлан» ұйымының «Рәміздік тобы» I орын иеленді. Бұл мектептің патриоттық тәрбиеге ерекше мән беретінін дәлелдейді.

Сондай-ақ мектептің 10-сынып оқушысы Кәусар Дүйсебай «Алтын түлек» математикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде III дәрежелі дипломмен марапатталды. Бұл жетістік – оқушының еңбегі мен оның жетекшісі, математика пәні мұғалімі Ж.Қалмырзаеваның жоғары кәсіби шеберлігінің айғағы.

Тағы бір үлкен жетістік – 8-сынып оқушысы Жомарт Алуа Әуелбекқызының жеңісі. Ол «Мектеп пен ЖОО-ның интеграциясы – жаңа білім беру жүйесінің даму факторы» тақырыбындағы Саттар жас ғалымдарының жобалар шеруі атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясында Бас жүлде иегері атанды. Оның Жетекшісі – Рахия Айтбаева.

Мектептің еңбекқор қызметкері, ағаш шебері мамандығының иесі Қайрат Арғынбеков Астана қаласында өткен «Тамыз – 2025» республикалық конференциясына қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен жарияланған «Жұмысшылар жылы» аясында ҚР Оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапат – оның адал еңбегі мен кәсіби шеберлігінің, өскелең ұрпақты еңбекке баулу бағытындағы өлшеусіз үлесінің лайықты бағасы.

Шын мәнінде, №66 Қазығұрт жалпы орта мектебі – ұжымдық ынтымақ пен ізгіліктің ордасы. Мұнда әр балаға жеке тұлға ретінде қарап, оның дарынын ашуға, өз жолын табуына мүмкіндік жасалады. Ұстаздар мен ата-аналардың бірлескен еңбегінің нәтижесінде мектеп жылдан-жылға дамып, өз беделін арттыра түсуде.

Биыл осы мектептің құрылғанына 33 жыл толып отыр. Бұл – тек бір білім ошағының емес, тұтас ұрпақтың өмір жолындағы баспалдақтарының мерейлі белесі. №66 Қазығұрт жалпы орта білім беретін мектебі – өткенін мақтан тұтып, болашағына сеніммен қарайтын, білім мен руханияттың шырағын жаққан асыл ұя!

Шымкент қалалық Білім басқармасына қарасты №66 Қазығұрт жалпы орта білім беретін мектебі жылдық жоспарға

сәйкес 2025 жылдың 17 сәуірінде ерекше мәнге ие «Үштік одақтың үйлесімі – жарқын болашақ кепілі» атты ашық есік күнін өткізді. Бұл атау тек ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы өзара байланыс қана емес, бұл – бірлік, сенім мен түсіністікке негізделген ұштаған, ұрпақ болашағының тұғыры. Мақсаты – мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс пен ынтымақтастықты нығайту. Мектеп—оқушы—ата-ана! Осы ұштаған қашан да бірлікте, өзара ынтымақта болса, алынбайтын асу жоқ. Жалпы, мектеп педагогтары білім мен тәрбиені қатар алып жүруге тырысады. Бұл ретте атқарылып жатқан жұмыстар жеткілікті.

Шымкент қалалық ардагерлер кеңесі шырайлы шаһардың қоғамның өміріне белсенді араласып, берекелі істің бастауы, жақсылықтың ұйытқысы болып жүр. Ардагерлер Білім басқармасымен бірлесе отырып, мектептердегі ұлттық құндылыққа негізделген тәлім-тәрбие жұмыстарын жандандыруға үлес қосып келеді. Сонымен қатар №66 Қазығұрт жалпы орта мектебінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына сәйкес «Заманауи тәрбие әлемі. Ұлттық құндылықтар. Ұрпақтар сабақтастығы» тақырыбында ардагерлер кеңесінің



төрағасы Кенжехан Төлебаев бастаған бір топ ардагердің қатысуымен қалалық әдістемелік –тәжірибелік семинар өтті. Онда ұрпақ тәрбиесіне қатысты барлық мәселе талқыланды. «Бүгінгі алмағайып заманда жастарға қалай тәрбие береміз?», «оларды жат ағымдардың тегегінен қалай арашалаймыз?», «телефонға тәуелділіктен құтқарудың жолдары қандай? деген сұрақтарды ардагерлер мен мұғалімдер бірлесе талқылады.

Мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс пен ынтымақтастықты нығайту үлкен маңызға ие. Оқушы тәрбиесінде ұшжақты бірлескен әрекеттің маңызын көрсету мұғалімнің күнделікті жадында жүруі тиіс. Білім беру үдерісіндегі ашықтық пен сенімділікті арттыру жолдарын қарастыру мектептің әрбір ұстазының басты борышы саналады. Ардагерлер мен ата-аналарды мектеп өмірімен таныстырып, ортақ жетістіктермен бөлісу екіжақты байланысты нығайта түседі.

«Ашық есік» күні аясында ата-аналар оқу кабинеттерін аралап, оқушылардың шығармашылық және ғылыми жобаларымен танысады. Сонымен қатар ашық сабақтар, спорттық сайыстар, өнер көрсету, үйірме жұмыстары, психологиялық тренингтер, пікір алмасу алаңдары ұйымдастырылады. Бұл күн – ата-анаға өз баласының мектептегі даму бағытын көруге, ал ұстаз бен оқушыға

қолдау сезінуге мүмкіндік беретін маңызды сәт.

«Үштік одақтың үйлесімі – жарқын болашақ кепілі» атты ашық есік күні аясында келушілерді «Ұлттық қазына» бұрышы: ұлттық құндылықтар көрмесімен таныстырады. Қонақтарды мектеп оркестрі «Ер Тұран», «Адай» күйлерімен қарсы алды. «Жас домбырашылар» тобы өнер көрсетті. Ал «Тәжірибе алаңы» көрмесінде оқушылардың жобалық, шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырылды.

Білімге арналған бұрыш аясында оқушылардың оқу үлгерімі таразыға түсті. «Білімнің қайнар бұлағы – кітап» көрмесі бойынша «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге...» деген Абай даналығына негізделген танымдық сабақтар өтті. «Тәрбие – тал бесіктен басталады» тақырыбында тренинг-сабақ мектепте жиі өтіп тұрады. Инклюзивті білім беру бойынша «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс жасау тәсілдері» тақырыбындағы таныстырылым болады. Зияткерлік даму бөлімі ментальды арифметика бойынша шеберлік сабағын өткізіп келеді.

Мектепте өткен осынау іс-шара қорытындысында мектеп директоры Найла Рапихақызы: «Бүгінгі ашық

есік күні – білім мен тәрбие берудегі бірліктің, сенім мен серіктестіктің нақты көрінісі. Үштік одақтың – ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы үйлесімі мықты болса, ұлт болашағы жарқын, еліміздің ертені сенімді болмақ. Бірігіп атқарған әрбір іс үлкен нәтижеге бастайды. Сіздерге шынайы алғысымызды білдіре отырып, бала болашағы жолындағы ортақ жұмыста табыс тілейміз!» — деді.

Иә, Шымкент шаһарындағы №66 Қазығұрт жалпы білім беретін мектебі бүгінде республикаға кеңінен танымал. Мектеп мұғалімдері республикалық, аймақтық пән олимпиадаларында үнемі топ жарып, бәйгелерден оза шауып келіп жүр. Бір мақалада олардың барлығын атап шығу мүмкін емес. Аймақтық, қалааралық, республикалық түрлі жарыстарға қатысып, мектеп мерейін асқақтатып жүрген оқушылар да баршылық.

Қазығұрт мектебінің ту сыртынан осы аттас тау асқақтап көрінеді. Ал Қазығұртта Нұқ пайғамбардың кемесі қалғанын жұртшылық жақсы біледі. Осынау киелі тау атындағы мектептің үнемі алдыңғы қатарда болуы заңды да. Біз Қазығұрт тауындай асқақтай беріңіздер, түлектеріңіздің даңқы Қазығұрт тауындай әлемге тарай берсін деген ізгі ниетпен қоштастық.

# Еркін ЖАППАСҰЛЫ

Белгілі жазушы, журналист, Құрмет, Парасат ордендерінің иегері, сатира жанрында әдебиетімізге зор үлес қосқан қарымды қаламгер Еркін Жаппасұлы 71 жасында өмірден озды. Ол 1954 жылы 6 маусымда Семей облысы, Ақсуат ауданы, Екпін ауылында дүниеге келген.

1971 жылы Ақсуат қазақ орта мектебін бітірген. 1971–1973 жж. Ақсуат аудандық Пионерлер үйінің директоры қызметін атқарған. 1975 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп оралған соң аудандық музыка мектебінде ұстаз болған. Мектеп қабырғасында жүріп музыка мектебін қоса тамамдаған. 1982 жылы ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. «Қазақстан пионері» («Ұлан») газетінде, республикалық «Қазақкітап» кітап саудасы бірлестігінің насихат редакциясында еңбек еткен, «Қазақ әдебиеті» газетінде тілші болып бастап, бергін келе «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары қызметін атқарды.

Алғашқы сықақ шығармалары 1967 жылдан бастап облыстық «Семей таңы», «Қазақ әдебиеті», «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш»), «Қазақстан пионері» газеттерінде, «Ара-Шмель» және «Жұлдыз», «Жалын» журналдарында жарияланған. «Кімге күлкі, кімге түрпі?» «Ой, қытығым келеді...» атты т.б. сатиралық кітаптары жарық көрген. «Қазақстан», «Хабар» арналарының әзіл-сықақ хабарларының, «Тамаша» ойын-сауық ота-



уының тұрақты авторы болды. 2003 жылы «Қымсынбашы, қылықтым» атты кітабы үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы берілді. 2008 жылы «Жазушы» баспасынан «Мыңкетпес мыңк етер емес» әзіл-сықақ әңгімелер жинағы оқырманға жол тартты. Шығармалары орыс, қытай тілдеріне аударылған. Қазақ әдебиетінің, қазақ баспасөзінің дамуына зор үлес қосқан жазушының жарқын болмысы қаламдастарының, халқының жүрегінде сақталады.

Қазақстан Жазушылар одағы  
Басқармасының хатшылығы

## ҚАЗАҚ САТИРАСЫНДА ӨЗ ҚОЛТАҢБАСЫН ҚАЛДЫРҒАН

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жазушы, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Құрмет орденінің иегері Еркін Жаппасұлының өмірден өтуіне байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, туған халқына қайғыра көңіл айтады.

Еркін Жаппасұлы қазақ сатирасында өз қолтаңбасын қалдырып, қоғамның күлкі мен шындық тоғысқан қырларын терең бейнелеген бедерлі қаламгер еді. Ол қазақ әдебиетінің, баспасөзінің дамуына елеулі

үлес қосып, өзінің кәсібилігімен, ұлт руханиятына жанашырлығымен ерекшеленді.

Еркін Жаппасұлының жарқын бейнесі, өткір тіл мен ойлы әзілге құрылған шығармалары, қаламгерлік қолтаңбасы әріптестерінің, оқырмандарының және барша қазақ журналистикасы қауымының жадында мәңгі сақталады деп сенеміз.

Марқұмның жаны жәннатта, иманы саламат, топырағы торқа болсын.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі

## АДАМДЫ АЛАЛАМАЙТЫН

Еркін Жаппасұлы ерекше адам еді. Оны билетін барлық қазақтың көңілі де қатты толқуда деп ойлаймын. Еркін Жаппас өзінің адалдығымен, ақ көңілімен, тазалығымен ешкімді жерге, жікке, руға бөлмейтін сондай айрықша жаратылған жан болатын. Еркінмен бірге жұмыс істеп жүрген барлық қаламдастарына, Жазушылар одағы Басқарма төрағасына, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторына, отбасына, бала-шағасына, сүйген жарына, өзінің жақын жандарына — бәріне аналық ақындық жүрегімен қатты қайғырып көңіл айтамын.

Еркіннің соңғы кездері жақын туыстары бірінен кейін бірі қайтыс болып, оның жүрегіне қатты салмақ салып кеткенін мен

жақсы түсінемін. Осының бәрі оның өмірден ерте кетуіне себепші болды. Еркін адам баласына жанашыр, адам баласының бәріне шын пейілімен, ақ көңілімен жақсылық жасайтын. Егер адамдар туралы мақала жазатын болса бар пейілімен беріліп шынайы жазатын. Осындай адамның ерте кеткені, әрине, жүрекке қатты батады, қайғыртады.

Мен кейде өзім бір киналып қалған кезімде телефон соқсам, ол ағынан жарылып бәйек болып көмек көрсетуші еді. Осындай ақжарқын адам еді ғой. Ол туралы айтатын нәрсе көп. Жатқан жері жайлы, көңілі тыныш болып соңғы жағына алаңдамай, бір Алланың рақымын күтсін.

Марфуға АЙТҚОЖИНА

## ГАЗЕТТІҢ ТІЛІ МЕН ҮНІ БОЛА БІЛДІ

Сатирик жазушы Еркін Жаппасұлының жұмыста отырып жүрек талмасынан 72-ге аяқ басқан шағында ғайыптан тайып кетуі, әдеби қауымды есенгіретіп тастаған қаралы хабар болды. «Қазақ әдебиеті» газеті дегенде есімізге Еркін түсетін. 40 жыл бойы әдебиетіміздің тілі мен үніндей болған Еркін осы газеттің тынымсыз соққан жүрегі де бола білді. Апта құрғатпай Қырық жыл бойы хабарласып тұрды. Оның әрбір қоңыраулаған үнінен тек Еркінге

тән жылы леп, бауырмалдық лебіз есетін. Еркіннің өзіне ғана тән осы бір жылы лебіз, жеңіл юморды ол өзімен бірге ала кетті, өкініштісі.

Қайран Еркін! Алла алдыңнан жарылқап, жәннатта болғай тұрағың! Ақиретте алдыңнан жеті тозақ жабылып, сегіз пейіш ашылғай!

Смағұл ЕЛУБАЙ

## ТАБИҒАТЫ ТАЗА, СИРЕК ДАРЫН ЕДІ...

Талантты сатирик-жазушы, көсемсөзші, әдебиеттанушы, сыншы, өте тәжірибелі журналист, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Еркін Жаппасұлының өмірден озғанын естігенде, алдымен, сонау студенттік жылдарымыз көз алдыма келді... ҚазМУ қалашығы, ұзын бойлы, ақсары жігіт, қарағайдың жас бұтағындай қағылез, кайратты студент өз курстастарынан оқ бойы озық, оқшау көрінді маған. Кенес армиясының әскері сапында жүргенде екі жылын зая кетірмейтін. Шыныққан, спортпен айналысқан, қарсы келгенді екі бүктейтін, бұлшық еттері білем-білем жігітпен осылай танысып едім...

Әдебиетте оның қаламынан құнарлы дү-

ниелер қалды. Қайсыбір шығармасын алыңыз асығыс, үстірт, сапасыз жазылғанын таппайсыз. Алғашқы сатиралық шығармаларын жиырма екі жасында жазыпты. Жарқ етіп топты жарып, ерте танылған қаламгер еді. Таптырмайтын, айтары бар көркем дүниелер жазған сирек, дарынды қаламгерден ерте айырылғанымызға ауыр, өкініш күйін кешіп отырмын...

Еркіннің қаламының қанаты бар еді. Досыма, құрдасыма Алланың мейірімі түссін! Топырағы жеңіл болсын! Ұрпағына амандық тілеймін! Қазақ оқырманы өзінің талантты қаламгерін ешуақытта ұмытпайды!

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ

## ҚАРАҒАЙДЫҢ ҚАРСЫ БҰТАҒЫНДАЙ

болған Еркін аға да бұл жағанды тастап кетті... Қарағайдың қарсы бұтағындай мінезді алғаш танысқанда көргенбіз. Журналистика факультетіне оқуға түскен 50 ұл-қызды қойдай иіріп, декан Темірбек Қожақеев бірінші жиналысын өткізген. Тәртіп пен талапты айта келіп, 25 студенттен тұратын екі топтың арасынан старосталар тағайындаған.

Біздің 2-топқа Талғат Өтегеновтің (қазіргі сойы — Талғат Айтбайұлы) староста болатынын хабарлап аз-кем кідірді де, «Мәдениет үйіне директор болған анау Еркін Жаппасов «мен неге староста болмаймын?» деп отыр» десін. 49 су жана студенттің мойны декан нұсқаған арт жаққа бұрылған. Ат жақты, толқындалған шашын артқа қайырған ақсұр жігіт қасқайып отыр екен. Абитуриент болған сәттен бастап, Қожақеевтің түрін көрмек түгілі Темірбек деген атын естігенде денеміз дір етіп, өз-өзімізден бүгежектеп қалатын басымыз темірдей деканның сөзінен де, өзінен де қаймықпай қасқайып отырған студентке таңғалып едік.

Сол студент Еркін Жаппасұлы ешкімнің алдында ешқашан бүгежектемей, қасқайған қалпы өмірден өтті.

Оқу бірден басталмайды екен. Алдымен, ауыл шаруашылығы жұмысына қатысуға тиіспіз. Кейін «Фото түсіру шеберлігі» пәнінен сабақ берген Юрий Редкин деген ұстаз бастап барып, тура бір ай Алматының әуежайының түбіндегі «Луч Востока» колхозына қарасты алқаптан қызанақ тердік. Ерекеннің Редкиннің алдында да қасқайып жүргені — бөлек жыр. Бір айда тірі де ірі сықақшыны алғаш көрдік. Ол да — Еркін Жаппасұлы.

Журналистика факультетінің студенті атанған соң қабырға газетін шығару — жазылмаған заң. «Луч Востоканың» маусымдық жұмысшыларына арналған жатағының әкпен сыланған қабырғасына алғашқы қабырға газеті ілінді. Бірер шағын әңгіме мен мақала, бірнеше өлеңнен кейін екі-үш жігітке арналған сықақ шығыпты. Суреттерімен. Бір шумақ сықаққа біз пақыр да кейіпкер болыппыз. Оншақты күн ішінде ауыл шаруашылығы алқабы мен жұмысшылар жатақханасы арасында танытқан мінезіміз айна-қатесіз түсе қалыпты.

Қарамайтын қиындыққа, қауіпке, Жақын жігіт ойын-күлкі, сауыққа. Екі қолы қызанақтан босамай, Секектеп жүр жеміз іздеген тауықша.

Кейін бірер эпиграммаларға, әзіл өлеңдерге кейіпкер болдық. Қадыр Мырза Әлінің «Сосын, жарды мың сүйесін, мың құшып, бірақ естен кетпейтіні — тұңғышы» дейтін сияқты осы алғашқы сықақ санамызда жатталып қалды.

Біз жайындағысы ештеңе емес, арамыздағы ақын Самат Асқаровқа арналған сықақ қандай тауып жазылған десеңші! Самат екі қолын сермеп тұрып өлең оқитын. Ол уақытта біздің оқуға

түсуімізді күтпей Мұқағали Макатаев қайтыс болып кетті. Ендігі Мұқағали осы Самат болар дейтінбіз.

Ол біз сияқты танапта секектеп көкөніс жинап жүрмейді. Қасында көмекшілікке алған бір жігіті бар, екеулеп көлеңкеде ағаш жәшіктерді шегелеп отырады. Қызанақ тасуға қажет жәшіктердің арасында тактайшасы сынып кеткені болса, соны бүтіндеуге жауапты. Норма — өзіне де, көмекшісіне де елу жәшіктен. Оп-онай жұмыс. Одан кейін Самат қарасын көрсетпей, салқын сыра іздеп кетеді. Кешкісін екі қолды сермелеп өлең оқып жатқаны. Соған арналған сықақ өлең мынандай:

Асып кетті десе, асып кетті десін,  
Тасып кетті десе, тасып кетті десін.  
Жүз жәшікті шегелеп,  
Қаиып кетті демесін!

Ғажап. Саматтың мінезін қалай дәл тапқан. Осы сықақтарды жазған — Еркін Жаппасов.

Мақтау жоқ, көңілге қарау жоқ, сен қандайсың, тура сондай етіп сипаттап берген. Шынында, Ерекен қарағайды қарсы біткен бұтақ еді.

Содан оқып жүрміз. Шамасы екінші курста болуы керек, қыздар арасында бір мода басталды. Бүкіл Алматыда, мұқым Қазақстанда. Одан біздің курстың арулары қалсын ба?!

Мода мынандай. Көйлектің етегіне негізгі матадан бөлек басқа түстес маталардан бірнеше қатар қосылып, тура жер сызып тұрады. Ал көйлектің мойын жағы бұрынғыдан гөрі көбірек, тура омырауға жетер-жетпес тұсқа дейін қырқылады. Қыздарымыз осылай киіне бастады. Көшеде бүкіл қаланың қыздары осындай көйлекпен жүретін болды. Бір күні...

Бір күні «Ара» журналының кезекті саны шықты. Онда күнделікті және апталық газеттер мен айлық журналдарды киоскіге түскен сәтінде сатып аламыз. Басынан бақайшағына дейін оқып алғанша тыным таппаймыз.

Содан «Ара» журналын оқып отырмыз. Фельетоннан фельетон. Ой, айызың қанатын заман ғой. Айызымыз қанып жатып бір шумақ шымшымаға жеттік:

Мода артынан мода жатыр өзгеріп,  
Үлгермейді оның бәрін көз көріп.  
Етекке етек жалаған жүріп, кеуденің,  
Тыр жалаңаш қалғанын да сезбейдік.

Бастапқыда Шона Смаханұлы жазған шығар деп ойладық, жоқ, авторын қарасақ, Еркін Жаппасұлы.

Ол заманда студентке «Араға» автор болу қайда? Түске кірмес кеп. Ал курстасымыз Еркін Жаппасұлы біздің түске кірмейтін, арманға арқау болмайтын нәрсені іске асырған еді...

Қарағайдың қарсы бұтағы екенін жас кезінен, студент шағынан байқатқан Еркін еді!

Қайнар ОЛЖАЙ

## АЗА

Кеттің бе, кеттің бе шын, Ерағам-ай!  
Отырмын бұл хабарға сене де алмай.  
Тауының Тарбағатай тарлағы едің,  
Бауырда самғап өскен қарағайдай.  
Жарқылдап, күлісіп ек, аз күн бұрын,  
Артыңа кеткенің не қарайламай?!

Араға, сырың бар ма, мұның бар ма —  
Симайтын бір ағам ең ұғымдарға.  
Қарайлап жүретұғын тарлан едің,  
Артыңнан еріп жүрген құлындарға.  
Өкініп, құшағыңа ап өксіп едің,  
Көңілің шын бауырдың ұғынғанда.

Айттым не, айтпадым не! Ересен мұң!  
Сен де бір сенгір ойдың, өресі едің.  
Асқар шын ағаларды алға ұстадың,  
Ойладың балалардың келешегін.  
Өзіңнің өр көңілін өшпес мәңгі —  
Ол бірге жүрегімен жеңешемнің!

Ол бірге жүрегімен жақсылардың,  
Барлығы ұрпағына бак сұрар мын.  
Келіп тұр, түзде жылап шапқылағым,  
Келіп тұр, жанартаудай атқылағым.  
О дүние опасыздық қылмас болар,  
Ераға, сені Аллаға тапсырамын!

Әбубәкір ҚАЙРАН

## АРДА МІНЕЗДІ ЕРЕКЕ!

«Осы кітап алғашқы таныстығымыздың күүгері болсын. Әзілмен шуақтай жүріңіз. (қолы). 30.06.2002 ж.» Бұл — Ерекеннің, Еркін Жаппасұлының әзіл-сықақ әңгімелер жинағын маған сыйлағандағы қолтаңбасы. Мен Алматыға үш күнге іссапармен барып, «Алатау» шипажайына орналасқанымды қызым Нәзиядан естіп, зайыбы Қалдықыз екеуі іздеп келген еді. Әңгіме барысында: «Балалар тіл табысыпты» дегенді айтты. Міне, содан бері де 279 ай мен 10 күн

зулап өте шығыпты. Құдамыз болды! Шынайы жанашырымыз болды! Немерелерін «балапан-дарым» деп ерекше аялайтын. Сүйікті немересі Әлиханды быыл мектепке барарында дүкенге ертіп барып, өзі киіндіріпті. «Ол жақта өмір қымбат» деп, Швецияда оқитын немересіне жуырда ақша салыпты. «Ең жарқын жылдарым өткен» дейтін «Қазақ әдебиеті» газетін, ұжымын беріле кастерлейтін. О дүниенің жарық болсын! Қош, ізгі жүректі, арда мінезді, Ереке!

Айтбай ТӘСІЛОВ



**«КӨКЕ» – ДЕЙ-ТҰҒЫН...**

Еркін Жаппасұлына

Тайдан ескен Самалдай – Еркінім едің, Еңістегі – Менің! Жау ала алмас Қамалдай – Беркінім едің, «Бұл» – Не істегенің?!	«Артымнан» – Ерген, «Ер–Қарам»: «Алдыма» – Түсіп-Кеткенің, Неткенің?!	«Кімім» – Бар, Мені: «Көке!» – Дей-тұғын, Дәл – «Сендей»...
Оңым-Солымды – Қарманам: Қарт-Жүрегімді – Қан-Жылатқан, Дерттімін!	«Желдің Өтінде», Сағынармын – Сені: Санама сыймас – «Киелі- Өлшемдей»... ...«Жердің Бетінде»,	...Уай!!!

ИРАН-ҒАЙЫП

03.10.2025

Алматы

**ҚОЛЫНАН ҚАЛАМЫ ТҮСКЕН ЖОҚ**

Міне, кәрі жүректің тағы бір жылы қолқа тамыры үзілді. Қазақ сөз өнері өзінің әрі сері, әрі қарапайым, әрі байсалды, әрі жанына батырмай жұмсақ мысқылмен, әлемі әзілмен әдібін жазып жеткізетін астарлы қалам иесінен, ал «Қазақ әдебиеті» газеті отыз жыл бойы отымен кіріп, суымен шыққан, басылымның әр сөзіне жауапкершілікпен мән беріп, қызметкерлердің қас-қабағына қарап көңілін табатын «еңбек торысынан» айырылды. Астарлы әзіл-оспаққа құрылған сықақтары мен шымшымаларының өзінен оның ізгі жан дүнесінің тазалығы білініп тұратын. Ешкімнің алдын кесіп өтпейтін, сонымен қатар өзінің де алдын кесіп өткізбейтін, кез-келген өнер

иесіне тән ішке бүккен тәкәппарлығы бар еді. Соншама мінезді бола тұрып, оны сондай бір кішіпейілдікпен бойына жасыра білді. Жүрегі ашылғанға ашылды, пиғылын жасырғандардан жасырына білді. Әдеби еңбектерін былай қойғанда, ол нағыз кәсіби қаратабан журналистің өзі болды және ол міндетін адалдықпен атқарды. Қолынан қаламы түскен жоқ. Оны қаламынан ажал ғана ажыратты. Мен оны еркелетіп «Емін-Еркін» деп атаушы едім. Өзі ғайыпқа айналғанымен де, күлкисі — көңілде, дидары — жүректе қалады. Бақыл бол, қош, Емін-Еркін!

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

**БІР ӨЗІ БІР ӘЛЕМ**

Өмірінің жартысын өткізген Одақ үйіне әбден бауыр басқандығы сондай, тіпті ел демалатын сенбі, жексенбі күндері де жұмыс бөлмесіне келетін кездері жиі болатын. Міне, сөйтетін Ерекен – Еркін досым өмірден өте шықты...

Біз елу жылға жуық бұрын, абитуриенттік күндерде танысып едік. Студенттік ғажап кездерімізді бірге өткізіп, бөлмелес болдық. Одан кейінгі қызметке араласқан кездерімізде де жиі жүздесіп, сырласып жүрдік. Сондықтан да оның өмірі маған өте таныс. Елге қалай қызмет етіп, сыйлы болса, бірге туған ағайын-бауырларына да сондай сыйлы болып өтті. Аға-әпкелерінің ұл-қыздарының бәріне дерлік пана болды. Оқимын дегендерінің ешқайсысын қалыс қалдырмай, одан кейін де шын жанашыр ағаның қамқорлығын көрсетті.

Екі бірдей інісі Ауыл шаруашылығы институтында оқып жүріп, 1986 жылы желтоқсанда алаңға шығып ұсталып қалады. Келесі

күні оқудан қуылып кетпесе екен деп шарқ ұрып, ректорына барады. Алыс Ақсуаттан келген, көпбалалы үйден деп, әйтеуір, екеуін де қудаланудан құтқарып қалғанын айтушы еді. Өзінің де алаңда болғанын, түннің бір уағына дейін сонда жүргенін талай естігенмін. Ел мен жерге, қазағымызға деген жүрегінің лүпілін солай ісімен көрсеткен Ерекен «Мен де Желтоқсан қаһарманы емеспін бе!» дейтін. Сөйтіп, ұлт намысын қорғаған мың сан қыз-жігіттердің арасында болғанын мақтаныш етуші еді. Кейін көтерілісші жастар жөнінде де ойларын еркін айтып, жазып жүрді. Ол материалдары өзім құрастырып, үзбей жалғастырып шығарып келе жатқан «Алматы 1986. Желтоқсан» айғақ-кітаптарына енді.

Жаныма жақын досым еді Ерекен. Аптасына жұмысына бір соғып, жүздесіп кетуші едім. Оны мен секілді іздейтіндер аз емес еді. Бәрі-бәріміздің көңіліміз жабырқау... Сен жабырқатып кеттің ғой, Ереке...

Талғат АЙТБАЙҰЛЫ

**ӘДЕБИЕТКЕ АДАЛ БОЛДЫ**

Еркін ағамызбен он жылдан аса әріптес болдық. Тізе қосып қатар еңбек еттік.

Аңқылдаған жақсы адам еді. Тағдырдың маңдайына жазған 71 жылдың жарты ғасырға жуық уақытын Жазушылар одағында, «Қазақ әдебиеті» газетінде өткізді. «Осы газетке мені Оралхан Бөкей ағам әкеліп еді», – дегенді жиі айтатын. Одақтан, әдеби

басылымның босағасынан басқа жаққа бас сауғалаған емес. Әдебиетке адал болды. Қасым Қайсенов, Олжас Сүлейменов, Ғаббас Қабышев, Қалихан Ысқақов сынды әйгілі тұлғалардың алқауында болды. Олар да Еркін Жаппас ағамызды керемет еркелетті. Қайран Ераған... Иман нұрыңыз пейіште шалқысын.

Жанарбек ӘШІМЖАН

**Бейбітбек ӘБДІКӘРІМОВ**

Абыралы өңірінің тумасы, қаламы қарымды журналист, жазушы, бірнеше мекемелерде қызмет еткен Бекен (Бейбітбек Нығметұлы) ағамыз мына ғажап өмірден дәм-тұзы, бір жұтым ауасы таусылып, мәңгілік мекеніне аттанып кетті. Бұл кісінің әртүрлі қызмет саласындағы атқарған игі істерін жұрт біледі, мен тек адамгершілігі мен адами қасиеті жайында сөз қозғағым келіп отыр. Біз бұл Әбдікәрімовтер отбасымен 1962 жылдың көктемінен бастап етене араласып, тіпті туыстай болып кеттік десе де болады. Қарындасы Жанатпен бір сыныпта оқыдық. Бекен ағамыз ешкімді алаламайтын еді, бәрімізді туған қарындасындай қанатының астына алатын. Ауылдың алты жасар баласы атқа шапса, тақымын қысатын және дереу баспасөз бетіне жариялап, балаша қуанатын еді. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін бірнеше кітап жазды. Бірін жазып біткенде, екіншісін бастап жатты, тым асығыс еді...



Сонау Ұлы Отан соғысына қатысқан Абыралы өлкесінің азаматтарынан бастап, кешегі күнге дейін өткен қарапайым тұрғындарын, еңбек адамдарын ұлықтап өтті. Негізінде әрбір адам жеке тұлға, бір-біріне ешқашан ұқсамайды және әр адамның бойында бір-біріне қарама-қайшы қос қасиеті қатар жүретіні тағы бар. Біздің Бекен ағамыз гүлге қонған арадай, сол адамдардың тек жақсы жақтарын көңілге түйді, кейінгіге үлгі тұтты. Бұл да бір кез келген адамның маңдайына бұйыра бермейтін ұлы қасиет. Әр кітабында жерлестерінің бітім- болмысын даралап жазды. Қайнар елі шежіреге толы құт мекен, бүгін сол сарқылмас шежіренің шеті кетілгендей боп тұр, сіздің орныңыз әлі талай ойсырары анық.

Елден, жерден тамыр алған қасиеттің күші ме екен, бұрынғы өткен ғұламалары бір төбе болса, қазіргі дүниені дүр сілкілтіп жүрген білімді жастары қаншама десеңізші! Сондай талантты жастардың игі істеріне балаша қуанып, жаһанға жар сала шаттана жазатын еді. Қара жерге тау тұлғанызды кимасақ та, шарасыздықтан хош, аға деп отбасыңызға көңіл айтамыз. Жаныңыз Жаратқанның жақсылығына бөленсін.

Гүлбану ОСПАНОВА

**БЕЙБІТБЕКТИҢ ҚАЗАСЫНА**

Атың өшкір атом тағы салды ауыз,  
Бізге біткен ең сұрқия жалмауыз.  
Қырық жылғы қиянатын қоймады,  
Қырық жылдай айналған соң қойға біз.

Уыс-уыс у жұтқан соң туғалы,  
Халқымыздың таусылған жоқ мұн-зары!  
«Рак» деген білінбейтін дертпенен,  
Сен де болдың полигонның құрбаны.

«Қайнар» десе қан ойнақтап басында,  
Дайын едің ағыл-тегіл тасуға.

«Қарауылды» қарт анам деп білуші ең,  
Қанатына алғаннан соң жасында.

Журналист ең жүйткіп жүрген қаламы,  
Жырға қосып дала менен қаланы.  
Қас-қағымда сенің кетіп қалғаның,  
Қыр арқамнан қылыш ұшын қадады.

Қайран Бекен, қайран менің бауырым,  
Қалай қидың мына өмірдің жарығын!?  
Жырға толып жүруші еді айналаң,  
Нұрға толсын жатқан енді қабірің!

Төлеген ЖАНҒАЛИЕВ

Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін 1976 жылы бітірген курстастары танымал қаламагер, Абай ауданының көркеюіне елеулі үлес қосқан азамат

**Бейбітбек Нығметұлы Әбдікәрімовтің**

дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, ағайын-туыстарына қайғырып көңіл айтамыз.

**Курстастары атынан Байбота, Қараша,  
Темірхан, Ғалия, Ғайнижамал**

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Қайырбек Шағырға анасы


**Мәсура ӘЗІМБАЙҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Бағдат Мүбәраққа анасы

**Мереке ҒАЛЫҚЫЗЫНЫҢ**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Еркін ЖАППАСҰЛЫ

Туған-туыс, жақын-жұрағаттардың бір-ақ күнде басы қосылып, түс-түсқа телефон соғысып, жеделхаттар жолдасып, аяқ астынан ошақ басы абыр-сабыр болды да қалды. Әншейінде «аһлап», «уһлеп», трактормен тартқандай әзер қимылдайтын қарт әкем де құнжың қағып, аяғы-аяғына тимей безектеп жүр.

Тапсырма берілген соң, оны орындау – міндет. Ертенінде «қарындырақ» «папкамды» қолтығыма кампита қысып, тұтынушылар одағына бас сұқтым.

Қалыпты қабақпен қарсы алған бастыққа газет қызметкері екенімді де ескерте қойдым. Тұтынушылар қоғамының жұмысы жайлы мақтап жазған материалымның газеттің өткен санында жарияланғанын да құлақ-қағыс ете отырып, «айран сұрай кеп, шелегіңді жасырма» дегендей, аздаған бұйымтайымды да суыртпақтадым.

Басекен мақұлдағандай сыңай танытып, «шампан деген діфесіт» деп, хатшы қызға қосып, қарсы есіктегі орынбасарына қарай жетектетіп жіберді.

Бұл шаңырақ астында ісім оңға басқандай болды. Орынбасар орталық азық-

орынбасардың тілдей қағазын оның бармағының астына қыса қойдым.

Тікенек кірпігін бір жыпылықтатып алды да, ол:

– Осы қағазыңыздың бір бұрышына қойма меңгерушісі ағайдың бармағын бастырта қойыңыз, – деді иненің көзінен өтердей жылпылдатып.

– айтқан.

– Ағай, мына жігіт газет қызметкері еді, ептеп бесеу-алтау болса да...

– Е, болса қайтейін, басқа басшылар бітіп, сия жұтып, қағаз кеміргендер қалып па? Қарай гөр бұларды! – деп қаңтардай қақап, қатулана бастады.



# АҚҚАЙНАР КӨҢІЛ-АЙ

Әуірімде тұтқиылдан болған мәресеренің байыбына бара алмасам да, бір қуаныштың ұштығын сезіп, бүйрегім бүлк ете қалды.

Сөйтсем, тетелес ағайым ауылдың ныспысы танымал біреуінің «тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған» сылқымымен «десіп» қойыпты. Қашан да құлақтары түріңкі үлкендер жағы «бәрекелдіге» басып, бір кеште-ақ құйрық-бауыр жесіп те үлгеріпті.

Ендігі абыр-дүбір атаулы жақын арада өткізілетін той-томалақтың жабдықтары маңында екен. Әркімге бекітіліп берілген тапсырмалардың ішінен менің еншіме тигені ауылды жерде құлаққа таныс, көзге жат «Аққайнар» шарабын табу болды.

түлік дүкенінің меңгерушісіне бұйыра жазып «жолдама» берді. Дүкенге бармас бұрын, жұмыс кабинетіме келіп, үлкен жеңгем салмақтана телефон соқтым, яғни аққошқардың мүйізіндей иіріле атылған көбік сусыннан теңіз жасап, көңіл кемелерімен жүздіретінімді желпіне баяндадым.

Аяғымды нығарлай басып, жазу үстелін екі айналғанша болмай, жеңгем де жетіп келді. Қосарлана қолтықтасып, дүкенге тарттық.

Табалдырықтан аттай бергенімізде, желке шашы шолтиған, домалақ бет, сары қыз алдымыздан көлденең шықты. Дүкен меңгерушісін сұрай беріп едік:

– Мен болам, қайтейін деп едіңіздер!? – деп суырдың «айғырынша» шақ ете қалды. Көпшілік көзін ала бере

– Бастықтың өзі жіберіп тұрғанда қайтер дейсің, қарындас, – дей беріп едім:

– Жо-жоқ, ол кісі қатал адам, ұрсады, – деп сөзін шорт қайырып, қабағын тырыстырды.

Салып ұрып оған да бардым.

– Мұндай шараптар біткен, қазір жоқ, былайша айтқанда, «дипесіт»... – деді қоймашы ағай қағазға қарар-қарамастан.

– Ағай, бастықтар рұқсат етті ғой.

– Өздері тауып берсін, бар! – деп сүзеген бұқаша күжірейе қалды.

Мысым құрып, бастықтың есігін тағы қақтым.

– Сен барып, дұрыстап түсіндірші. Мінезі сондай кикарлау адам. Жайын таппаса, жай адамдарды менсіне бермейді, – деп қосып берген тауар сұрыптаушы қызды қолтықтап алып, «қатал» ағайға қайта оралдым.

Қойманың қожасы табалдырықтан аттағаннан-ақ қасы-көзі қиылған қасымдағы бикештің өз аман-саулығын сұраудан бастап, үй-жай, қора-қопсы, мал-жанына дейін жіпке тізгендей түгендеп шықты. Бұйымтайды сұрауға келгенде бүгежектей берді. «Аққайнардың» жайы құлағына шың ете қалғанда ағайдың жайдары жүзін бұлт торлап, қабағынан күн күркіреп, ауа райы бұзылып сала берді.

– Кәкеннің келіні босанып, Әбекеннің Сәбирасы күйеуге кеткелі жатыр. Жаңа айттым ғой жоқ деп. Айтқаным

– Ғафу етерсіз, ағай! Біреудің арына тиіп қайтесіз? Айттарыңызды маған айтыңыз, – дедім орға түскен еліктің лағындай жаутандап, екі көзі жасаурап, бір-ақ уыс боп бүрісіп қалған қарындасты аяп.

– Қалқам, қыстырылма құйысқанға, бар, қаламың мен қағазынды кемір. Мына үстел мен орындық әзірше менің билігімде, – дей бергеннен-ақ, арғысын тындауға дәтім шыдамай, екі «қаудырлақты» басып алып, есіктен тысқа қарай «Аққайнардың» тығынынша бір-ақ атылдым. Өтіп бара жатып терезеден көз тастап едім, қалыбынан аса тасыған, шайқалған қымырандай әлі көпіршіп жатыр екен.

Күте-күте күнге қақталған жеңгем қарсы жолығып, үмітімнің үзіліп шыққанын өңімнен айтқызбай-ақ аңғарды.

– Енді сен күте тұр, қайным. Мен қазір... – деді де, қолымдағы «рұқсат» қағазды алып, әлгі есікке кіріп, жоқ болды.

Шай шығарым уақыттан кейін сумкасын сықита толтырып қайта оралған ол:

– Шампандық шамасы болмаған қызметің құрысын, мә, көтер мынаны, – деп өгізге жүк артқандай бөтелкелерді арқалата салды.

Соңын бақсам, ақылды жеңгем қоймашы ағайдың үйіндегі жеңгейге «тандай жібітерге» жиырма сом, балаларға мөлмеңсиге он сомды орынбасардың берген тілдей қолхатына орап ұстата қойған екен.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ – ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Индекс 65353

Редакторлар кеңесінің төрағасы  
**Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор  
**Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары  
**Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:

**АЙТҚОЖИНА** Марфуға,  
**ӘБДІҚҰЛЫ** Төлен,  
**БАҚТЫГЕРЕЕВА** Ақұштап,  
**ЕЛУБАЙ** Смағұл,  
**ИРАН-ҒАЙЫП**,  
**КӨПІШ** Әшірбек,  
**ҚАБЫШҰЛЫ** Ғаббас,  
**ҚАНАЗ** Молдахмет,  
**ҚОШЫМ-НОҒАЙ** Байбота,  
**НҰРЖЕКЕ-ҰЛЫ** Бексұлтан,  
**НҰРМАҒАНБЕТОВ** Тынымбай,  
**ОРАЗАЛИН** Нұрлан,  
**СЕГІЗБАЕВ** Кәдірбек,  
**СЕЙСЕНБАЕВ** Роллан,  
**СМАТАЕВ** Софы,  
**ШАХАНОВ** Мұхтар,  
**ЫСҚАҚБАЙ** Марал

Жауапты хатшы  
**Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі:  
**Еркін ЖАППАСҰЛЫ**

Мәдениет және руханият бөлімі:  
**Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі:  
**Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ**  
**Жүніс ОМАР**

Art-редактор  
**Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі  
**Данияр ҚАБА**

Терімші  
**Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар:  
**Айнаш ӨЛДИБЕК**,  
**Гүлбану ЕРКІН**

**Меншікті тілшілер:**  
Астана қаласы,  
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,  
Қарағанды, Ұлытау облыстары

**Айтбай СӘУЛЕБЕК**,  
Алматы облысы

**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ**  
Абай облысы

**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ**  
Ақтөбе облысы

**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ**  
Атырау облысы

**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**  
Батыс Қазақстан облысы

**Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН**  
Жамбыл облысы

**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ**  
Жетісу облысы

**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**  
Қостанай облысы

**Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ**  
Қызылорда облысы

**Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА**  
Маңғыстау облысы

**Сағындық РЗАХМЕТ**  
Павлодар облысы

**Серік ЕЛІКБАЙ**  
Түркістан облысы

**Айдар СЕЙДӨЗІМ**  
Шығыс Қазақстан облысы

**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ**  
Шымкент қаласы

**Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ**

Кезекші:  
**Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**  
**8 (727) 272-88-17**  
**e-mail:**  
Kazakh\_adebiety@mail.ru

**Мекенжайымыз:**  
050009. Алматы қаласы,  
Абылай хан даңғылы,  
105-үй. 3-қабат.

Таралымы 15 000. Тапсырыс 895

Газетте жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер ғаламтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.  
**Газет** Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г куәлігі берілген.  
**Газет** «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. Оффсеттік басылм.  
**Газет** материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.